ДОРОГОЙ ШЕРХАН МУРТАЗАЕВ!

Как известно, в октябре сего года отмечается 60-летие Узбекской ССР и Компартии Узбекистана. В связи с этим наша газета открыла рубрику «Слово друзей» и начала публиковать материалы под этой рубрикой.

Вы много бывали в наших краях, дружили с хорошими людьми, учеными, писателями, хлопкоробами. И было бы очень приятно нашим читателям прочитать Ваш рассказ, пусть небольшой, или воспоминание, или просто дружеское слово (или стихотворение) о нашей республике и ее людях.

Думается, что это послужило бы благородному делу дружбы народов.

Заранее благодарю за материал.

**С дружеским приветом,
главный редактор газеты А.ЯКУБОВ**



12.11.1984 г.

Казань

Здравствуйте, дорогой Шерхан!

Высылаю Вам обещанную книгу – исторический роман Н.Фаттаха «Свистящие стрелы». Это его второй роман на историческую тему. Первый называется «Итил суы ака торур» (Итиль – река течет). События в нем происходят в 920-923 годах. Остросюжетный,

захватывающий роман. Кроме того, на историческую тему он написал еще трагедию «Кол Гали» - об авторе древней поэмы «Кыссан Юсуф».

Я недавно закончил развернутую статью о его творчестве. Если надумаете перевести «Свистящие стрелы» и издать книгу, могу дать послесловие к роману.

Желаем Вам новых творческих успехов.

С искренним уважением Фарит Хатилов



17.06.1985 г.

Хөрмәтле Шерхан туган!

Еще раз прошу принять мою глубокую благодарность, за внимание к моей персоне, родному Казахстану. Бурные для меня дни прошли. Были они не только радостные, но и трудные. Одно из них было связано с вступлением в силу закона по борьбе с алкоголизмом. Банкет организовать отказали, под угрозой наказания. В целом все прошло в норме. Телеграмма Союза писателей от имени дорогого мне Олжаса была прочитана вторым и сопровождалась с одеванием на меня казахского национального халата. Тюбитейки, что вызвало бурю оваций. То же самое произошло, когда было высказано имя Олжаса.

Были гости из Москвы, Уфы, Ленинграда, из районов республики, телеграммы из многих концов страны, в т.ч. от академика А.Н.Кононова, зам. Министра культуры СССР, от директора Гос. библиотеки СССР им.Ленина, от Л.Н.Гумилева и т.д. Кое-что печатала обо мне и местная пресса, ожидается такое и в Москве, Баку. Посылаю два

экземпляра «Советской Татарий» и I экземпляр «Соц. Татарстан», один экземпляр, если считаете нужным, передайте Олжасу.

Огромное спасибо Вам, Олжасу, казахским моим друзьям.

Ваш Эбрар Кәримуллин



16.09.1986 г.

Шерхан туған!

Я давно собирался писать тебе. Но в нашем здании начали ремонт. А там такой беспорядок, пришлось бросить все святое и бегать по грешным инстанциям. Пожалуйста, извини.

Во-первых, твоя газета уделила очень большое внимание нашему театру и лично мне, братское спасибо тебе за это.

Во-вторых, Надиба с огромной благодарностью говорила о твоей заботе. За это еще раз спасибо.

Я вообще удивляюсь тебе: ты всегда находишь душевную теплоту, внимание. В этом отношении я стараюсь учиться у тебя, но не всегда получается. Видимо, мы что-то забыли...

Ну ладно, буду утешать себя тем, что впереди еще много хорошей жизни. Большущий привет домашним.

**До свидания, Шерхан.
С огромным уважением
Т. Миннуллин**



Шерхан туғаным!

Спасибо за письмо.

Сегодня получил твою газету за 29 октября, где опубликован указ Президиума Верховного Совета Каз ССР. Завидовал товарищам эстонцам. Мы здесь взаперти сидим. То ли наш союз нерасторопен, то ли нас не хотят видеть. Вообще, как то обособленно. В последнее время совсем теряем связи.

А газету ты хорошую издаешь. Очень интересные критические статьи, обсуждения той или иной проблемы. Интересные рассказы появляются. Спасибо этой газете, хотя через нее удастся следить за вашим литературным процессом.

Спасибо за рассказ, прошу присылать. К сожалению, на татарском языке ни одной книги не оказалось. На русском, в не очень хорошем переводе, вышла вот такая вот брошюра. Я там отметил, если заинтересует - приятно, если нет – нисколько не обижусь. Честное слово. За газету отвечаешь ты, поставить тебя своим несовершенным рассказом в неудобное положение не хочу. Желаю тебе всего наилучшего.

М.ТУФАН



27.06.1988 г
г.Алма-Ата
Коммунистический проспект, 10
Редакция газеты «Казах Адебиеты»
Муртазаеву Шерхану

Дорогой Шерхан!

Пьесу получил, прочел. Мне она по душе. Хотя сейчас много пишут о Сталине и сталинизме, но – в разрезе национальных проблем по-моему, это одна из первых серьезных попыток осмыслить, почему мы так далеко отошли от ленинского понимания национального вопроса, почему чуть-ли не олицетворением дружбы народов стал человек, предавший свой род, свои песни, свой язык, почему я, украинец, не имею возможности (и права!) послушать в средней школе г.Ералаева не полнорусские или украинские песни, но прежде всего - казахские. А так ведь было. И, конечно, же не потому, что ребята не хотели или не умели их петь, а потому, что местные начальнички (в основном-приезжие) посчитали это необязательным делом. Прошу прощения, что я вспомнил об этом эпизоде: просто, чтобы подчеркнуть, что проблемы эти у нас общие. Сколько украинцев игнорируют украинский язык только потому, что многие десятилетия им внушали, что он бесперспективен, как и наши многострадальные деревни и хутора. «Мой адрес - не дом и не улица...»

В пьесе Вашей, Шерхан, хотя и говорится об истории (полной трагизма) Казахстана, но я узнаю в ней родную Украину, голодовку в 30-х, судьбу многих украинских большевиков, попавших под сталинские жернова...

Именно поэтому считаю, что она должна увидеть

украинскую сцену. Правда, решают это сейчас театры самостоятельно. Я дам почитать пьесу главрежу нашего укр. театра им Т. Г. Шевченко, попробую его убедить.

Хочу объяснить, почему опоздал с этим письмом. С первого июня я 20 дней служил в армии - был на учебных сборах. И только теперь, после их окончания, сел за письмо.

Желаю всего доброго.

Сердечно
АНАТОЛИЙ ПЕРЕРВА



27.07.1989 г.

Дорогой Шерхан!

Вот посылаю Тебе из своих архивов газету и фото. На память.

Пьесу включают в один солидный сборник – Тебе должны были звонить. Пока, к сожалению, не получается с постановкой в каком-то театре. Может, следовало бы поднять этот вопрос во время предстоящих Дней у нас в Казахстане...

Маленькая Каламкас живет и помнит.

Обнимаю тебя. Петропервый



08.10.1992 г.

**Господину Муртазаеву,
Председателю госкомитета телевидения и
радиовещания**

Многоуважаемый господин Муртазаев!

С удовольствием извещаю Вас, что Его Превосходительство господин Р.Л.Бхатия, Государственный Министр Иностранных Дел Правительства Индии, нанесет первый со дня установления дипломатических отношений между двумя государствами визит в Казахстан на уровне министров. В честь визита Министра я даю прием в гостинице «Достык» (ул. Курмангазы) на 4 этаже, с 13.00 до 14.30 в пятницу, 16 октября. Для меня будет большой честью видеть Вас на этом приеме. Прием будет дан сразу же по подписании Соглашения о создании объединенной комиссии по экономическому сотрудничеству, Соглашения о техническом сотрудничестве и Программы культурного обмена, которые ознаменуют начало практического сотрудничества между двумя государствами в этих областях.

Таким образом, прием отмечает столь важное событие как укрепление связей между дружественными народами Индии и Казахстана.

С нетерпением жду Вас на приеме, чтобы представить Вас господину Министру и членам его делегации.

**С уважением
Камалеш Шарма, посол Индии**



06.05.1993 г.

**Господину Муртазаеву,
Председателю Казахской государственной
телерадиокомпании РК**

Премьер-Министр Индии Его Превосходительство П.В.Нарасимха Рао посетит Алматы 25-26 мая. Это первый визит индийского Премьер-Министра в независимый Казахстан, который является историческим событием.

В связи с этим визитом у меня к Вам две просьбы, с которыми Вы, я думаю, согласитесь.

Мы очень оценили бы, если беседа с Премьер-Министром могла бы транслироваться по телевидению. Для этой беседы выделено полчаса времени в программе на среду, 26 мая в 09.00 час. В резиденции № 1 (где разместится Премьер-Министр с его делегацией). Мы надеемся, что это предложение приемлемо. Если это так, мы любезно просим Вас вести лично эту беседу. После интервью мы планируем встречу с десятью избранными персонами, которые внесли вклад в отношения между Индией и Казахстаном. Мы были бы очень рады, если бы Вы стали участником этой встречи с Премьер-Министром. Предполагаемое время этой встречи – 09.45 час.

Мы искренне надеемся, что Вы будете участвовать и в этой встрече тоже.

Расчитываю обсудить эти вопросы с Вами лично на встрече 7 мая.

**С уважением
Камалеш Шарма, посол Индии**



Уважаемый товарищ Муртазаев!

Пишет Вам председатель литературного клуба города Ленинграда. В нашем клубе проходят семинары по творчеству известных писателей крупнейших городов СССР. Скоро (17 февраля) у нас пройдет семинар по творчеству алма-атинских прозаиков. Мы обратились за советом в правление Союза писателей Казахской ССР. В числе имен наиболее интересных прозаиков нам назвали и Ваше имя. Мы просим Вас написать подробнее о Вашем творчестве. Расскажите побольше о Ваших книгах и напишите о Вашей жизни. Если есть возможность, пришлите, пожалуйста, Вашу книгу. Она займет достойное место в нашей выставке книг. Дело в том, что при нашем клубе есть библиотека и очень хотелось бы иметь в ней Вашу книгу. Мы с нетерпением будем ждать Вашего ответа. Заранее Вам благодарны. Надеемся наладить с Вами переписку.

С уважением председатель клуба

Явшиц Тамара Ивановна

Пишите по адресу:

195279 г. Ленинград, пр.Ударников, д 27/1, кв. 44



***Шалгайдан сәлем
жолдаймын***



13.09.1950 ж.

Шерхан!

Қалай есен-сау ойнап-күліп, күнделікті сабағыңды «отлично» деген бағамен оқып жүрген боларсың? Солай болуыңа минут сайын бір Алладан тілектестігімді осы хат арқылы білдіремін.

Ал Шереке! Ауылдан амандық сұрасаң, тегіс үлкен-кіші демей аманшылықта. Бірақ өзіңе жолыға алмай қалғанымызға аздап қападамыз. Бізден болды ма, жоқ сенен болды ма, әйтеуір жолыға алмадық. Сенің Алма-атадан ұрған телеграммаңды 20/VIII күні алып, 21/VIII күні поезд тостық, ол күні Жамбылға түсіп қалыпсың. 23/VIII күні тостық, сол күні өтемін депсің, 23/VII күні және тостық, бұл күні және өтпедің. Содан соң анаңды қайтарып, мен өзім 54-пен Жамбылға кеттім. Сол жерден табармын деп, мен де 106-разъезге барғанда өз жағынан московский зу етіп өте шықты. Осында кетті ғой деп өкініп, Жамбылға барып түстім. Ағам Төленнің үйіне барсам, ол тамын да дұрыс айтпаған екен, үйінің қайда екенін білмедім. Содан Жамбыл мектебіне барып, директорына кіріп сұрадым. Ол кісі түндегі поезбен, 2 қазақ қызымен үшеуін жөнелттім деді. Ары өкініп, бері өкініп ауылға келдім. Міне осындай жағдаймен сізге жолыға алмай қалдық, бұған қапа болмай-ақ.

Ал енді өзара жағдайға келейік. Салған хатыңды алдық, сол хатқа лайық хат салынды және анаң 400 сом мен 100 сом, барлығы 500 сом ақша салдым срочный телеграммамен. 13/IX күні бұл ақшаны почтаның айтуы бойынша, сол күні алған шығарсың. Паселкені де салғалы жатырмыз, ақшаны молырақ салуға сәл жағдай тарлау болып қалды. Себебі, жеңгенді кіргізген едім,

содан қаражаттан аздап шаршап тұрған кез еді.

Саған ендігі айтар сөз, осы хат барысымен жағдайыңды айтып және оқуың қандай, осы жағын түсіндіріп хат сал...

Ағаң Машан



09.03.1951 ж.

Амандық хат!

Аса ардақты, артық көруші Шерхан, қалай аман, сау-саламатсың ба? Қалай міндетті қызметіңді ойдағыдай атқарып жатқан боларсың. Сенің солай болуыңа мен бір Жаратушы Алладан тілектес екенімді осы хатты алып білетін шығарсың.

Шерхан, қалай екеніңді білмедім, я араз, болмаса тіпті ескермейтініңді білмедім. Себебі, сенің қайда жүріп, қайда оқитыныңды білмеуші едім. Жақында естідім. Себебі, біздің колхозымыз қосылып, сонан отчет беріп, сонан сол Каганович колхозында сол бұрынғы қызметімізде тұрып қалып, ауылға да Евгеньевкаға айында ғана барып, ауыл арасындағы жаңалықтарды естігенім болмаса, көрмеймін.

Жағдай осылай.

Қыс өте қатты болды. Оған себеп, бір айға, февраль 760 қой, 47 сиыр, 39 жылқы деді ғой. Бұл колхоз жағдайы. Ал колхозшылардың жағдайы: шөп, отын жоқ, үй суық. Суық қатты, күші 45 градусқа жетті. Ал енді осы 10 марттан 24 мартқа дейін 18 градустан 25 градусқа дейін жылылық болып, наваднение болатын қауіптің бар екендігіне прогноз жасап отыр.

Шамалап болады ғой деймін, өйткені айтқаны сағатында болып тұрушы еді ғой. Қазір қардың қалыңдығы 89 см. Бұл қоспа көбейту емес.

Бүгін қар ереді. Жүруге мүмкіндік шамалы болып тұр. Шерхан, мінезің сәл шатақтау болады ау деймін, себебі хат жазбайсың. Төлендерден хат алып тұрасың ба? Маған адресін салып жібер.

Мен ешқандай хабар білмеймін.

Жақсы, оқы, оқы және оқы.

Менің саған жәрдем еткенім сол, анаңа жыл аяғында 100 еңбеккүн қостым. Ол 200 кг. бидай.

Қызмет істеген болып жатырмыз. Денсаулық жоқтан бар ғой, шырағым.

Енді қалғаны болса, сенен хат алған соң толығырақ жазармын.

Жағдайды, оқуды, оқудың негізгі мақсатын айтып хат жазарсың және де барысын да хабарларсың.

Оқу орысша жүретін шығар, өйткені қазақтан жырақ қой.

Хош, күтемін хат.

Ағаң Өскенбай Д.

Бала-шаға, кемпір-кешектер шүкір, саламат-сау. Хат жаз, күтемін.



24.09. 1972 ж
Шаян

Шерхан!

Саламат-саушылықта көңіл хош жүріп жатқан боларсыңдар. Келін, Алмашка, Батыржан жігіт ойнап-күліп, бірі қызмет, бірі оқуында жүрген болар. Тілеулеспіз.

Алматыдан келген бетте Шымкенттегі «Знания» кітап магазинінен кітабыңның бұзылмаған екі пачкесін тауып алып, жібергенмін. Бір пачкесінен он шақтысы ғана қалыпты, оны сатушы қарындас қалдырыңыз деп тілек айтқасын қозғамадым. Кітап үйінде таусылып кетіпті. Темірланда да қалмапты. Түркістан, Кентау жағымен хабарласа алмай жүрмін. Ол жақта бар болса тағы да жіберермін.

Бізде амандықтан өзге айтарлықтай жаңалық жоқ. Баяғы шаруада жүріп жатырмыз. Әбекеңнің үй-іші аман-сау. Ол үйдегі жеңешен баяғы қалпы, маң-маң басып жүріп жатыр. Өткен аптада Қазақ хим-технол. институтін бітірген екінші қызы Күләш қарындасымызды той ғып ұзаттық. (Құдалар Кентау жағынан). Күләштің өзі сол институтта оқытушы.

Бүгін «Қазақ әдебиетінен» бір әдемі әңгіменді қызығып оқыдым. Жексембілік демалысында қаладан келген студент қарындасың Гүлсара да оқып шықты. Жүрегінде соғыстың жазылмас жарасы қалған әйел өмірінің терең ішкі құбылысы қаз-қалпында кішкене ғана қағаз бетіне сиып кетіпті. Қатты ойланып, әңгімеңе риза боп қалдым.

Биылғы демалысқа осы октябрьдің басында шығатын сияқтымын. Минерал сулардың біріне барып қайтқым бар. Ноябрьде оралармын. Ноябрь сәті түссе оңтүстікте шыбынсыз жаз ғой. Уақытың, мүмкіндігің болса, ноябрьдің ішінде елді аралап, жон өлкесіне біраз саяхаттап қайтқаның дұрыс. Ол жағын ойластыра жүрерсіз, кезінде хабарласармыз.

**Тілектестік сәлеммен
Еркінбек**

P.S. Шаянда телефондар автоматтанып кеткен
Үйдікі – 91-0-53. Қызметте – 91-1-01



Ш. Муртазаев
«Седая невестка»
повести и рассказы
(на казахском языке)
издательство «Жазушы»,
Алма-Ата, 1972

Шерхан Муртазаев – глубоко национальный писатель. Национальное у казахского писателя проступает во внутреннем духе произведений. Ш.Муртазаев в настоящее время живет в городе, он редактирует самый толстый литературный журнал в республике «Жулдыз» («Звезда»). Но почти все его рассказы, новеллы и повести посвящены жизни молодежи аула, их трудам и помыслам. В 1964 году вышла его повесть «Найденное море», за ним последовали «Молнии безоблачных дней», «Сын неизвестного солдата» и др. В этих произведениях писателя бьется пульс времени, жизнь родного народа становится его личной жизнью.

Шерхан Муртазаев принадлежит к талантливой плеяде казахских бытописателей шестидесятых годов. Автор зорок, внимателен даже к малейшим деталям повседневного быта. От рассказа к рассказу, от книги к книге крепнет своеобразный талант казахского автора.

Ему есть о чем рассказать. Он как журналист много ездит, наблюдает и пишет с большой любовью о простых людях, тружениках казахского аула. Жадность к жизни, к людям приносит в творчестве Ш.Муртазаева весьма хорошие результаты. В рассказах автора бьется большое сердце нашего современника - строителя коммунизма.

Герои Ш.Муртазаева немногословны, у них точная речь, точные жесты и они своими благородными действиями надолго остаются в памяти читателя. Отрицательные персонажи писателя учат как надо жить, действовать, думать. Живы и достоверны чабаны,

учителя, доярки, табунщики, колхозники казахского прозаика. Все образы взяты писателем из гущи самой жизни и они живут самостоятельно на страницах книг Шерхана Муртазаева. Писателю чужда экзотика, дорого дыхание жизни, запах степных трав и пение степных соловьев.

Рассказы, которые составляют книгу «Седая невестка» подкупают прежде всего правдивостью и простотой, серьезностью и глубиной поставленных проблем. Шерхан не ставит целью поражать читателя, а вводит в суть, и этим оправдываются надежды читателей.

Казахский новеллист умеет хорошо раскрывать внутренний мир героев в таких рассказах, как «Ливень», «Долгая командировка», «Где спят гайки» и др. Автор ярко проявляет творческие возможности простого человека, углубленно исследует действительность, мысли и стремления действующих лиц. Выразителен, точен и сочен язык писателя, а это самое главное.

Ш.Муртазаев в своем творчестве умело использует лучшие традиции казахской реалистической прозы, где он показал свое творческое лицо, как хорошего компилятора жизненной действительности. С мягким лиризмом, с особенной душевной теплотой рассказывает писатель о самых разных вещах. Каждая деталь у Ш.Муртазаева достоверна, отработана и стоит на месте. Автор на волнующие его сердце людей, предметы, явления жизни смотрит глазами любви, мысли. Это очень необходимое качество каждому писателю. Без любви нет искусства.

Проза Ш.Муртазаева отличается спокойной манерой письма, тонким психологизмом. Жаль, что всесоюзный читатель еще не знает самобытного казахского прозаика, получившего широкое признание среди казахских читателей.

Повесть автора «Седая невестка» еще раз свидетельствует о том, что у Шерхана есть внутренняя подготовка к созданию крупных полотен. Писатель в этой повести, как и в своих предыдущих рассказах, успешно

продолжает поиски в раскрытии внутреннего мира нашего современника. Высокая нравственная чистота, самоотверженный труд и любовь, борьба за человека, ответственность перед нашим обществом и временем присущи героям книги «Седая невестка» Ш.Муртазаева.

Естественность, простота, углубление в жизнь простых людей, открытие социальных глубин свойственны рассказам и повестям Ш.Муртазаева. Автор говорит полнее и убедительнее о ком он пишет, и его произведения созданы на одном дыхании. Такое впечатление оставляет повесть «Седая невестка».

Казахский прозаик увлеченно рассказывает о духовном и нравственном опыте своих героев и тем обогащает своего читателя. Писатель восхищается, гордится человеком, его делами и мыслями.

Автор в повести «Война без винтовок» по-своему осмысливает тему войны, находит свое художественное решение. Автор убедительно говорит о подвигах простых людей на трудовом фронте. Орак, единственный сын старика Матая, отдал свою жизнь за Родину. Молодая вдова Орака осталась с сыном Аскербекком, который родился после ухода отца на фронт. От горя состарилась мать храброго солдата Арай, но не сдалась духом. Она вдохновляет на высокий труд людей казахского аула. Колхозники переживают тяжелые дни войны, и они трудятся днем и ночью, чтобы победить врага. И они с честью выдержали это трудное испытание временем.

Первым с фронта тяжелораненным вернулся Тутан. Это было большое событие для маленького аула. Все спрашивают у него о своих сыновьях, братьев, отцах. Не встретил, не видел ли он там их на войне. Тутан впоследствии становится учителем. Убедительно и выразительно написан образ этого сильного, неутомимого человека. Мамай, отец Орака, одна из центральных фигур повести, подкупает естественностью, правдивостью. Арай, Мамай, Тутан как основные персонажи повести являются истинными народными характерами. Они и есть

корни народа, молодые Тотия, Нурперзент, Айзада и др. - ветви этих корней. Одно является продолжением другого. Показать мужество, стойкость родного народа - главная цель казахского писателя. Обстоятельно и выразительно написаны положительные образы этой повести.

Несомненно, «Война без винтовок» относится к лучшим достижениям прозы Ш.Муртазаева. Его рассказы «Та осень», «Девушка и верблюжонок», «Тайна сфинкса» укрепляют успех писателя.

«Женщина 41 года» самый лаконичный рассказ в этой книге, но она вмещает много мыслей. Через сон вдовы Хадишы автор драматично и эмоционально сумел передать тяжелую жизнь женщины, потерявшую любимого человека на Великой Отечественной войне. Монолог этой уже старой женщины во сне с погибшим мужем Максутом слышится как реквием матерей против всякой войны на земле.

У казахского писателя всегда присутствует свое писательское решение. Автор искренне переживает вместе со своими персонажами, улавливает самое главное в характере людей, ничего не приукрашивает, а мастерски повествует о жизни и делах своих героев. Книга Шерхана Муртазаева как одно из ярких произведений казахской прозы, представляет большой интерес для всесоюзного читателя.

У. Кумисбаев



08.10.1973ж
«Жұлдыз» журналының бас редакторы
Ш.Мұртазаев жолдасқа

Қадірлі Шереке!

Қарағанды мемлекеттік университетінің белді мұғалімдерінің бірі, қазақ әдебиеті кафедрасының доценті З.Жұмағалиев «Отты жылдар өрнегі» деген тақырыпта докторлық диссертация жазып бітіріп еді. Жұмыс биылғы март айында С.М.Киров атындағы университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының мәжілісінде талқыланған. Еңбектің таяу арада қорғалуына жарық көрген мақалалар көлемі жеткіліксіздеу боп тұр. Сіздің «Жұлдыздың» редакциясында ол кісінің 1-2 мақаласы жатқанға ұқсайды. Соның мүмкіндігі болса, тезірек басылып шығуына қол ұшын берсеңіз, жаңадан ашылған оқу орнына көрсеткен көмегіңіз деп біліп, көптен-көп рахмет айтар едік.

Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры,
профессор Букетов Е.А



08.04.1974 ж.
Москва қ.

Шерхан!

«Мылтықсыз майданды» сүйсініп оқып шықтым. Әңгімелеріңізді де. Әсіресе, «41-жылғы келіншек», «Нөсер» көңіліме жылы ұялап қалды. «Совписке» кітабыңыз жайлы құптама пікірімді апарып тапсырдым.

Иншалла, аржағы жаман болмас. Оқушыңыз ретінде хат жазып, хабарын айтып отырмын.

Творчестволық өрісіңізге тілектес Өтеген Күмісбаев.



**27.04.1974 ж.,
Шаян
Советская 25, редакция**

Шерхан!

Есен-сау астанаға оралып, қызметіңе кіріскен боларсың. Жолсапарың ойдағыдай өткен болар. Үй-іші, келін-балалар тегіс аман-сау шауып жүрген болар? Бәріне біздерден сәлем айтарсың.

Мұнда өзің көргендей есен-сау шаруамызда жүріп жатырмыз. Өзіңнен кейін сәуірдің жаңбыры молайып, тау да, ылди да ерекше жақсарып, бір тамаша көктем болып тұр. Осылай жалғаса берсе егін де, шабын да мол, берекелі жаз болар деп үміттеніп тұрмыз.

Біздің бала фотоларды шығарған еді, бір-біреуін жіберіп отырмын.

Ал енді мен амандық болса, осы алдағы июньнің 5-де Пятигорскіге баратын ойдамын. Сонда июльдің бас кезінде ораламын ғой. Сол кез біздің Қаратаудың әдемі, келісті кезі. Кеңірек, молырақ тау табиғатын көруге аса қолайлы кез. Сол июль, август, әрі кетсе, сентябрь кезі. Жоба, жоспарды қарастырып, хабарласарсың.

Ал енді өзіңнен кейін мен бар ықылас-ынтамды соғыс жылдарының табиғатына жұмсап жатырмын. Өзіңдегі «Сырлы қайың» деген тақырып ұнамсыз болса, «Жаралы киік» атты әңгіме де сол (повесть-әңгіме) жинағында бар. Екеуінің бірі жазылғаны дұрыс.

Бөтен өзге сөзім жоқ.
Бәріңді алдағы қат-қабат мейрам күндеріңмен құттықтап
сәлем жолдаушы - **Еркімбек**



20.12.1974 г.

Многоуважаемый товарищ Муртазаев!

Обращаюсь к Вам с просьбой. Посмотрите, пожалуйста, мою статью «Традиции и заветы советского литературоведения» в одиннадцатом номере «Вопросы литературы» за этот год. Не найдете ли Вы возможным перепечатать ее в руководимом Вами журнале на казахском языке?

Мне кажется, что она как цельная характеристика развития, достижений, традиций, ленинских заветов советского литературоведения и критика может быть полезной для всех читателей, интересующихся литературой.

Она написана к юбилею Академии, журналы продолжают отмечать его в этом году и, надеюсь, будут делать это в будущем году. Впрочем, статья моя не носит юбилейный характер (по содержанию и теме может представить интерес независимо от юбилея).

Я был бы рад, если бы мое мнение представилось Вам основательным.

С уважением М.Пархаменко



03.08.1974 ж.

Аса құрметті ШЕРАҒА!

Сау-саламатсыз ба? Хат арқылы сәлем берген бұл кім еді деп таңырқап та қаларсыз. Өзіңізді құрмет тұтатын, сеніміңізден самал жуатын, талантыңызға табынатын, сыртыңыздан сағынатын көп інііздің бірімін.

Аға, Сізге, Сіздің коллективке бір бұйымтайымыз бар еді. Қазір баспасөзге жазылу басталды ғой. Жылдан асып, «қаратабан» болған «Жезқазған туы» газетін 25 мыңға /бұрын 15 мың/ жеткізсек деген ой бар еді. Осы науқан үстінде оқырман қауымды көбейте түсетіндей газетімізді жан-жақты жарқырата көрсетсек деген жоспар жасап ек. Осы ретте «Жұлдызды» № 10 нөміріне қонаққа шақырсақ деген қолқамыз бар.

Әрине, журналдағы дүниенің бәрін беру мүмкін емес. Бізге бір бетке лайық туындылар болса дұрыс болар еді. Мәселен, бір қысқа әңгіме, не повестен үзінді, екі белгілі ақынның /суретімен/ өлеңдері, бір рецензия /көлемі 200-250 жол/ дегендей. Біз бұл бетті осы сентябрьдің 15-20 аралығында берсек деп ойлаймыз. Бұл бір жағынан біздің газетіміздің беделін көтерсе, екіншіден «Жұлдызды» да насихаттау болары сөзсіз. Ол материалдарды почтамен жіберсе, не баспасөз бабымен біздің облысқа командировкамен шыққан өз журналистеріңіз ала келсе де болады.

Асыға жауап күтеміз.

**Сәлеммен мәдениет және әдебиет бөлімінің
меңгерушісі
Сайлаухан Нәкенов**



05.11.1976 г.

Дорогой Шерхан Муртазаевич!

Пишет Вам Кармышева Нурания Халиловна, ст.научный сотрудник Института ботаники Казахской Академии Наук, а в прошлом научный сотрудник заповедника Аксу-Джабаглы, который граничит на востоке с долинами рек Аксай и Коксай.

В 1974 г. в №6 журнале «Простор» (№6) был опубликован великолепный рассказ «Аксай и Коксай». Своей яркостью, колоритностью и правдивостью он привел меня и семью мою в полное восхищение.

Суровой красотой и величием Коксая любовалась я и нынче в конце апреля (с экспедицией). Тогда у меня возникло желание послать Вам, в благодарность за рассказ, фото Коксая. Но, из-за плохой погоды снимки не получились. Решила послать снимки за прошлые годы.

Желаю Вам и семье Вашей доброго здоровья, счастья, а Вам творческих успехов. Поздравляю Вас и семью с праздником Великого Октября.

С приветом и уважением Н.Кармышева



17.01.1977 ж.,

Шаян

Шерхан!

«Қара маржанның» бірін Шымкенттен таптырып, төрт-бес кеште оқып шықтым.

Адамдар, азаматтар бейнесі келісті сюжетімен біртұтас өрілген, барынша жинақы, ықшам, сұлу мүсінді

боп дүниеге келгеніне қуандым.

Тұл табиғаттың ерке-сұлу перзенті–келісті Құжанның аянышты тағдыры жаратылыс еркіндігін қастерлейік деген адамдық ізгі тілекпен үндесіп жатыр.

Бұл тұста, сонау бір көктемде Бүркітті тауында келе жатқанда Мұхтар ағаның «Құралай жолы» туралы айтқан әдемі әңгімесін көз алдыма қайта әкелгендей әсерде отырдым.

Жай, қарапайым өмір өрнегінің баяу желпіністі, ұтқыр сөзбен өрілуі жазғы кеште жайлы қоңыр биікке бастай әкелгендей келісті-ақ.

Әлбетте, айдынды-ашық жазықта бауырды кең жазып көсілтіп кетер жерде тізгінді тарта ұстап, жайлы аяңнан жаңылмасқа бекінген тұстар «желпіністі желіске» құмарлау мені тықыршытып отырды.

Мен әрдайым: «Шығарма - ол жазушының өзі. Авторының өмір танымы, ішкі дүниесінің сәулесі» деген қағидаға бүтіндей, шүбәсіз берілген едім. Бұл жолы да сол ұғыныс–сенімім тереңдей түскендей халде отырмын.

Қалам ұшты, еңбегің өміршең бола бергей.

Сүйсінген, қуанған халде өзіңе осы бірер сөзімді жеткізуге асығып отырмын.

Ағалық сәлеммен Еркімбек.



№ 1-11/4726 от 27.02.1978 г.

Правление СП Казахстана
Секретарю тов.
Муртазаеву Ш.

Уважаемый Шерхан Муртазаевич!

Издательство дважды рецензировало рукопись тов. Ерназарова М.У. «Трудный переход», указывало на ее низкий художественный уровень и невозможность включения в темплан издательства художественной литературы. Работа тов. Ерназарова дважды возвращалась автору как непригодная к изданию.

Просим дать официальную оценку качества рукописи «Трудный переход» секцией или Советом по русской литературе. В настоящее время рукопись тов. Ерназарова М.У. находится у литконсультанта СП Казахстана тов. Ровенского Н.С.

С уважением

**Директор издательства
А.ЖУМАБАЕВ**



ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСАРАЛЫҚ БӨЛІМШЕСІ

12. 06. 1978 ж.

Қазақстан жазушылар одағы басқармасының
секретары Ш.Мұртазаев жолдасқа

Облысымыздың соңғы кездегі әдеби және қоғамдық өмірінен біраз хабар берейін.

1.Апрель және май айларында облыстың көп ұйымдарында КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Л.И.Брежнев жолдастың «Кіші жер» және «Қайта өркендеу» кітаптары жөнінде өткізілген конференцияларда мен сөз сөйледім. Облыстық партия комитетінде, облыстық әскери комиссариатында және дене шынықтыру техникумында өткізілген оқырмандардың конференцияларында сөз сөйледім. Сөзімізді жұртшылық ықыласпен тыңдады. Бұл мәселеде облыстық радио арқылы да мақалам берілді және мұндай бір мақалам облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде де жарияланды.

2. Қарағанды қаласының Жамбыл атындағы қазақ орта мектебінде Ленин комсомолының 60 жылдығына арналған жиналысқа қатысып, Қазақстан Комсомолының өткен жолынан бірқатар естеліктер айттым. Бұл жиналысқа жастар өмірінен бірталай кітап жазған Өтен Ахметов те қатысты.

3. Ленинград жазушыларының бір тобын /В.Торопыгин, В.Бахтин, Л.Гаврилов, А.Кушнер, А.Минчковский, С.Ласкин, А.Аквилов/ Қарағанды жұртшылығы зор ықыласпен қарсы алды. Жазушылар және Қазақстан жазушылар одағы басқармасының секретары О.Сүлейменов облыстық партия комитетінің бірінші секретары В.К.Акулинцев жолдастың

қабылдауында болды. Ленинградтық қонақтарға арналған қалалық жиналыс өтті. Мұнда қонақтарды және О.Сүлейменовты жұртшылық өкілдері қызу құттықтады. Меймандарды жергілікті жазушылар атынан облыстық жұртшылық уәкілдерімен қатар мен де құттықтадым. Ленинградтықтар Қарағанды мемлекеттік университетінде, «Қарағанды» шахтасында, Теміртау қаласында домна пешінде, конвертор және прокат цехтарында кездесулер өткізді. Мұның бәрі де өте мазмұнды және қызықты болып өтті. Ленинград жазушылары мен Қазақстан өмірінің байланысы жөнінде облыстық орыс және қазақ тіліндегі газеттерде менің мақалаларым жарияланды, мен телевизия мен радио арқылы да сөйледім. Мейман жазушылардың жұртшылықпен кездесулері облыстық газеттердің беттерінде кеңінен жазылды, телевизия және радио арқылы айтылып отырды.

4. Еліміздің жазушылар одағы ұйымдары жетекшілерінің апрельдің бас кезінде Москвада өткен Бүкілодақтық кеңесінің қорытындысы жайлы жазушылар одағының облыстық бөлімшесінде жергілікті әдебиетшілерге тиісті хабарлама жасалынды.

5. Осы жылғы июньнің бірінен тоғызына дейін Қарағанды облысында белгілі жерлес жазушымыз Ғабиден Мұстафин болды. Оның қасында жазушы С.Досанов, суретші Қ.Мұстафин болды. Ғабиден Мұстафин жолдасты облыстық партия комитетінің бірінші секретары В.К.Акулинцев, халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің председателі С.Қ.Досмағамбетов жолдастар қабылдады. Ғ.Мұстафин облысымыздың Тельман ауданының Киров атындағы және Аманкелді атындағы совхоздарында, Ульянов ауданының Энгельс атындағы, «Көктал», «Пролетар» совхоздарында болды. Сонымен бірге, ол бұрынғы Спасск заводының орнын көрді. Ғ.Мұстафин Қарқаралы ауданының «Восток» совхозында және аудан орталығында жұртшылықпен кездесті. Сонымен бірге, жазушы Талды

ауданының «Киргизия» совхозы малшылары арасында, Қарағайлы руднигінің кеншілерінде, Егіндібұлақ ауданының «Қазақстан 40 жылдығы» атындағы совхозында болды. Көрнекті қазақ совет жазушысының бұл ел аралауы, жұмысшылармен, малшылармен, интеллегенция уәкілдерімен кездесіп, әңгімелесуі, облыстың тарихи өңірлерін аралауы оның өзі үшін де, жұртшылық үшін де әсерлі болды. Жазушы сонымен бірге Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы «Южный» совхозында, аудан орталығында, Жасыбай көлінде, онан әрі Екібастұз көмір кенінде болды. Ғабиден Мұстафиннің бұл ұзақ сапарында мен жазушылар одағының уәкілі ретінде қасында болып, шама-шарқымызға қарай қазақ совет әдебиетінің бүгінгі табыстары мен жетістіктерін насихаттауға тиісінше атсалыстым.

6. Қазақстан жазушылар одағы көркем әдебиет насихаттау бюросының жолдамасы бойынша қарағандылық жазушылар Е.Ибраһим, Ә.Көшімов жолдастар Нұра ауданының совхоздарында болып, жұртшылық алдында өздерінің шығармаларын оқып, қазақ совет әдебиетінің жетістіктерін насихаттап қайтты.

Құрметпен
Қазақстан жазушылар одағы
Қарағанды облысаралық бөлімшесінің
секретары
Ж.Бектуров



27.09.1982 ж.

Құрметті де қадірлі Шерхан Мұртазаевич!

Кеше «Қазақ әдебиетінен» сенің 50 жасқа толғаныңа құттықтауларды оқып, бүгін өзім құттықтау-хат жазуды қолға алғанда, «Еңбек туынан» Кәрімнің мақаласын оқыдым. Осындай қуаныш жағдайда қарақалпақ ақыны Ибрагим Юсуповтың:

Егер, көңілім дария болса, көңілдеріңізге аға,
Едім, жұлдыз болса, мен оны жатқызатын
Жолдарыңызға жатар едім. Гүл болса,
Менің мынау сіздерді сүйген жүрегімді
Кеудемнен жұлып алып көкіректеріңізге
Тағар едім», - деген жолдарын қайталап, өзіңе арнауға тура келді.

Өмір ортасы – қос жиырма беске халқыңа сүбелі де жемісті табыспен келгеніңді шын ықылас, жүректен құттықтап, өзіңе зор денсаулық, мол қуат, творчестволық еңбегің жаңа шабыт пен нәрге толсын, бала-шағалар бақытты болып, адал еңбектің қызығын ұзақ жылдар көріп, абыройың бұдан әрі арта беруіне әруақта тілектес екенімді білдіремін.

Кеше ғана «Интернаттың нанын» жеп жүрген қарапайым ғана, кішкене кезден-ақ үлкен адамгершілік нышаны байқалған Шерханжан, сен бүгін елуге толдың, Қазақ әдебиетіміздің тұтқасын ұстап отырған әдебиетшілеріміздің бірі болдың. 50-60 деген біздің заманымызда – жігіт ағасы деген сөз. Жігіт ағасы болғаның құтты болсын!–демекпін. Халқыңа бергеніңнен берерің көп екендігіне кәміл сенемін. Еңбектеріңнің ішінде мен үшін әсіресе қымбаттары: «Интернаттың нанын», «Қызыл жебе», «Қара маржан», «Мылтықсыз майдан». Қалың оқырмандарды сөз етпегенде мен сияқты тарих пәні мұғалімдері үшін өмірден, тарихтан алынған бәрі де тамаша түсірілген «Интернаттың нанындай».

60-қа қадам басқанда, жаңа творчестволық табыс,
өмір тілеймін!

Марияш, балаларға да менен құттықтау-сәлем!

**Ағаң – Ыдырыс.
Жамбыл қаласы**



16.06.1982 ж.

Құрметті Шерхан Мұртазаев мырза!

Үй, семья, бала-шаға, туған-туыс аман-есен болар?
Олай болуына біз де туысқандық тілекте болатынымызға
сіз ешбір шүбә келтірмейтін шығар деп біз әркез
сенудеміз.

Сіз мені ұмытып қалуыңыз да мүмкін. Әйтеуір мен
бәрін де ұмытқам жоқ. Сол кездегі кездесу күндері әлі
есімде. Еш уақытта ұмтылатын емес.

Мен, қолыма қалам алып хат жазуыма себеп болған
жалғыз нәрсе. Ол сіздің «Қызыл жебе» романыңыз. Бізге
(маған) жаңадан жетті. Мен сонау сіз көрген, бірге болған
Хобда аймағынан ауысып, өз туған аймағым Баян-
Өлгийге әйтеуір оралдық. Әркімге өзінің туған жері –
Мысыр шаһар ғой. Онда табылмайтын кітаптар мұнда тең-
теңімен ғой. Сіздің кітабыңызға айтатын сыным емес.
Сын айтатын мен кімін? Бір ғана пікірім: Осы
Т.Рысқұлов біздің Монғолия үкіметінің астанасы Улан-
Баторда комендерн уәкілі болып отырған. Осы қаланың
атын қойған, Монғолияның алғашқы негізгі заң жобасын
жасаған да, жазған да осы кісі. Бұл туралы мемлекет
тарихында, МХР тарихында, тек аталынып қана өтеді. Кең
қамтылмайды.

«МХР-ның алғашқы негізгі заң жобасын жасауға

совет маманын шақырып... П.В.Всесвятский 1924 жылы май айында келіп, оған коментерннің Монғолиядағы уәкілі Т.Рысқұлов ерекше міндет атқарды» - делінген «Халық үкіметінің тарихы» деген кітапта. (1974 жыл, 137 бет). Міне, осы жағы романда шықпапты. Мүмкін үшінші кітапта шығар. Монғолияға келсеңіз, архив қазынасымен таныссаңыз толық мәлімет алар едіңіз. Ол кездегі барлық ресми документтер (іс қағазы) ескі монголдың көткеншек жазуымен жазылатындықтан сізге қиын болатыны даусыз. Бірақ сізге көмектесетін адамдар бар. Орталық партия комитетінің жанындағы тарих институтының қызметкері, тарих ғылымының докторы Мініс Абилтайұлы, ғылым академиясының тіл ғылымының қызметкері, ғылым кандидаты Базилхан Бұқатұлы. Осы екеуі де ескі монгол жазуын әдемі таниды. Орыс, монгол, қазақ тілдерін де біледі. Дәм тартып жатса Улан-Батордан (Қызыл батыр–Тұрар атауы) Өлгийге келсеңіз (Өлгий-бесік), аймағымыздың бірінші хатшысы МХР-ның халық мұғалімі, профессор Құрметбек Баятазаұлы, дербес пенсионер Қашқымбай Малікұлы сияқты адамдар сізге толық мағлұмат бере алатынымен сендірейін. Болмаса, хат иесі түк білмесем де өзім бар (әзіл).

Т.Рысқұлов нағыз революционер қазақ көсемі. Монгол жұртының көзін ашушылардың бірі. Революция жанкүйерлерінің нағыз ақылшысы, жол сілтеушісі, кеңесшісі. Монғолдардың көзін ашушылардың нағыз кеңесшісі, ақылшысы қазақ болғанын тарихи образ арқылы көрсетіп берсеңіз бір арманым орындалар еді. Сонда қазақтың кім болғанын бұлар түсінер еді. Жанымды жеп, ойымды тебіренге тербеп жүрген бір сырдың беті ашылып, шындық жеңіс табар еді. Міне, менің айтайын деген ойым да, пікірім де осы.

Мен қазір Баян-Өлгий аймағының атқару әкімшілігінің заң бөлімшесінде инспектор болып істеймін.

Енді өзімді айтайын, сіз мені жақсы танысыз

(ұмытпасаңыз).

Мен Тоқталхан Нұғыманұлы. Сіз Хобда аймағына барғанда танысқанбыз. Сондағы бірге болған құрбыларға, туыстарға да мың мәрте сәлем! Осымен хатымды аяқтайын. Дәм тартып, тағы бір кездесер күнді асыға күтемін! Сау-саламат болуыңызды бір Құдайдан тілеймін!

Сәлеммен ізет етуші

Т.Нұғыманұлы Есенкелді баласы.



ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

№ 125

2 апреля 1982 г.

**г.Алма-Ата,
пр.Коммунистический, 105**

**ДИРЕКТОРУ ИНСТИТУТА ИСТОРИИ ПАРТИИ
УЗБЕКИСТАНА ТОВ. ТУРСУНОВУ Х.Т.**

Лауреат Государственной премии Казахской ССР, писатель Шерхан Муртазаев работает над второй книгой романа о Советском Туркестане, и об одном из его руководителей Тураре Рыскулове.

Союз писателей Казахстана просит помочь Ш.Муртазаеву в ознакомлении с архивными материалами, связанными с деятельностью Т.Рыскулова, П.А.Кобозева, Н.Ходжаева, С.Турсунходжаева и других личностей, работавших в первые годы Советской власти в Туркестане.

Дж.МУЛДАГАЛИЕВ

**Первый секретарь
правления СП Казахстана**



14.06.1982 ж.

**«Қазақ әдебиеті» газетінің редакция алқасына,
оның редакторы Шерхан Мұртазаев жолдасқа
Бауыржан ағаның қазасына қамығушы
жұмысшы Бисенғалиұлы Өтебайдан**

Хат

Күннің нұрындай таза жүрегіммен қатты қамығып, қапаланып, не айтарға тілім жетпей, аузыма сөз түспей қабырғам майысқасын, ойымды бөлісейін, еңсемді басқан ойды, Бауыржан ағаның ауыр қазасын жеңілдетейін деп осы хатты сізге, сіздерге жолдап отырмын. Туған халқымыздың адал ұлы, нұрлы күндей мақтанышы, сүйікті перзенті, асқар таудай ағамыз, ақиық мұзбалақ қыранымыз Бауыржан ағаның дүние салғанын 14-июнь күні түскі сағат 13.00-де «Социалистік Қазақстан» газетінің 13.06. жексембінде шыққан 140 санынан көрдім де есім кетіп қалды. Өзім бос адам едім, жылап жібердім және жылай отырып осы хатты жаздым.

Бауыржан ағаның қазасы бүкіл туған халқымыздың қазасы. Ақ жүрек адал ниеттегі азаматтардың орны толмас қазасы, шынайы мөлдір адамдардың қимасынан айырылған ауыр қазасы. Сондықтан, Бауыржан ағаның семьясына, ұрпағына көңіл хатымды білдіремін.

Ақ жүрек, адал ниеттегі азаматтарға, шынайы мөлдір адамдарға Бауыржан ағаның өшпейтін өнегелі өміріндей өмір берсін деп тілеймін.

Несін жасырайын 10,11,12,13 июнь күндері хабарламаған радио, телевидение, «Лениншіл жас» т.б. газеттерінің қызметкерлеріне өкпеміз қара қазандай.

Бауыржан Момышұлы туған халқымыздың бір Бауыржаны емес пе еді... Бабасы Имаштай 90-ға келер дей жүретін едік. Өттең, мейірімсіз ажал алып кетті. Маңдайымызға сыймады. Ерте ме, кеш пе өлмейтін пенде жоқ қой. Бауыржан ағаны соңғы сапарға шығарып салып, атыраулықтар атынан қабіріне бір уыс топырақ салармын

деп жүретін едім. Ол арманымның орындалмағанына өкініштімін. Сәті түссе Бауыржан ағаның басына барармын, рухына, аруағына тәжім етермін деген ой бойыма қуат беріп отыр.



29.09.1984 ж.

Шерхан аға!

Саламатсыздар ма!

Денсаулықтарыңыз мықты болуына тілек қосамыз. Сарыағаштан жақсы демалып қайттыңыздар ма? Сіздермен қайта хабарласа алмадым. Жаңа жұмысқа өздері қайта-қайта айта берген соң келіп қалып едім, менің именшектеу, бұйығы табиғатыма келіңкіремей, ауырып қалдым. Бәрібір енді біраз уақыт істеп көру керек шығар. Нағашыма тартпаған екенмін. Оны Сізге жазып отырғаным: нағашымыз Қаратай Ахметов Түлкібаста жауапты қызметтер атқарыпты. Тұрар ағадан соң үш күн өткенде ұсталыпты. Газет «Тұрардың құйыршығы ұсталды» деп жазған деп, көзі ашық жеңгесі айтып отырушы еді. Кезінде мән бермеппіз, 65-жылдары өліп қалды.

Мына материалдың деңгейі жоғары болмаса да, Тұрар аға атындағы мектептен жазылғаны, Түлкібастағы ағайынның жазғаны ішті елжіретті. Соны жариялап, Сізге жолдап отырмын.

Аға!

Төртінші кітабыңыздың үзіндісін оқып, қатты қуандық. Ойыңыздағыдай аяқталғай деп тілейміз!

Сәлеммен, ініңіз Мархабат.



23.09.1984 ж.,
Семей қ.

Шерхан!

Тағы бір мақала жіберіп отырмын. Бұндай мақала жазуға уақытым болмаса да, жазбауға дәтім шыдамағандықтан жаздым.

Кейбір әдебиет зерттеушілеріміздің ғылымға жанаспайтын, тарихи шындыққа үйлеспейтін, әдебиеттану ғылымына нұқсан келтіретін мақалалары баспасөз жүзінде ауа жайылып, өріс алып кетті. Ондай мақалалар газет, журналдарымыздың беттерінде, тіпті «Ғылым» баспасынан шығып жатқан кітаптарда жарияланып келеді. Сондай өрескелдікті көріп, біліп отырған үлкен әдебиетші-ғалымдарымыз, сыншыларымыз неге үндемей, қалай шыдап, жайбарақат отыра алады екен?!

Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасынан шыққан (1983) «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиетін (15-18 ғғ) зерттеушілер» атты кітапта басылған мақалалардың бір-екеуіне ғана көз жіберейікші. «Шал Құлекеұлы» деген мақалада: «Оны (Шалды) шығыс поэзиясының жұлдыздарымен еркін салыстыра аламыз» – деп, Рудаки, Омар Хайям, Саади, Хафиз, Жәмилермен иықтастырып қояды (331-332 б.). Шалды «Фәлсафаға салып жіберсе, Омар Хайямнан осал түспейді» – дейді. (333 б.). Ол ол ма, хат танымайтын, ғылымнан хабары жоқ ақынды: «Шал – философ, дидактик, эстет» – дейді. (347 б.). Оқымысты, ұлы ақынымыз Абайды философ демейміз ғой. Одан әрі «Қазақ поэзиясына философияның сыналап енуі осы Шалдардан басталады десек, асыра айтқанға жатпайды» (347 б.) дейді. «Қазақтың философиялық лирикасы Абайға келіп, шырқау шыңын тапты. Онда да Шалдың үлесі бар дей аламыз» – (347 б.) деп, Абайға әсер еткен, үлгі-өнеге болған Шал ақын дегісі келеді. Ал, Мұхтар Әуезов: «Абай бірде-бір жол оқымаған фольклор көлеміндегі қазақ ақындарының үлгісіне қарай кейін баспайды...» – демей ме?

Сол кітапта жарияланған: «Тауарих хамса» және «Қазақ әдебиеті» атты мақаланың авторы, «Тауарих хамса» кітабының өзін ұғып, оқи алмай, адасқандығын айқын көрсетеді. Ол жайында менің мына жіберіп отырған мақаламда жазылған.

Бұл жіберіп отырған мақалам өзіміздің «Қазақ әдебиетінде» жарияланған «Жинақ жырау» атты мақала туралы.

Осындай жаңсақ кеткен мақалалар баршылық. Олардың қателігін дәлелдеп көрсетіп, пікір айтпай, үндемей қалу – мақұлдау болар еді.

Мен ондай мақалалардың бәрін бірдей қамтып, пікір айтпақ емеспін. Ол бір кісінің қолынан келмейді.

Сонда да тағы бір-екі мақала туралы үндемей қалуға болмайды. Оның біреуі – «Қ.Ә»-де жарияланған Сұлтанмахмұт туралы мақала, екіншісі «Жұлдыз» журналында (№5) басылған «Ақын аға және әнші Майра» атты мақала. Ілияс Жансүгіров пен әнші Майраны кездестіреді-ау, мақаланың авторы! «Әнші апама» деп Ілияс Майраға арнап өлең жазып, оқыды дейді-ау! Майраның Ілиястан екі жас кіші екенін де білмеген ғой. 1909 жылы Майра Мұстахыммен бірге Жетісуге барыптымыс. Ол кезде Майра он екі жастан жаңа асқан кезі ғой. Майра өмірінде Жетісудың жерін баспаған адам. Мұстахымды, оның әйелі Ғазизаның тарихын біз жақсы білеміз. Осындай өрескел өтірікке қалай үндемей қалуға болады. Өтірік мақалада өз ойларынан шығарған Ілиястікі, Майранікі, Әсеттікі деген өлеңдер ертең-ақ кітаптарға кіріп кетеді ғой.

Телефон арқылы тағы хабарласармыз.

Есен-сау бол!

Қайым Мұқаметханов



23.04.1985 ж.,
Семей қ.

Қадірлі Шерхан!

Хатыңды алдым, күйдім-жандым!

Қайтесің... Халқымыздың сүйіп оқитын, рухани азығы болып отырған «Қазақ әдебиетін» дұрыстап шығару жұмысы, өз творчествоң қайда?! Қабындап кеткен қара жүрек, пәлеқор-арызшылардың өсек-аяңына, жалған жаласына жауап жазу, түсініктеме беру қайда?!

Шынын айтсам, Саған жаным ашып, жәбір-жапа шеккендей боламын.

Соры қалың соққы жеген нышанамыз,

Қайтып суып, жалғаннан күсе аламыз,

Құр дәрімен атқанға өлмейді екен,

Өмірі мақтаншаққа нысанамыз – деген ғой, Абай.

Ары таза азамат, жаны биік жанды халық біледі ғой. Өсек өрге баспайды. Бірақ адамды сергелдеңге салады ғой. Пәлеқор, жалақор жүзіқаралардың арам ойы да сол ғой.

Сенің хатыңа, ресми хат ретінде, жауап жазып жіберіп отырмын.

Есен-сау бол!

Ағалық, достық көңілмен – Қайым Мұқаметханов



23.04.1985 ж.,
Семей қ.

**«Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы
Шерхан Мұртазаев жолдасқа**

Сіз маған 17 апрель 1985 жылы жазған № 37 хатыңызда: «1983 жылы 15 апрельде жарияланған мақалаңыздағы ақын Молдажановты «Алаш Орда армиясының қатарында болған» деген арыз түсірілді. Жағдайын жазсаңыз, өйткені бізден түсініктеме талап етіп жатыр», - депсіз. /Хатыңызды 22.04.1985 ж. алдым/.

Жауап. Молдажановты «Алаш Орда армиясының қатарында болған» деген сөз арыз түсіруші арызқойдың ашқан жаңалығы емес. Бұл мәселені «Қазақ әдебиеті» газетіндегі мақалада /«Қ. ә.» № 15, 1983., 15 апрель, 11-бет/ мен өзім жазған едім ғой. «Қ.Ә»-інде былай деп жарияланды емес пе: «Біздің қолымызда 1937 жылы июнь айының 4 күні І. Молдажановтың өзі жазған /орысша/ өмірбаяны бар. Енді бұдан әрі Ілиястың өзін сөйлетейік:

-1918 жылы, ноябрь айы болса керек, мұғалімдер курсына түсу үшін Семей қаласына келгенімде, капитан Тоқтамышевтің мобилизациясымен қазақ полкына /Алаш Орданың/ алынып, атты әскер командасының оқуынан өттім. /17-18 жастағы Ілияс Алаш әскеріне өзі тіленіп бармаған, мобилизовать етілген/.

-1919 жылы май айында бізді Жетісу майданына аттандырды. Қарабас дейтін поселкаға келген соң, бізді эскадронға бөлді. Мен 1-эскадронға жіберіліп, каптенармус /киім-кешек, азық-түлік жағын басқару қызметі. Қ. М./ және эскадрон писары қызметін атқарып, тылда болдым. 1920 жылы март айында біздің полк Қапал қаласына келген соң, жергілікті қазақтар және офицер Мухорянов арқылы қызылдармен байланыс жасап, қызылдар жағына өту мәселесімен шұғылдандық. Мухорянов бастаған пулемет командасы 20-21 мартта түгел өтіп кетті. Содан соң өзімнің жақын көретін 9

жолдасымды түгел көндіріп, 23 мартта түн ішінде қашып шығып, Қапалдан 70 шақырым жерде тұрған қызылдарға барып қосылдық. Олар бізді қабылдап қарсы алып, мені Гавриловкаға таяу жердегі Волисполкомға кеңсе қызметіне орналастырды.

12 апрельде партияға /РКП/ өттім. Партияға 2-қазақ атты әскер бригадасының партия бөлімі қабылдады. Рекомендация бергендер қазақ атты әскер бригадасының саяси бөлімінің начальнигі Ж.Рауде, губерния соғыс комиссары Шаһбуддинов және саяси бөлімнің бір қызметкері еді. Оның аты-жөні есімде жоқ.

Сол жылдың апрель айында Верный қаласына, губерниялық соғыс комиссариатының құзырына келіп, онда соғыс комиссары Шаһбуддиновпен және басқа жолдастармен бірге қазақ әскери полкын құрысу ісімен шұғылдандым...» Одан арғы Молдажановтың өмір жолы «Қ. Ә» - інде қысқаша жазылған. Молдажанов ең соңғы өмір кезеңіндегі қызметі туралы былай дейді:

«С июня 1932 года первым областным съездом Советов Алматинской области избран председателем Облисполкома Алма-Атинской области, где работал до января м-ца 1935 года.

Являюсь членом Каз. ЦИКа и Крайкома партии.

В январе 1935 г. сессией Каз.ЦИКа утвержден Наркомом финансов Каз.ССР» /«Моя краткая автобиография». 4 июня 1937 года, г. Алма-ата»/.

Ілияс Смаиылұлы Молдажановтың өзі жазған /орысша/ өмірбаянының көшірмесін жіберіп отырмын.

Молдажанов, 4 июньде 1937 жылы, «Личный листок по учету кадров» деген документті толтырыпты. Год и м-ц рождения – 1900, Партстаж – 4-1920, № партбилета – 1593029 – деп жазылыпты.

Сонда Молдажанов – 18 жасында «Алаш Орда армиясының қатарында болыпты», 20 жасында компартия мүшесі... 32 жасында Алматы Облисполкомының председателі, член Каз.ЦИКа и Крайкома партии, 35 жасында Нарком финансов Каз. ССР, 37 жасында өмір

сапары үзіліп, мезгілсіз мерт болған азамат.

1967 жылы орыс тілінде Семейдің «Иртыш» газетінде Молдажанов туралы: «Поэт. Воин. Нарком» деген атпен басылған мақаланы да жіберіп отырмын. Ол мақалада да Алаш Орда әскерінде болғаны жазылған. Сол мақаланың қысқарған нұсқасын, менің келісімім бойынша, атын сәл өзгертіп: «Поэт. Чекист. Нарком» деп, «На страже» газеті № 43, 25. X. 1967 жылы жариялаған /орган МООП Каз ССР, Алма-Ата, қазіргі МВД ол кезде – Министерство охраны общественного порядка – деп аталған еді ғой»/. Ол газетте де Молдажановтың Алаш әскерінде болғаны ашық айтылған және МВД музейінің экспозициясынан Молдажановқа орын берілетін болған.

Сөйтіп, Алаш Орда әскерінде болғанын Молдажанов жасырмаған, жазған мақалаларымызда біз де жасырып, жапқан емеспіз. Сонда арыз түсіруші «адам» кімге, не деп, нендей кінә тақпақ болды екен?! Қандай қылмысты ашып, әшкереледім дейді екен?!

Қазақтың қайсысының бар санасы,
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы, -

дегені ғой, Абай жарықтықтың. Земли обойдешь, а от клеветы не уйдешь – деген осы да.

Молдажановтың жазықсыз жазаға ұшырағаны туралы Военная Коллегия Верховного Суда Союза ССР-дың 1959 жыл 7 августағы справкасының көшірмесін жіберіп отырмын.

Редактор жолдас, Сіздің хатыңызға қысқаша тұжырымды жауабым осы.

Құрметпен Қайым Мұқаметханов



Қадірлі Шерхан!

Есен-саулығыңды естіп-біліп жатырмын. Неше мәрте телефон соғып, өзіңді кездестіре алмадым. Демалыста деді. 24.09-де қызметке шығады деген соң, бүгін хат жазып отырмын.

Өзімнің демалыс уақытым бітіп қалды. Үй-ішіме науқас араласып, берекемізді алды. Биыл ешқайда баруға мүмкіншілік болмады.

Мен үшін аса қымбатты арнау сөз жазып жіберген (с дарственной надписью) «Жұлдыз көпір» романың 23 август күні қолыма тиген. Ала сала оқуға кірістім. Бас алмастан, құмарта, құныға, қуана отырып, терең тебіреніп оқып шықтым. Көп жерінде көзіме жас алып, күңіреніп оқыдым.

Шынымды айтсам, мақтаулы деп жүрген кейбір романдарды (атап айтпай-ақ қояйын), жүгіртіп, сыдыртып қана оқып шығушы едім. Ал, кейбір графомандардың «романдарын» оқи бастап, аяқтап шығуға шыдамым жетпей, тастай салатынымын.

Сезіміңді қозғап сергітпесе, көңіліңе қонбаса, толқытып тебіrentпесе, қиялыңды қиянға шарықтата алмаса, қуанышқа бөлеп шаттандырмаса, күйінішке бөлеп тебіrentіп, күңіrentпесе, ар-намысыңды оятып, ойландырмаса... ол тумай кеткірді несіне көркем туынды демекпіз.

Тұрар Рысқұловтың өмір тарихымен бұрыннан таныстығым болатын. Тұрарды әуелден-ақ ұлы адам деп білетінбіз.

Тағдырдың талқысынан өтіп, тарихтың шырқау шыңына көтерілген Тұрар Рысқұлов – Ұлы адам. Сараң табиғат Тұрардан еш нәрсесін аямаған. Бір адамның басына барлық жақсы қасиетті үйіп-төгіп берген. Ол – кең ақылды кемеңгер, адал жүректі, кіршіксіз ақ көңілді ардагер азамат, сегіз қырлы, бір сырлы, қайтпас қайсар, еңіреген ер, «арымнан жаным садаға» деген, халықтың

жанашыр қамқоры, нәзік сезімді, ұшқыр қиялды, жаны биік, ерекше жаралған адам.

Тұрар – тарихта сирек кездесетін қайраткер. Ол ең алдымен – Адам. (человек с Большой буквы).

Тұрардың замандастарының ішінде, қазақ, орта Азия халықтарынан шыққан қайраткерлердің онымен тең түсетіні болған жоқ. Онан кейінгі кезде де бола қойған жоқ.

Тұрар, ұлы көсемнің кейбір көрнекті серіктерінің өзімен де, ақыл-ой, сана-сезім, адамгершілік, жігер-қайрат, білім жағынан кем түспей, Лениннің өзінен тағлым алған қайраткер деп түсінемін.

Сондай адам туралы роман жазу үшін шын табиғи талант керек. Ол талантқа сай ақыл-парасат, жан-жақты терең білім, сергек сезім, ұшқыр қиял керек.

Ең алдымен художник, художник қана емес, художник-мыслитель болу керек.

Тұрардың өзінен үлгі-өнеге ала білу керек. Нағыз шыншыл, нағыз тарихи романның авторына – Тұрардың турашылдығы, әділдігі, батылдығы, ержүректілігі сияқты қасиет қажет.

Шерхан бауырым, осы қадір-қасиеттер – табиғаттың саған арнап тартқан сиы екен. Оған көзімді жеткізіп, көңілімді кәміл сендірген – «Жұлдыз көпір».

Романның аса шебер құрылған композициясы, терең идеялық мазмұны, түр көркемдігі, тіл байлығы, әрбір кейіпкердің өзіне тән мінез-құлқы, сезім сыры, іс-әрекеті, тілі, шиеленіскен шытырман бай уақиға, уақиғаның мән-жайына, кейіпкерлердің көңіл-күйіне сәйкес сипатталған табиғат суреттері... – бәрі-бәрін, қазір хат арқылы айтып жеткізу мүмкін емес.

Бәрі де нанымды да әсерлі, көрікті де көркем бейнеленген. Романның кейіпкерлерінің бәрі де өз орындарында. Басы артық, бос жүрген адам жоқ.

Нәзір, Санжар, Сұлтанбек, Абдолла, Ғанилар романның төртінші кітабында көрінетін шығар деп ойлады.

Мен романға талдау жасап отырғаным жоқ.

Төртінші кітабыңды сәтті аяқтасаң, құдай қосса, нағыз эпопея болып тұр ғой.

Сәтті аяқталатынына сенімім зор. «Қызыл-Батыр» көп нәрсені аңғартып тұр ғой.

Қайырлы, құтты болсын! Ұзағынан сүйіндірсін!

Біраз ескерту жасағым келеді.

Әсіресе өзіңнің, Тұрардың сөздерінде әдеби тіл нормасы берік сақталуы керек деп білем.

«Жұлдыз көпір»-дегі сөз қолдануыңда аздай болса да, мүлт кеткен жерлерің байқалады. Жан азығындай жақсы шығарма ешбір мүлтіксіз болса деймін.

Өзімше байқағандарымды айтайын.

«Әлгі Осиповтың оспадарсыз бұйрығы» (16 бет). Оспадарсыз емес, Оспадар бұйрығы деген дұрыс сияқты.

«...лезде шілтері тұтқаны Рысқұловтың жүрегін жырымдап жібергендей болды» (19 бет).

« – Атуға! – деп күміс пышақты қолын сермей қалып отыратын» (35 бет)

«Кабинет терезесінің кемерінде дауысын қыраттап қарлығаш...» (39 бет)

«... хром етіктерін сарт еткізіп...» (40 бет). Хром етігін десе.

«... Қос қарагер атырылып ала жөнелді» (40 бет)

«... еш белсенді мұндай тұлданып көрген жоқ (60 бет). «Тұлданып» – қайғы-қасірет деген ұғымды беретін сияқты ма деймін?

«Әуелі уәкіл оның кейпетін көріп сасып қалды» (63 бет). Келбетін көріп десе.

«Өмірі әйел баласы бүйтіп аймалап көрмеген.» (78 бет). Әйел заты десе

«Генерал Черняев жүріп өткелі бері...» (79 бет). Жүріп өткеннен бері, десе

«Адам байғұстың өмірі... адам шінжәу...» (80 бет)

«... мелдектей болды» (81 бет)

«... дуайпат ... ұяластық сезімі (82 бет). Ұяластық – адам туралы айтылмай ма деймін.

«... ел пішікшілікке жетсе...» (87 бет).

«өлетін бала көрге қарай жүгіреді» (88 бет). Бейітке қарай ... дұрыстау сияқты.

«Ақындық деген жарықтықтың екі ұшпағы бар:» (88 бет). Ұшпақ – жұмақ-рай мағынасын білдіретін сөз ғой дейім. Жамбыл: Бақытты түртпе орнатып, көрсеткен өмір ұшпағын – дейтін сияқты еді.

«... мен марапат сүймейтін адаммын» (103 бет)

«... кеуілі жай» (112 бет). Көңілі, десе.

«... сырты күйе-күйе мосы тұр екен. Ішіне қол салып еді...» (116 бет).

«Мосы-тренога» (Куда подвешивается котел для варки пиши). Біздің түсінік осылай.

«Бағы замандар...» (124 бет). «Бағы» - жаугершілік, бүліншілік, ел басына ауырпалық туған кез... деген ұғымды білдіретін сөз. «Бағы» - баяғы, ерте заман деген сөз емес.

Қай заман мына заман бағы заман,

Болар ма баяғыдай тағы заман – дейді ғой.

«Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңінде.

«Зымияндығына найза бойламайды» (157 бет)

– өте дұрыс. «Кейбір зымияндар» (107 бет)

– бұл арада орынсыз ба деймін.

«Арыздандым» (169 бет) Наташаның сөзі.

«Атырыла тұрып» (177 бет) – Атып тұрып, десе.

« – мұндай оспадарсыздық қайда бар?» (178 бет). ... оспадарлық деу керек.

«... бағзы заман» (198 бет) Бағзы – ерте, ескі заман деген емес.

Бағзы – кей уақытта (иногда), бағзы уақытта, некоторые – бағзы біреулер т.т.

«Қабасақал үскірік шалып кеп қалды» (258 бет)

«Үскірік» – ысқырғыш – свисток ұғымында ма?

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар.

Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды. (Абай).

«Ысқырғышын шырылдатып, немесе Свисток беріп кеп қалды» десе.

«уап-шуап» (261 бет) – улап-шулап, десе.

«шыжандай адам» (262 бет).

«Рысқұлов аттық мойнын шапаттап...» (268 бет)

Үлкен шығарманың әр жерінде қадау-қадау кездесетін, менің ескертіп отырған сөздерім, көпшілік оқушы жұртшылыққа байқала бермейтін нәрселер ғой.

«Жанашырың болмаса, жатпен жалғыз жүрмеңіз, қолдаушыңыз болмаса, біле тұрып, білмеңіз» - деген ғой дана бабаларымыз.

Мен өз білгенімді қалтқысыз достық көңілмен саған ғана айтып отырмын. Сөз қолдану мәселесінде олқылықтар көп жазушыда кездесе беретінін, Шолохов бір мақаласында: «Многие из советских писателей (в том числе и автор этих строк) погрешены в злоупотреблении местными речениями»- депті.

Көп сөйлеп кетіппін. Енді тоқтатайын.

**Ағалық, достық көңілмен –
Қайым.**

P.S. Біздің институтта оқу октябрьде басталады. «Жұлдыз көпірді» оқушылар (оқырмандар) конференциясына салсақ деймін. Оған қалай қарайсың?

Құрметпен Қайым Мұқаметханов



23.05.1985 ж.

Қымбатты, сүйікті жазушымыз Шерхан Мұртазаев!

Сізге осы хатты еңбек ардагері, құрметті демалыстағы Сағынбай Көркенбаев жазып отыр. Мен әдеби көркем әдебиеттерді көп оқимын. Соның ішінде мен сіздің қаламыңыздан шыққан «Мылтықсыз майдан»

повестер мен әңгімелер жинағын («Жазушы» баспасы, Алматы, 1977 жылы), «Қызыл жебе» романын («Жазушы» баспасы, Алматы, 1980 жылы) кітаптарын оқыдым. Енді өкінішті жері «Қызыл жебенің» 1984 жылы шыққан үшінші кітабы облыс орталығы Гурьевке өтіп кетіпті. Біздің аудан орталығындағы кітап дүкеніне бұл кітап сатуға түспеді. Осы кітапты іздеп таба алмай шаршадым. Сізден өтінішім маған «Қызыл жебенің» үшінші кітабын оқуыма көмектессеңіз, егер өзіңізде артық данасы болса, бандерольменен салып жіберсеңіз бұдан артық қуаныш болмас еді. Сізге осы хатты жазғанда көп ойланып, ұялып жаздым. Сіздей үлкен жазушы, әрі «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторының алтын уақытын алғанымға кешірім сұраймын. Кітап келсе, ақшасын почтовый переводпенен салып жіберуге әзірмін.

Сәлеммен, Сағынбай Көркенбаев



29.11.1985 ж.

Шераға!

Сәлеметсіздер ме? Бүгін газеттеріңізден мақаламды (29 ноябрь, елу екі жылдан соң) көріп бәріңізге рахметімді айтып хат жазып отырмын. Біраз қысқартқан екен. Оқасы жоқ. Газет беті соза беретін резеңке емес қой. Бәрі орынды. Мұса інішекке де алғысымды ескерте айта саларсыз.

Енді бір аманат – газеттеріңізде 4 апрельде жолданған Әуезов қақында тағы мақалам жатыр. Сол Мұсада болу керек. Ол – Мұхаңның соғыстың оныншы күнінде Балқаш мыс зауытында болып, сол еңбек коллективі туралы жазған деректі очеркі, оның тірі қалған

бір кейіпкері Әбдіхалық Мұстафин (кәдімгі жазушы Ғабиденнің інісі) және онда ақын Т.Жароков, сондай-ақ, бүгінгі саяси басшымыз Д.А.Қонаевтың ертерек кездердегі Қоңырат карьеріндегі еңбегі де сөз болады. Мүмкіншілік болса, сол дүниемді жаңа жылдан кейінгі бір номерге пайдалансаңыздар деп өтінемін. Алдағы жылда да шабыттарыңыз шалқып, еселі еңбек ете берулеріңізге тілектестікпен – **Зухаров Ғабит**



15.09.1985 ж.

Туысқандық хат!

Құрметті аға, сау-саламатсыз ба? Үй-ішіңіз аман-есен бе? Шерхан аға, сізге хат жазып отырған ініңіз Олжабай Қозыкеев. 81 жастағы апам Күлжаннан сіздерге сәлем! Қиялов Сабырдың үй-ішінен сіздерге, апамыз Әзизаға, әпкелеріміз Сәулеге, Адельге, Зәуреке т.б. сәлем!

Көптен бері сізге хат жазсам деп жүр едім, сол хат бүгін жан күйзелісінен кейін жазылып отыр. Хат жазып жылап отырмын. Ол үшін мені кешірерсіз, себебін қазір айтамын:

1) Кеше 14 сентябрь (суббота-сенбі) күні кешке қаладан (Жамбылдан) келіңіз Жеңіскүл екеуіміз Құмшағал станциясында тұратын Әбілдә жәкемнің баласы Қиялов Сабыр көкемнің үйіне бардық. (Ол кісіні сіз танысыз). Біраз отырғаннан кейін Сабыр көкем «Жұлдыз» журналын (8 номер, август 1985 жыл) алып келіп, Кәмен Оразалиннің журналға шыққан «Абайдан соң» романының екінші кітабының Бақтығұлға –Мұсаға (Рысқұлға) қатысты жерлерін көрсетіп Рысқұлды, Тұрарды, бізді Шілмембеттерді мына ит, қырғыз деп масқаралапты деп

көзіне жас алды. Сонымен романды түнімен, күнімен оқып шығып хат жазуға мәжбүр болдым. Ол кісілер мен менің апам Күлжан да хат жаз деп, сонымен «Жұлдыз» журналының бас редакторы Бекежан Тілегеновке, жауапты секретарь Ахат Жақсыбаевқа «Ашық хат» жазып отырмын. Копиясын сізге жіберіп отырмын.

Сабыр көкем: «Бауыржанның жоқтығын пайдаланып отыр», - деді.

2) Сізге «Жұлдыз көпір» кітабын жазғаныңыз үшін мың да бір рахмет! Туыстардың атынан. Кітап дүкенге түсісімен 12 экземплярын алып туыстарға, т.б. тараттым. Біреуін Ахат атамның қыздары Пернекүл мен Опакүлге тапсырдым. Ол кісілер 7,8,9 мартта біздің үйде болған. Июньнің 20-24 аралықтарында біз Түлкібаста, Ждановта туыстарда болдық, Мичуринде де Пернекүл мен Опакүл әпкелерімізде болдық. Тұрар атамның жүрген жерлерімен жүрдік. Әрине төртінші кітабы шықса өте дұрыс болар еді. Бұл өте қиын жұмыс, саяси жөнінен В.М.Устиновтың «Служение народу» кітабын саяси басшылыққа алып отырып, 4 кітапты жазып шығарады деп сенудеміз.

3) Өткенде Алматыға (90 жылдықта) апам Күлжанды апардым ғой. Ол кісі Тұрар атамның бан жүздесіп бір үйде тұрған кісілер, келіні ғой. Ол кісіні білетін тірі адамдардан апам болмаса, ешкім қалған жоқ. Естеліктерін пластинаға түсіріп аламын бүгін-ертең.

4) Өткенде Меркеде Сәуле әпкем: «Где вы были, родственники, когда мы с голода умирали», - деп айтып еді, мен жауап қайтара алған жоқ едім. Кейін апама барып үйде айтқанымда апам былай деді: «Ей қарағым-ау, талай замандар өтіп кетті, әкең де өліп кетті (1940 жылы), 1937 жылы әкең Мәлтек (шын аты Меңлікүл) посылка жіберем деп, Мәскеуге Тұрардың үйіне, үш ай түрмеге қамалған. Түрмеде әкеңнің тістерінің біреуін де қалдырмай ұрып-соққаннан қабырғасы сынып, мен посылка салғам жоқ, бұл жала», - деп зорға құтылған деді. Алматыда апамның өз аузынан осы сөздерді естиді ғой деп ертіп барып едім.

Ешкім сұрамады, біз кете бардық. Бұл кісі қартайды. Тірі тарих болмауы мүмкін, естеліктерін маған айтады, менің қайта-қайта сұрауыммен.

Біраз естеліктерін пластинкаға түсірем деп отырмын...

Бұл әңгіме сізге керек болуы мүмкін деп, апамның сөздерін сізге жеткізіп отырмын.

Түлкібастағы туыстар оны біледі. Азиза анам мен Сәуле әпкеме бұл әңгіме жеткен жоқ.

Осындай жағдайларға ұшыраған адамдар бар. Олар түрмеде қамалған, тірілері бар. Сенбеген адамдарға ол адамдарды кездестіруіме болады, ол кісілер о дүниеге аттанып кетпесе.

5) «Жұлдыз» журналына хатты мен жазбағанда кім жазады. Мен неден қорқамын. Қайта алыс Жамбылдан Алматыға хат келіп түссе, біз сияқты жай инженер коммунистен олар ұяты болса жерге кірер. (Менің жазған хатымнан). Олар түсінер, өйткені мен оларға бақталас болып отырған жоқпын. Сіздерден гөрі мұндай саяси айтыста біз сияқты қарапайым халықтың өкілінің әділ сөзі қатты тірек бола алады, халықтың топас жауларына», - деп хат жазушы ініңіз Қозыкеев Олжабай.

Қазақ халқының тарихын білмесе Кәмен Оразалин біздің үйге келіп кетсін. Мен шежіреден көзін ашайын...

Бұл кісі нағыз шовинист кісі.

Бұл кісі соғысқұмар жалмауыз кісі.

Бұл кісі жазушылар қатарында жүруге правосы жоқ кісі.

Бұл кісі саяси қателігі үшін сотталатын кісі.

Бұл кісі Лениннің ұлт саясатын түсінбейтін топас кісі.

Бұл кісі Совет халықтарының достығының сатқын жауы.

Журналда Тұрарға қатысты әкесі Рысқұлға (Бақтығұл -Мұса) қатысты көп жерлерді оқып шығып сауатсыз, бейшара жазушының қылмысына әділ баға беріп, тиісті жазасын тартқызасындар деп сенуші-туыстары (Бұл әдейі,

ойланып істелген қастандық). Жауап хабар сіздерден күтеміз...

Әділетті күтуші Тұрар Рысқұловтың туыстары атынан

Қозыкеев Олжабай



29.12.1986 ж., Шаян

Тел: 9-10-53

Шерхан!

Бүгінгі газеттен эссе-естелігіңді оқыдым. Ғабит ағаның сыры да, сипаты да шағын бетке сықап, сыйып тұрған сияқтанды. Қолдан келсе қағазға түсер әңгіменің аз болса да жақсы болғанына не жетсін.

Айтайын дегенім осы естелігіңді мақтау емес, осы тұрғылас, таза естелік-әңгіме атаулыға, оны жинақтауға, қалың елге екшеп ұсынуға соншалық сыңаржақ, немкетті қарайтынымыз.

Шүкір, біздің жұрт Ұлы тұлғалы азаматқа кенде, сорлы болған жері жоқ. Сәкен, Тұрар, Қажымұқан, Иса, кешегі өткен Бауыржан, Қаныш, Құрманбектер әрбірі сан қырынан көруге лайық ел мақтаны емес пе еді? Бұлардың көзін көрген, қасиетін таныған замандастар қатары жыл асқан сайын сиреп, сарқылып бара жатыр емес пе? Олай болса, сан соғатын кезіміз де келмей ме екен бір күні.

Мен соңғы оншақты жылда бар болғаны арнайы шыққан екі-үш жинақ көрдім. Олар: «Біздің Мұхтар», «Күш атасы» және «Иса Байзақов» (өз томына жалғанған бөлім).

Бұлардың бірін басуға әзірлеп, «қақпағын құлыптап қойған» кезінде білдік. Енді бірін басылып шығып кеткенде көрдік. Авторларына қарасақ, қаздай тізіліп

сықап тұрған алматылық ақын-жазушылар. Бейне бір Мұхтар Алматының Мұхтары, Қажымұхан тек шағын бір топтың Қажымұханы сияқты. Ал анығында бұлар байтақ елдің, халықтың адамы, халықпен бірге ғұмыр кешкен емес пе еді? Ендеше «Ел іші алтын кеніш» – деген. Оларды жете білген, қасиетін таныған зерделі замандасты ел-жұрт, халық ішінен неге іздемеске.

Естелік жинақ кітабын шығару соншалықты жарияға жатпайтын құпиялы нәрсе ме? Газетте хабар басып, естелігін жолдауға барша замандасты шақыруға болмай ма? Ұлы Ленин туралы сөз айтушылар ішінде аңшы да, пешші де, сағат жөндеуші де, тіпті үзілген түймесін қадап берген қарапайым орыс әйелі де бар екенін кім білмейді?

Бұл жай мені ойландырып, өзіңмен кеңесіп отырғаным, мүмкін бұл жайында «Қазақ әдебиетіне» мақала жазған жөн болатын шығар.

Ағалық, тілектестік сәлеммен - Еркінбек



08.04.1986 ж

Құрметті Шерхан!

Сіздің менің өтінішім бойынша адамгершілік жасап «Жұлдыз көпір» кітабына автограф жазып жіберген кітабыңызды 25 март күні алып, қуанып қалдым. Қымбатты Шерхан, сізге қатты риза болдым. Қазақта мақал бар «Орамал тон болмайды, жол болады» деген. Сізге 5 сом ақша жіберіп отырмын. Жалғыз өтінішім «Қызыл жебенің» соңғы төртінші кітабы шыққанда салып жіберсең. Бұл жақтан ол кітап қолға тимей қалса үлкен өкінішті боламын. Сіздің сау саламат болып,

халқымыздың игілігіне жақсы кітаптарыңыз шығып қуанышқа бөлеуіне тілектеспін.

Сәлеммен Сағынбай Көркенбаев



21.09.1987ж

Аяулы інім Шерхан!

Алтай сілемінде айдыны жинақы, түп-тұнық айналасы аң-құс, бұғы-маралды көрікті таулармен көмкерілген әсем көлдер болады. «Қара маржанды» оқып шығып, сол көлді күн ыстықта көлденең сүңгіп өтіп, жағасында рахаттанып тұрғандай сезіндім. Өмірден көргеніңді ойыңа терең ұялата білгенсің. Өзің өскен жеріңнің тамаша табиғатын терең тани алғансың. Жайда адам ойына орала бермейтін теңеулеріңе тамсандым. Шебер шегіністер жасап оқушыны роман арқауынан адастырмайсың, оқиға сенімді, өзінен өзі есілген жібек жіптей тарқатылып отырады.

Байқағыштығың фотоның қалт жібермес «қарашығындай» адамның, жүгірер аң, ұшар құстың кісі көңілі аудары бермейтін қимыл-қылықтарын қалыс қалдырмағансың.

Адамгершілікті, парасаттылықты, ұлт достығын уағыздайтын бұл дарындылықтан туған дастан!

Құрметпен Қ.Қайсенов



19.06.1988 ж.

Дорогой Шерхан!

Успел ли я Вас поблагодарить за публикацию, ибо приходя в больницу дежурить за больным Жанибеком, 11 июня с.г. сам моментально слег на больничную койку. Лежу без движения, пищи и сна, пока в полном сознании. Вчера вдруг получил от Абдильды большое письмо, в котором очерчен круг вопросов вокруг таких «четырех казахских гигантов», как Акан, Магжан, Жусупбек, Шакарим. Он сообщает, что все эти работы будут опубликованы на страницах Вашей газеты. Не помню, сообщил ли я или говорил Вам, мною был составлен обзорный очерк о Магжане еще в 1961 году, который читал в то время сам Абдильда. В 1965 году очерк был передан мною Габиту Махмудовичу, он очень одобрил его, но он остался у него без движения.

В начале 1987 года я послал очерк в адрес секретариата правления Союза писателей Казахстана, редакциям «Жулдыз» и «Казак Адебиеты». Но там целый год по моим данным очерк находился в разных руках, наконец, буквально на днях, получил сообщение о том, что в 10-х числах июня очерк и стихи Магжана были переданы в ЦК на имя тов. У. Джанибекова. Я не оспариваю хороших знаний вышеуказанных людей Абдильдой, но творчество М. Жумабаева, полагаю, изучено мною достаточно основательно, поэтому, несколько подсократив вступительную часть, я просил бы Вас не обойти вниманием мой многолетний труд и опубликовать мой очерк о Магжане.

О моем состоянии здоровья прошу Вас сообщить Союзу писателей.

Письмо написано под диктовку младшего сына,
поэтому извините, что не подписываю.

Ж.К. Бектуров



04.02.1988 ж.

Семей қ.

ШЫНДЫҚТЫ АЙТЫҢДАР

1925-1926 жылдар еді. Қыста Арқаның Абыралы мен Жалаулысына жақын Матай адырда, жазда ол кезде шалқып жататын Борлықақ көлінің маңында отыратынбыз. Мен Тарақты деген елге жаңа түскен келін едім. Жайлауға ел жиылғанда дәулеті толық, көпке қайырымды Сәт ауылы орта, кедей шаруалармен көбейіп, жүз шамалы үй болатын. Елдің малын Мағзум деген бағатын. Ол өте сергек еді. Ұйқысын аттың үстінде қандырып алатын.

Менің атам Әзбек ертеректе қайтыс болып, екі жаста жетім қалған жалғыз ұлы – менің жолдасым, оқыған азамат Төлеуқұл еді. Кейін жолдасым Абыралы аудандық «Социалистік шаруа» газетін басқарып, абыройлы еңбек сіңіріп, 1944 жылы дүниеден өтті. Біздің үйді «ұстаның үйі» дейтін. Себебі, атам аймаққа белгілі үйші, «ағаштан түйме түйген ұста» болатын. Қыс айларында атам «баламның баласына жарасын» деп өзі салып кеткен тамаша, жылы да берік үйінде отыратынбыз. Жайлауға көшкенде екі түйеге жүгімізді қомдап, Тәті шешемнің өзі басқарып апаратын.

Сонда, жайлауда болсын, қыстауда болсын, қыз ұзату, келін түсу, шілдехана сияқты жиын-той, ойын-сауықта шырқалатын ән, айтылатын өлең-жыр, әңгіме тыңдалғанда «мұны шығарған Шәкәрім ғой»,

«Шәкәрімнің сөзі» деп жататын жұрт. Содан мен Абаймен қатар Шәкәрім атына қанық бола бастадым. Ел арасында Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» қиссалары жақсы тарады. Оқыған жастар мен ақсақалдар ол кісінің «Шежіресін» әңгіме қылатын.

Көп ұзамай қиыншылық жылдар /1930-1932/ келді. Елдің жайы ол кезде қорқынышты. Адамдар аштан өліп, думаны тарқамаған талай ауылдардың үні өшіп, ел тоз-тоз боп қаңғып кетті. Жапанда жүрген Шәкәрімді біреу атып тастапты деген суық хабарды да естідік.

Аздан соң ел де оңалды. Бірақ, содан кейінгі жылдарда Шәкәрім шығармаларын кітап бетінен көре алмадық, тіпті аты да аталмайтындай болды. Оның себебін түсіндірмекші болған кейбіреулерге біз сенбедік.

Адамның маған бәрі бір,
Не мұсылман, не кәпір,
Тамам адам бір бауыр
Бөлінбесе өлген соң.
Мен ұлтшыл емеспін,
Жақыным мынау демеспін, -
деген ақынның өз сөзіне сендік.

Ақын аты баспа бетін көрмесе де, халық арасында сыйлы қалпында қала берді, қисса-өлеңдері көптің аузында жүрді.

Мен, қарт шешелерің, Жайық Бектұровтың «Ақын мен арамза» поэмасын оқып шығып, көп ойға қалып отырмын. Шәкәрімге қысталаң жылдары жабылған жала, тағылған айып орынсыз. Мұны әлі күнге дейін ашып айтпағандарың жарамайды, балалар. Неге атын айтып, шығармаларын жарияламайсыңдар?

Менің жасым сексенге шықты. Елу жылдай–1939 жылдан–Коммунистік партия қатарындамын. Сендерге айтарым, балаларым, өткенді жасырмаңдар, отызыншы жылдары ошақтарының оты сөнген адамдарды ұмытпаңдар – не бір аяулылар көмусіз қалды ғой - жазыңдар ол туралы.

Өз халқын қаралағыш оңбағандардың мәдениетімізге

тигізген кесірі көп. Қазіргі, шындыққа бет бұрған кезеңде, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабайұлы шығармалары жарыққа шығып, халыққа қайтып оралуға тиіс.

**Хабида Әзбекова,
қарт пенсионер**



**«ПРОСТОР» ЛИТЕРАТУРНО-ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ И
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ СОЮЗА
ПИСАТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА**

№ 657

«28» февраля 1989 г.

Уважаемый Шерхан Муртазаевич!

Мы внимательно познакомились с Вашей рукописью «Письмо Сталину». Ваша пьеса, безусловно, представляет историко-познавательный и социальный интерес. Однако есть «но». Еще со времен И.П.Шухова было принято решение редколлегии «Простора» воздерживаться от публикаций драматических произведений. С той поры это правило соблюдалось неукоснительно. В настоящее время члены редколлегии не находят возможным отменить прежнее решение.

С уважением главный редактор

Г.Толмачев



**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІ
КАБИНЕТ МИНИСТРОВ КАЗАХСКОЙ ССР**

04.07.1991 г.

№ 23-17/17-374

Народному депутату Казахской ССР
товарищу Муртаза Ш.

Кабинет Министров Казахской ССР по поручению товарища Асанбаева Е.М. рассмотрел Ваш запрос о строительстве водовода для космодрома «Байконур».

Учитывая определенную трудность в решении поставленных Вами вопросов, в настоящее время дано поручение заинтересованным республиканским органам проработать весь комплекс вопросов, связанных с водообеспечением космодрома «Байконур».

О принятом решении Вам будет дополнительно сообщено.

**Заместитель Премьер-Министра
Казахской ССР**

Б.Турсумбаев



01.06.1992 г.

Главному редактору
центральной республиканской газеты
«ЕГЕМЕНДИ КАЗАХСТАН»
Известному писателю, депутату
Верховного Совета Республики
КАЗАХСТАН
Г-ну ШЕРХАНУ МУРТАЗЕ
(г.Алма-Ата, ул.Гоголя, 39)

Глубокоуважаемый г-н Шерхан Муртаза!

Руководство, дипломатическая и юридическая службы Санкт-Петербургского (СПб) научно-познавательного и культурно-просветительного общества «ҚАЗАҚ ТІЛІ» («Казахский язык») официально уведомляет Вас о том, что по решению общего собрания Вы единогласно приняты почетным членом Санкт-Петербургского общества «Казахский язык».

Учитывая Ваш вклад в казахскую литературу и журналистику, где Вы дали новый своеобразный стиль в жанрах в сочетании с философией и лучшими традициями Востока и Запада, Общество просит Вас стать главным консультантом Санкт-Петербургского общества «ҚАЗАҚ ТІЛІ» по актуальным проблемам казахской журналистской науки.

СПб общество «ҚАЗАҚ ТІЛІ» обладает необходимыми юридическими правами на территории Санкт-Петербурга и области, Российской Федерации и в странах Содружества Независимых Государств. Мы имеем право открыть свои представительства и филиалы в зарубежных странах.

Из-за отсутствия машинки с казахским шрифтом мы не смогли оформить письмо уведомление на

государственном языке Республики Казахстан, за что общество приносит извинение.

С уважением:

**Президент и глава дипломатической
службы общества,
кандидат физико-мат. наук**

Д.Абишев

**Первый заместитель Президента,
член дипломатической и юридической
службы общества,
канд.эконом. наук.**

М.Т.Кожамкулов

**Заместитель Президента по
делам молодежи и полномочный
представитель
общества РК**

Е.А.Алтаев



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЦЕЛИНОГРАД ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

04.04.1992 г. 1-2/215

Республиканская газета
«Егеменды Казахстан»

Уважаемый Муртаза Шерхан!

Я внимательно ознакомился с Вашей репликой в газете «Егеменды Казахстан» от 1 апреля текущего года.

Полагаю, что Вы излишне драматизируете ситуацию с подписанием письма областного Совета народных депутатов в Государственную ономастическую комиссию Республики Казахстан не мной, а бывшим заместителем председателя Совета т.Жусуповым Б.Г. и совершенно необоснованно пытаетесь обвинить меня в нечестности, уклонении от принятия ответственных решений. По-видимому, это обусловлено Вашей недостаточной осведомленностью об обстоятельствах направления вышеназванного документа в комиссию.

Подготовленный по моему поручению и согласованный со мной текст письма был подписан т. Жусуповым Б.Г. лишь по той причине, что в тот период я находился в Алма-Ате, где при встрече с председателем комиссии т. Джолдасбековым М.Д. предварительно обговорил данный вопрос, и, чтобы не затягивать время, поскольку мне предстояло прямо из Алма-Аты выехать в длительную командировку в США, дал указание т.Жусупову самому подписать письмо и отправить в комиссию. Причину, по которой затянулось рассмотрение комиссией нашего официального обращения, я не знаю.

Но при последней встрече с т.Джолдасбековым М.К., кстати, еще до пресс-конференции, он порекомендовал направить в комиссию еще одно письмо за моей подписью. По возвращении в Целиноград я сразу же сделал это.

Копию письма прилагаю.

С уважением

А.Браун



А.Браунның жоғарыдағы хатының соңына
тіркеген қосымшасы:

**Заместителю Премьер-министра
Республики Казахстан, председателю
Государственной ономастической комиссии
Т.Джолдасбекову М.Д.**

**№ 1-2/154
16.03.1992 г.**

Уважаемый Мырзатай Джолдасбекович!

Как Вам известно, одной из острых проблем, которая широко обсуждается общественностью республики и области, является вопрос о возвращении нашему областному центру названия Акмола.

Прежде всего следует отметить, что отношение к предложению о переименовании города Целинограда неоднозначно. Часть населения, в основном русскоязычного, считает это неприемлемым, так как с именем города связана эпопея освоения целинных и залежных земель. Другая же часть настаивает на возвращении городу прежнего названия, видя в этом акт уважения к истории, памяти предков.

В ряде писем выдвигаются предложения провести референдум, что по нашему мнению, неправомерно. Его результат заранее известен и может привести к еще большему обострению межнациональных отношений.

На наш взгляд, существует единственно правильный путь решения проблемы – это путь правды, путь справедливости, который соотносится с возвращением городу названия Акмола. С ним связана почти

полуторавековая история нашего края. А Целиноград на географической карте появился только в 1961 году и представляет собой типичный пример тоталитарной топонимики, игнорирующей мнение народа, не учитывающей того, что названия населенных пунктов, как язык в целом, - национальное достояние, требующее бережного к себе отношения.

Однако решение вопроса в соответствии с требованиями действующих законодательных актов в нынешнем составе депутатов Целиноградского городского Совета по нашему мнению не представляется возможным. Предварительная проработка этого вопроса на сессии, в постоянных комиссиях положительных результатов не дала и нет уверенности в том, что удастся переубедить депутатов в дальнейшем. Между тем давление со стороны коренного населения с каждым днем нарастает, поступают многочисленные письма, обращения от граждан, общественных объединений и организаций, в том числе из других регионов республики, с требованием ускорить возвращение областному центру его исторического имени.

При таких обстоятельствах считаем целесообразным принятие решения по данному вопросу на уровне высших органов государственной власти республики, тем более, что в 1961 году Акмолинск был переименован Президиумом Верховного Совета Казахской ССР без учета мнения населения города, общественности и местных органов власти. При этом мы исходим из того, что возвращение областному центру прежнего названия вовсе не означает умаления роли и значения целинной эпопеи. Мы отдаем дань глубокого уважения завидной судьбе первоцелинников. Памятник целине – это совхозы, поселки, проспекты и улицы, Дворцы культуры, кинотеатры и многое другое. Следовательно, дело не в отрицании значения целины, трудового героизма первоцелинников, а в восстановлении стертого с географических карт, вычеркнутого со страниц истории.

Внося свое предложение, мы также имеем в виду, что, в случае принятия Целиноградским городским Советом отрицательного решения, практически исключается возможность повторного положительного рассмотрения вопроса как в городском, так и в Верховном Совете республики.

Убедительно просим наше предложение поддержать.

А.Г.Браун



15.11.1993 ж.

Құрметті редакция!

Бұл хатты жолдап отырған 85-ке келген қариямын. Қуанышымда шек жоқ, қазағымның өз ақшасы – теңгесі шықты, бұл мен үшін жүрек қозғалтарлық тарихи жаңалық. Сондықтан Алматыдағы министрлік қызметтегілерге, президентіміз Нұрсұлтанға шын жүректен алғысымды жолдаймын. Алла жар болсын! Бастаған істері оңға бассын! Ақшадағы ата-бабаларымыздың суреттері орынды қойылған, қалған уақытта осы ақшаны құрандай көріп, басыма жастанып жатамын. Бір қосайын дегенім ақшамызда Нұрсұлтанның суреті жоқ. Нұрсұлтанның арқасында елімізге, жерімізге нұр жауып тұрған жоқ па? Түркістанның ақшасында Ниязовтың суреті бар. Ал бұдан былай 200 теңгелік шықса, Нұрсұлтанның суретін шығаруларыңызды сұраймын. Шындығына келсек, дүкендерімізде де портретін сатпайды, сатып алып төріме іліп қойып, қарап отырар едім.

Бар айтарым осы, саушылықта болыңдар, қарақтарым.

**Хат жолдаушы дербес зейнеткер, ҰОС ардагері
Сәрсенғали Құспанов**



01.11. 1994 ж.

Шерхан!

Қымбатты, қарағым, өзіңді, сөзіңді сағынып жүргенде, бірге өткізген бір кеш көңіл шіркінді көтеріп-ақ тастады. Алдыңғы ағалар қатары сиреген сайын алыста қалған, қиын жылдарда өткен аяулы күндер елестеп, мына сағым дүниеге сыймай жүргенде бұ да болса бір ғанибет болды.

Тау кезіп, өткен-кеткенді жырласақ деген ой көкейден кетпейді. Уақытың болмай-ақ қойды ғой, айналайын!

Бәйдекең жайындағы сөз де алда ғой. Аман жүрсек, парызымыз, қарызымыз мойында кетпес. Кешіктірмей бұл жайындағы әңгімемізді жалғармыз.

**Денің сау болып аман жүргеніңе тілеулес,
ниеттес ағаң Еркінбек**



02.06.1994г.

Г.Алматы

Депутату Верховного Совета Республики
Казахстан Шерхану Муртазе

Уважаемый Шерхан Муртаза!

Инвалиды по зрению благодарят Вас за поддержку борьбы инвалидов за сохранение им льгот. О Вашей поддержке мы узнали в одном из репортажей из Верховного Совета Республики Казахстан.

Вы действительно правы, что инвалидов (без двух ног, проводящих свою жизнь в коляске, без двух рук, полностью слепых или лежащих в параличе) уже и так обидела судьба, и нельзя, чтобы государственные деятели, которым дана большая власть, теперь окончательно добились бы их своими решениями об упразднении льгот не только морально, но еще и физически. О каких налогах и сборах с этих беспомощных людей может идти речь? Здесь решение, на наш взгляд, должно быть однозначным: «Освободить инвалидов первой группы всех категорий, нуждающихся по заключению ВТЭК в постоянной посторонней помощи от всех налогов и сборов, сохранив за ними в полном объеме все прежние льготы (включая и льготы по налогам)». При этом нужно учесть, что таких людей у нас не так уж и много.

Мы прекрасно понимаем, что человек без руки или без ноги, человек с ослабленным зрением, но видящий перед собой дорогу и хотя бы с трудом читающий книги, - это тоже инвалиды. И им тоже нужны льготы. Но эти льготы могут быть другими. В этом и должна проявиться адресность и дифференциация государственной помощи в виде льгот инвалидам.

Құрметті Шерхан Мұртаза! «Мүгедегі мүсәпір елдің ісі алға баспас» деген сөз бар. Өкінішке орай

мүгедектердің қазіргі халі ешкімді де ойландырмайтын сияқты. Сіз осы жағдайды тағы да бір рет көтересіз деп сенеміз.

Уважаемый Шерхан Муртаза! Незрячие люди просят Вас сделать все, что только в Ваших силах, чтобы убедить своих коллег принять справедливое решение о льготах инвалидам (включая и льготы по налогам). Вас будут благодарить за это инвалиды нашей республики.

С уважением инвалиды по зрению (по поручению инициативной группы по восстановлению льгот инвалидам): Сапелкин А.Ф., Джумабеков М.Т., Сабазов С.О., Ивановский В.В., Байтасов, Шин Ю.К.



**01.12.1994 г.
г.Алматы**

Уважаемый Шерхан Муртаза!

Инициативная группа инвалидов по зрению о возвращении льгот инвалидам благодарит лично Вас и Ваших сторонников за вклад, который Вы внесли в принятие в сентябре этого года с исправлениями и дополнениями Закона РК о социальной защищенности инвалидов.

Но инвалидов ждет новая беда.

Кабинет Министров нашей республики внес в Верховный Совет Налоговый Кодекс, который фактически отменяет большинство налоговых льгот инвалидам, предоставленные им сентябрьским законом.

Очень просим Вас добиться, чтобы в Налоговом Кодексе РК был пункт или примечание следующего содержания:

«Инвалиды и их организации пользуются налоговыми

льготами в соответствии с Законом РК о социальной защищенности инвалидов РК».

В Налоговом Кодексе прямо об отмене льгот инвалидам ничего не говорится, а делается это с помощью перечисления отдельных льгот и умалчивания о других из них по сравнению с Законом о социальной защищенности инвалидов РК.

А Налоговый Кодекс будет единственным документом, в соответствии с которым будут взиматься налоги с отдельных граждан и организаций нашей республики, поэтому Закон о социальной защищенности инвалидов РК по вопросу налоговых льгот потеряет свое значение.

Мы очень хотим верить, что все депутаты Верховного Совета РК проявят принципиальность и не допустят, чтобы принятые ими решения о льготах инвалидам по налогам в сентябре были ими же отменены в декабре этого года.

**С уважением
по поручению инициативной группы:
Шин Ю.К., Сапелкин А.Ф.**



**19.09.1994 ж.
Шаян**

Шерхан!

Рысқұлов Тұрардың үлкен жиыны алдында газеттегі балалар менен осы Ұлы аға жайында бір нәрсе бере алмайсыз ба, деп сұраған еді. Сонда, бала кезімізде әкенің Рысқұлды көргені жайлы бір әңгімесі еске оралып, сол әңгімені жазып берген едім.

Газеттің (осы әңгіме басылған) Рысқұловқа арналған санын естелік ретінде өзіңе жіберіп отырмын. Тұрар ағаның ұшан-теңіз тарихына және өзің ұзақ жылдар еткен

Ұлы еңбегіңе қосылған бір тамшы үлес болса, соның өзі де маған үлкен мәртебе.

Қалың көп ішінде уақыт тар, кең сөйлесе алмадық. Өзіңді көріп, көпке айтқан сөзіңді (барлық сөзді) тебірене тыңдап, бар көрген-білгенге көп риза боп қайттық.

**Бауырластық сәлеммен
Еркінбек көкең**



18.03.1994 ж.

Құрметті Шерхан Мұртаза!

Сіздің Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайлануыңызға байланысты шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыз.

Халық қалаулысы ретінде Сіз республиканың ең бұқаралық-қоғамдық ұйымы – Кәсіподақтар Федерациясының еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған бастамаларын қолдайды деп үміттенеміз.

Сіздің денсаулығыңыздың зор, Қазақстанның болашақта гүлденуі жолында парламенттегі қызметіңіздің жемісті болуына тілектестік білдіреміз.

**Құрметпен
Кәсіподақтар Федерациясының
төрағасы**

Сиязбек Мұқашев



24.11.1994 ж.

Уважаемый Шерхан Муртазаевич!

Вы меня не знаете. А о Вас мне многое хорошее рассказал узбекский писатель (сам казах) Насир Фазилов и убедил, что Вы сможете мне помочь. Почему у нас с ним пошел разговор о Вас? Дело в том, что в последнее время мне поручено написать очерк о Тураре Рыскулове (Я - журналист, переводчик, пишу очерки о репрессированных деятелях культуры и журналистики).

Поработала в архивах и библиотеках, познакомилась с материалами узбекской и казахского энциклопедий, брошюрой С.Бейсенбаева и С.Кульбаева. Во всех этих материалах дата смерти Рыскулова разная – 1936, 1938 и 1943. Не нашла материала о последних годах его жизни. О том, что он репрессирован, все молчат. Я об этом не хочу молчать, но у меня нет материала. Сейчас архивы снова закрыты (у нас).

В 1994 году исполняется 100 лет со дня его рождения. Я не хочу довольствоваться теми материалами, которые у меня под рукой.

В былые времена я обязательно съездила бы в Алматы. Но сейчас времена другие, и мне много лет. Поэтому решила обратиться к Вам за помощью. Не обессудьте, пожалуйста.

Я знаю, Вы очень занятой человек. Времени ни на что не хватает (работу Вашей компании представляю немного). Но несмотря ни на что, все таки обращаюсь к Вам. Узнала, что Вы написали документальную повесть о Рыскулове, но, к сожалению, мои поиски ни к чему не привели, просить у Вас эти книги - язык не поворачивается, знаю как все это сложно, если тираж распродан.

К Вам с огромной просьбой обращаюсь, уважаемый Шерхан Муртазаевич. Мне сказали, что сын и дочь

Рыскулова живут в Алматы. Будьте так добры, дайте мне их координаты, или же дайте им мои координаты. Мы с ними одного поля ягода – мой отец ровестник Рыскулова, тоже репрессирован (чего мы не знали в течение 60 лет – для нас он пропал без вести) в ноябре 1930 года и в апреле 1931 года расстреляли в Москве, в 1957 году был реабилитирован. Я познакомилась с делом отца (20 томов) и написала книгу, если бог даст, в 1994 г. увидит свет. Поэтому боль Рыскулова и других ему подобных - это моя боль. В очерке очень хотелось бы сказать, что жизнь Рыскулова продолжают его дети, что он живет в них. Но жаль, у меня нет материала. Кто они, чем дышат?

Извините что у Вас отняла столько времени.

Прошу Вас, будьте так любезны, не откажите в любезности помочь коллеге

Заранее благодарю.

С приветом **Халида Ахрарова**



**АСА ҚҰРМЕТТІ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ЖӘНЕ БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІ
ҚАЗАҚТАРЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ
НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВ МЫРЗА!**

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАНКҮЙЕР ЕЛ АҒАЛАРЫНЫҢ
БІРІ ШЕРХАН МҰРТАЗА МЫРЗА!**

23.06.1994 ж.

ҰЛЫ МӘРТЕБЕЛІ МЫРЗАЛАР!

Мен сіздерге Қызылқұмның қақ ортасында жайласқан ТАУЕЛІБАЙ елінен екінші рет хат жолдап, алыстағы Тамды, Үшқұдық аудандарының негізгі халқы атынан көңіл түйіткілдерін жазып жеткермекпін. Менің ойымда ұлтшылдық, басқа ұлтты менсінбеу секілді пасық пікір жоқ.

Біздің Тамды ауданы 1925 жылдың 10 ноябрь күні Қарақалпақ автономиялы облысының Төрткөл округі құрамынан Тамды және Мыңбұлақ болыстары негізінде өз алдына әкімшілік бірлік – аудан болып бөлініп шыққан еді. Ол кезде Қарақалпақ автономиялы облысы ҚАЗАҚ АССР-іне, ал ҚАЗАҚ АССР-і болса РСФСР-ге қарайтын еді. Демек, біздің Тамды ауданымыз Қазақстанның құрамында дүниеге келген. Бертін келе 1930 жылдардың орталарында «Жаңа Сталиндік конституцияны» қабылдау қарсаңында Қарақалпақстанға автономиялы республика статусы берілді де, ол Қазақстаннан бөліп алынып, Өзбекстанға берілді. Сөйтіп, біздің ауданымыз аяқ астынан Өзбекстан болып шыға келді. Бұл аздай-ақ ҰОС-ның қайнап тұрған кезінде, 1943 жылы транспорттық қатынасқа ыңғайлы деген желеумен біздің ауданымызды Бұхара облысына қаратып жіберді. Ал 1980 жылдардан

бері біздің аудандарымызды бірде Навои, бірде Самарқанд, бірде Бұхара облыстарына қаратып, тақия телпек ойнағандай әурелеумен келеді. Қазір Навои облысына қарап отырмыз. Біздің Тамды ауданының тарихы қысқаша міне осындай. Ал Үшқұдық ауданы болса, 1980 жылдарда Тамдыдан енші алып бөлініп шыққан бұрынғы Мыңбұлақ болысының территориясының аз ғанасы.

Біздің ауданымыздың Қазақстан құрамында пайда болғандығы туралы құжаттар Қарақалпақстанның партархивінде сақталған. Мен бұл туралы «Советская Бухара» атты облыстық газетте 1990 жылдың 4 август күні «История родного края» деген деректі мақала басып жариялаттырғанмын. Онымды көлемді мақала етіп Қазақстанның «Арай» журналына ұсынып едім. Бірақ ол баспады. Сонан соң қазақ радиосының «Шалқар» бағдарламасына интервью бердім. Ол жарияланды. Ол туралы «Азаттық» радио бекетінде хабар берді. Бірақ Тау Елібай елінің мұң-мұқтажына ешкім де көңіл бөлмей келеді. Сондықтан арызымызды тыңдап, жоғымызды жоқтар, арымызды арлап, алыстағы ағайынға жәрдем қолын созар деген үмітпен сіздерге ел мұңын шағып отырмын.

1) Әлімсақтан бері біздің жеріміз – Тауелібайды кіші жүздің Шөмекей және Жетіру тайпалары қоныстанып, көшіп-қонып, қой шаруашылығымен шұғылданып келген. Бұл жерге 1960 жылдарға дейін басқа ұлт өкілдерінің табаны да тимеген. Біздің 10-15 аталыққа дейінгі аруақ болып кеткен аталарымыздың қасиетті қабірлері осында. Бұл жердегі жайылым жер, су, құдық, елді мекендердің аттары ата-бабаларымыздың есімдерімен аталған. Мұнда Балқы Базар сынды жыр дүлдүлі де, батырлары да, аруақты әулиелері де жерленген. Мұның өзі бұл жердің атам заманнан бері Қазақ жері екендігінің айқын дәлелі. Ал 1950 жылдардың орталарында Заравшан, Үшқұдық секілді кенді қалалар, Бесапан, Белтау, Қақпатас, Мұрынтау, Газли Зафарабад секілді қала типінде

жұмысшылар поселкілері бой көтеріп, оларға орыстар, өзбектер, тәжіктер т.б. ұлт өкілдері көптеп көшіріліп әкеліп, қоныстандырылды. Жер суымыздың бұрынғы атауларын өзгертіп, Газли (бұрынғы «Гәжді»), Зарафшан (бұрынға «Атантай»), Зафарабад (бұрынғы «Көкше») т.б. өзбекше атай бастады. Ал бұл жердің ежелден қазақтың Тауелібай деген мекені екендігін Қазақстандағы ағайындар мүлдем білмейді-ау деп ойлаймын. Өйткені Қазақ Совет энциклопедиясы деген томдарда «Тамды», «Тауелібай» деген атаулар аталмай қалыпты. Ал бұл жер атына сай өте бай өлке. Үшқұдықтан атом энергиясының көзі уран өндіріледі. Ал Мұрынтай мен Қақпатастан 9999 пробалы таза алтын алынады. Жер бетінен ашық әдіспен өндірілетін бұл алтынның молшылығы сонша, ширек ғасырдан астам уақыттан бері жылына 70-80 тоннадан алтын өндіріліп келгені белгілі болып отыр. Ал өрісіміз толы қойлардан дүниедегі ең сапалы қаракөл елтірілері өндіріледі. Осынша қыруар байлық өндіріп отырған біздің Тауелібай жері әлеуметтік өркендеуде мешеу болып қалып отыр. Жеріміз қойнауынан алынып жатқан алтын мен уранның бізге оларды өндіру үшін қолданылған улы қоспалардың уы мен радиациясы ғана бұйырып, елімізде неше түрлі ауру-сырқау, өлім-жітім көбейіп кетті. Өткен жылдан бері біздің Өзінек бала Карак деген жерімізден (Арыстан тауы етегінде) ФОСФОР заводын салу ісі мықтап қолға алынды. Егер ол іске қосылса біздің жерімізде өндірістік уланудан адам түгіл, мал да өмір сүре алмауы мүмкін. Біз өндірген қаракөлді «Бұхара қаракөлі», біздің Мұрынтаудан шыққан сап алтынды «Өзбекстен Тилласи» деп көкіректерін керетін өзбек ағайын, байлығымызды сыпырып алғанмен Тауелібай халқының тұрмысын жақсарту, экологиялық апат зардаптарына тосқауылдық жасауға қаражат бөліп, жергілікті халықтың денсаулығын нығайту үшін әрекет ету ісіне тіпті мән бермей отыр. Ол аздай-ақ, соңғы жылдары Өзбекстан тәуелсіз ел болды деп, өзбектер басқа ұлт өкілдеріне мүлдем атүсті қарап, менсінбейтін-

ді, тіпті күш жұмсап жәбірлейтінді шығарды. Бұл қорлыққа шыдамаған кейбір қожалықтар (жанұялар) Қазақстанға көшіп жатыр. Бірақ бұл мәселенің дұрыс шешімі емес екендігін түсінуіміз керек.

Біз қойнауы толы қазына, өрісі толы мыңғырған мал болған ата қонысымызды тастап тәрк етіп, үй-жайымызды, аруақты аталарымыздың қасиетті қабірлерін тастап қайда көшіп кетпекпіз? Біздің осындай аянышты халімізге егеменді ел болып ту көтерген қазақстандық бауырларымыз көңіл бөліп, қол ұшын бермес па екен. Шын мәнінде, тәуелсіз Өзбекстанның экономикалық негізін біздің Тауелібай жері көтеріп отыр емес пе? Швейцария банкіне, басқа да батыс елдері банктеріне гарант етіп қойылған алтындар біздің Мұрынтаудан, 9999 пробалы саф алтыны емес пе? Байлығымызды ондаған, жүздеген тонна мөлшерінде талап алып жатқан өзбек ағайын бізді неге шеттетіп, туған жерімізден ысыруға әрекет етуде?

Назарбаев пен Каримов бір-біріне ат мінгізіп, шапан жапқанмен, құшақтасып, арқа қаққанымен достық орнап қалмайтынын біз өз жеріміздің қазіргі жағдайынан жақсы ұғатындай дәрежеге жеттік. Қазір Өзбекстан президенті Каримовтың өзі Заравшан, Үшқұдық секілді кенді қалаларымызға, жергілікті қазақ жігіттерін жолатпай (прописка өтпейді, пәтер де, жұмыс та бермейді), өзбектерді көшіріп әкелу үшін әрекет етуде. Құрылысы біткен үй-жайларды құлыптап, ешкімге бергізбей, өз ағайындарына сақтауда. Мұндағы мақсат Тауелібай жерін тез арада, жедел түрде өзбектендіру ғана. Әйтпесе, біздің аудандарымызда мыңдаған жастар жұмыс таппай сандалып жүр ғой. Неге біз өз ата мекенімізде жұмысқа орналасуға, пәтер жалдауға праволы емеспіз?

1991 жылдың ноябірінде Мұрынтай алтын кенінен алтын өндіру ісін қолға алуды Президент Каримов Американың «Мьюмонт майнинг корпорейшн» корпорациясына договормен тапсырды. Біздің аудан

жұртшылығымен ақылдасып, кеңеспеді де. Сонда біздің байлығымызды кім болса сол талай бермек пе? Атақты Тұрмағамбет Ізтілеуов «бұл түйе неге бақырады?» деген өзбектің сұрауына өлеңдетіп:

«Үстіме төрт қап жүкті арттың,
Мұрнымды тесіп, бұйдаменен тарттың,
Өлсем өз қазағымның қолында өлсем болмай ма,

Тап, әкеңнің аузын, сендей сарттың», - деп түйе бақырғанын аудармалап берген екен. Сондай-ақ Тауелібай алтынын өз қазағымыз алса болмай ма? Сондықтан, Тауелібай референдум жолымен, не басқа жолмен Қазақстанға қаратып алу керек. Күні кешегі 1936 жылға дейін өз елі, өз жері болған елді даулап ала алмасaq егемендігіміз қайсы?

Бізде өзбек ағайындарды жақтап, солардың қол астында жүруді жақтайтындар да табылар. Олар Өзбек арқылы амал алып, лауазымға ие болып, байлық арттырғандар. Ал қарапайым халық өз бауырластарымен бірге болып, өзінің егеменді қазақ еліне қосылуды қалайды. Сондықтан бұл істе алыстағы ағайынның арын арлап, жоғын жоқтап қол ұшын берсеңіздер екен.

**Туысқандық сәлеммен Календер Бисенбайұлы,
зейнеткер, Тамды аудандық мәдениет үйінің
директоры, Өзбекстан ағарту ісінің озаты.**



13.02.1995 ж.

**Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесіне,
депутат, жазушы Ш.Мұртазаға**

**Қадірлі де құрметті халық қалаулысы,
халық қамқоршысы Шерхан аға!**

Халық мүддесін қорғаушы асыл азаматтарға үндеу

Қазақ халқы 3 ғасырдай бодандықты, 74 жыл орыстандыру, соңғы 4 жылда мәңгүрттендіру саясатын басынан өткерді. Егемендік жариялағаннан соң жүргізілген реформа нәтижесінде халық қайыршылыққа ұшырады, қазақ тілі мен қазақ халқының ұлттық мүдделері аяққа басылды. Халық мүддесіне қарсы жүргізілген жекешелендіру барысында байыған, халық қазынасынан берілген арзан кредитпен қорланған бір топ бизнесмендер қазақ ұлтын жоюға бағытталған саясат жолына түсті. Бұған тең жартысын басқа ұлт жайлаған қасіретті қазақ даласын, сырттан көз алартушылықты (шекаралас аймақтармен тығыз экономикалық байланыс орнатудағы Ресейдің түпкі мақсаты – Қазақстанның солтүстік 5 облысын бөліп алмақшы), экологиялық апатты, Ресеймен Евразия құру, Европамен бірлесу саясатын қоссақ, халық басына қара бұлттардың қаптағанын көреміз. Қазақ халқының жойылып, жерінің талан-таражға түсуі, Қазақстан мемлекетінің келешексіздік апаттары мәңгүрттік саясаттың дәрменсіздігі нәтижесінде шын мәніндегі қатерлі қасіретке айналды. Мәңгүрт үкімет пен мәңгүрттік саясат нәтижесінде халық қазынасы талан-таражға түсіп, су тегін шетелдерге тиелуде. (Мысалы, Қарағандының көмірі 5,2 млрдтай теңгеге Ресейге; 1,7 млрдтайы ғана –

Қазақстанға, Рудныйдың кені, Маңғыстаудың мұнайы т.б. тегін Ресейге тиеліп, олар ақша төлемейді, басшылары 100 мың теңгеден аса жалақы алып, жұмысшыларға жалақы төлеуді, «проблемаларын шешуді» Қазақстан үкіметінен талап етуде! Барлық өнімдер шетке Ресейдің делдалдығымен сатылады, көп жағдайда делдалдар жер қаптырады! Енді сол Ресеймен Одақ құрмақшы...)

Бұдан ары үндемей қалу, артын күту – дәрменсіздікті, сана соқырлығын көрсетеді, халқымызды жоюға әкеледі. Ұлтымызды сақтап қалу, мемлекетімізді жоғалтпау үшін белсенді күресетін уақыт жетті. Сәл кешікsek – қайтарылмас процестерге – халықтың ассимиляциялану, мемлекеттің бөлшектену – немесе ұлт азаттық соғысына душар боламыз. Әзірше, белсенді саясат нәтижесінде парламенттің көмегімен бұл апаттардың алдын-алу, ұлттық мүддені қорғау мүмкіндігі сәл де болса мүмкін болып тұр. Ол үшін парламент бұрынғы ымырашылдықты қойып, халық мүддесі үшін белсенді де баянды саясат жүргізуі тиіс болды.

Ол үшін,

Біріншіден, Конституцияны – Ата Заңды қорғайтын заң қабылдау керек, яғни Конституцияға қарсы, не ревизия жасауға ұмтылған адамдарды Конституциялық сотта жауапқа тарту,

Әрине, Конституция догма емес, сонымен қатар Конституция – мемлекет негізі. Әр нәрсені шексіз дамытуға болады, бұл жолға түссек еш уақытта мемлекет құра алмаймыз, себебі сүйенер Ата Заң жоқ. Қанағат керек. Осы Конституцияны 15-20 жылға өзгеріссіз қанағат етсек, соған сүйеніп беріп берік мемлекет құру мүмкіндігі туады. Ал Конституцияны ойыншық етіп күнде өзгертсек, ондай мемлекеттің өзі де ойыншыққа айналады, ондай мемлекеттің болашағы жоқ;

Екіншіден, ұлттық мүддеге жауап беретін экономикалық саясат құру. Жер және ондағы қазба байлықтары қазақ халқының ұлттық мүддесі болып табылады, сондықтан олар меншіктелмеуге тиіс – жаңа

экономикалық саясаттың негізі осы.

Біздің ата-бабаларымыз ерлікпен шайқасып, осынша зор территорияны ұрпақтарына қалдырды. Қызыл сөздің қажеті жоқ, тек фактілерге жүгінелік: «Батырлар жырында жырланатын ата-бабаларымыз шайқасқан жоңғарлардың жойылуы, қалмақтардың небәрі 300 мыңнан аспауы, қызылбастардың (ианның) өз шекарасынан аспауы, монғолдардың 1 млн-дай» ғана қалуы соның куәсі. Ата-бабаларымыз қанша қырғын, қуғын көрсе де 10 млн.-дай ұрпақ қалдырып, бай тілін, ауыз әдебиетін, өнерін, алып территориясын бізге мұраға қалдырған. Сондықтан жер және ондағы қазба байлықтарының мұрагері, иегері – тек қазақ халқы, оның тағдырын шешуге ат төбеліндей мәңгүрт бизнесмендердің, не болмаса халық сайласа да президенттің еш хақысы жоқ, қалай сайласа, керек болса, солай кері қайтарып, қажет болса ұлт- азаттық көтеріліске шығып, соғыс ашуға халық дайын. Себебі, жер тағдыры – ел тағдыры, қазақ халқының жерін сатып, талан-таражға салу – арсыздық. Мәңгүрттік саясат дегеніміз – өз тілін, тарихын, ерекшелігін, өз ұлттық мүддесін аяққа таптап, басқаға жалаң еліктеу, бөтеннің жолымен жүру, ол жақсылыққа апармасы хақ.

Сындарлы саясат – өз ұлттық мүддемізді ескеріп – өз аралас моделімізді құру. Ол бойынша жер және ондағы қазба байлықтарды (мұнай, газ, көмір, темір, мыс, алтын, мырыш, т.б.) игеруді мемлекет меншігіне алып, мемлекеттік акционерлік қоғамдар құру керек. Оның басшыларын, парламент пен үкімет кеңесін тағайындап, жалақысын түскен таза пайда мен жұмысшылар жалақысына байланыстырып, үкіметтен басқарылуы, тиімді маркетинг ұйымдастырылуы қажет. Түскен қаражат қазақ тілін, әдебиетін, мәдениетін, мектебін, өнерін, ауылдағы реформаны инвестициялауға жұмсалуды қажет. Жерге де арендалық төлем баршадан алынып, ол қаражат қазақ халқының ұлттық дамуына, игілігіне жұмсалуды қажет.

Үшіншіден, үкімет шет ел инвестициясын, кредиттерін, қарызын қалай жұмсап жатқаны жөнінде парламентке есеп беруі керек. Себебі, ол борыштар халық мойнына жазылып жатыр, ұрпаққа батпандай жүк артып жатыр.

**Бір топ азаматтар.
(Калиаскаров О.С., Алдабергенова Г., Камалова,
Тасыбекова Х.А., Абылгазина С., Омарова Т. және
басқалар)**



02.07.1996 ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ
ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ
ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС**

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ СОВЕТ ПО ГОСУДАРСТВЕННОЙ
ПОЛИТИКЕ ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

Члену Национального совета
по государственной политике
писателю Муртаза Ш.

Уважаемый Шаке!

В связи с подготовкой концепции языковой политики в Республике Казахстан рабочей группой разработан вариант проекта концепции.

Ваши рекомендации по этой проблеме могли бы существенно помочь в процессе работы над проектом.

Просим представить Ваши предложения в Секретариат к 15 июля 1996 года.

Секретарь Совета

Т.Абдиков



11.1999 ж.

Аса ардақты Шерхан Мұртаза!

Қалың елдің тілегі қабыл болып, Парламент Мәжілісінің депутаты болдыңыз. Сіздің үніңіз Парламенттен тағы да саңқылдап естілетініне сенімдіміз. Сондықтан да ел тілегін айтпақпыз.

Елдің ең бірінші байлығы, бабалардан қалған мұрасы – ЖЕР. Ендеше халықтың ықтиярынсыз жерді сатуға болмайды. Жердің, судың қойнауларындағы барлық байлық – халықтікі. Халық байлықтарын бұрын да, бүгінде, біліп те, білмей де талан-таражға салған мемлекеттік шенеуніктер заң алдында, халық алдында бастарымен жауап берсін.

Тағы бір әбден шегіне жеткен мәселе, жарылғалы тұрған жара – сыбайлас жемқорлық, ұрлық-қарлық, парақорлық. Оның тамырына балта шабу үшін барлық деңгейдегі әкімдерді сайлау керек. Әйтпесе, әділеттілік болмайды. Ел ешкімге, ештеңеге сенбеген қалпында қалады.

Аса маңызды осы екі мәселе айтушысын күтіп келеді. Қара қылды қақ жарып, ақиқатты ашық айтатын қайраткер ретінде Сізге тілек осы.

Қадірлі Шерхан!

Құдай Сізге қуат, айнымас абырой берсін!
Халқыңыздың бағына аман жүре беріңіз.

С.Шәкіров ауылы, Тамабек ауылы, Бөлтірік ауылы, Қаратау қаласы тұрғындары



Құрметті Шерхан Мұртаза ағай!

Саламатсыз ба? Сізге хат жазудағы басты мақсатым ақыл сұрап және қол ұшын берсеңіз екен деген тілек еді.

Бала күнімнен армандағаным журналистік мамандық болатын. Он бір жылдықты Арал аудандық № 21 қазақ орта мектебінен бітіріп, Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы университеттің филология факультеті, журналистика бөліміне ақылы түрде оқуға түстім. Өткен жылы 60000 теңге төлеп, бірінші курсты бітірдім. Енді екінші курсымның ақшасын төлей алмай, қиналып жатырмын. Сырттай бөлімге ауысайын десем, сырттай бөлім жоқ. Деканаттан күнде-күнде «ақшаларыңызды төлеңдер, болмаса оқудан шығарамыз» деген сөзді естігенде қатты қорқамын, оқудан шығып қалатын шығармын деп. Мені қатты қиналтатыны әкем де, шешем де жұмыссыз. Үйде екеуінен бөтен ақша табатын адам жоқ. Үлкен апам бар еді, қазір ол тұрмыста. Кезінде ол да Түркістандағы Қ.Иассауи атындағы қазақ-түрік университетінің экономика факультетіне түсіп, түрлі себептермен оқудан шықты. Сонан болар осы күні мен де оқудан шығып қалатын сияқты болам да тұрам. Қатты қорқам, уайымдаймын.

Менің ойым, оқуымды сырттай оқып, жұмыс істеп, оқуыма өзім ақша тауып, әке-шешеме салмағымды салмасам деген еді. Артымда сіңлі-інілерім бар, биыл бір сіңлім бітірейін деп отыр. Ол да оқығысы келеді, ал әке-шешем менің оқуыма ақша таба алмай қиналып жатыр. Осы Ақтөбеден ешқандай жұмыс таба алмадым. Теледидар, радио, газетке де бардым жұмыс сұрап, бізге қолы бос адам керек, студенттер керек емес дейді бәрі де.

Жасыратыны жоқ ауыл мектебінің аты ауыл, мектепті төртпен бітірдім. Онан келіп 1998 жылы бірінші рет ашылып жатқан бөлімге келіп оқуға түстім. Бұрыннан қалыптасқан базасы болмағаннан кейін ар жағы айтпаса да түсінікті. Әке-шешем аузынан жырып ақша төлеп

жатқанда дұрыс білім алып шығып, еңбектерін ақтасам деп армандаймын. Еркін ізденіп, жақсы білім алуыма аяқтан шалып, етектен тартқан нарықтық заман жіберер емес.

Сізден өтініп сұрарым, Алматыдағы КазГУ-дың журналистика факультетінің сырттай бөліміне ауысуыма қол ұшын берсеңіз екен. Білімімді еңбегіммен ұштастырып, адал еңбегіммен өз-өзімнің материалдық жағдайымды жетістіріп, кейінгі сіңлі-інілерімнің оқуына кесірімді тигізбесем екен деген ниетпен осы хатымды өзіңізге аса зор үмітпен жолдап отырмын.

Үлкен үмітпен хат жазушы: Әдина Жүсіпова
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің
филология факультеті, журналистика бөлімінің
2-курс студенті.

Мекен-жайым: Ақтөбе қаласы
Есет батыр көшесі 89 үй, 20 пәтер



**Қазақтың мемлекеттік Ұлттық
университетінің ректоры
К.Нәрібаев мырзаға**

Құрметті Көпжасар мырза!

Менің атыма Ақтөбе университетінің студенті Әдина Жүсіпова жазған хаттың көшірмесін жіберіп отырмын. Ол қыздан Сізге арыз-хат та келер. Мүмкіндігінше қарарсыз. Ісіңізге игілік тілеуші –

ШЕРХАН МҰРТАЗА



Қымбатты Әдина!

Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректоры Көпжасар Нәрібаевпен сөйлестім. Ол қарсы емес. Хатыңның көшірмесін тапсырдым.

Ректордың айтқаны: Оның атына арыз.

Онда оқу ақысын төлей алмадым деген сөз айтылмасын.

Бірінші сессия аяқталған соң да ауысуға болады.

Арызды кешіктірмеген жөн сияқты. Өзің оқып жүрген университеттен оңды мінездеме керек болар. Ниеті дұрыс. Ендігісі өзіңе байланысты. Мақсатыңа жете бер деген тілекпен

Шерхан МҰРТАЗА.



16.02.2006 ж.

Қадірлі Шерхан аға!

Сау-саламат барсыз ба?

Уақыт пен кеңістіктің бір қиырынан бұл хатты жазып отырған Сайлаубай Жұбатыров деген ініңіз.

Денсаулығыңыз жақсы ма? Отбасы аман ба?

Осыдан біраз бұрын Сізді (Фариза, Төлен ағаларды бастатып) бір дастарханға шақырғанмын, келуге де, хабарласуға да қолыңыз тимеді-ау деймін... Оған да 8 жылдың жүзі болып қалыпты...

Мынау, абыр-сабыр уақытта, ел-жер деп аңқылдап келіп, мың-сан проблемалар толқындарында бір көлеңке, бір күнгейге малтығып жүрген жай бар. Сол тірліктің бір ұтырында, бұл ініңіздің аз-кем еңбегі ескеріліп, екі

бөлімнен тұратын деректі киносюжет түсіру талабы қолға алынып жатыр. Сонау, кеңестік тиымды дәуірден бастап, 40 жылдай Арал жоғын жоқтау, КОКП XXVI съезіне Арал балықшыларының Хаты, "Кіші Арал" идеясын көтеру, Шардара-Ырғыз арасындағы бейнетті жолдар, Қазақстан суларын бері әкелу, әдебиеттегі тірліктер сияқты біраз өмір-кезеңдерді қамтиды. Атқарушылары: "Торғай-Петролеум" АҚ мен Қызылорда облыстық телерадио кешені.

Өмірбаян беттерінің мәнді тараулары Алматымен байланысты. Көңіліме сол өрісте көзге түсер қадау-қадау биіктер көрінеді. Бір емес, бірнеше кезең Сізбен, Сіздің атыңызбен тығыз байланысты екен. Осы жайтты біраз безбенге салып, өзіңізді тағы бір мазалауға бекіндім.

70-жылдардың басы. Қазақстан комсомолы мен "Жалын" альманағының бәйгесі... Ондаған жылдық сол өткен тарих ұмытылыңқырап қалды ма деген оймен, сол оқиғалардың мәнді детальдарын қайта жаңғыртып отырмын. Мен үшін аса қымбат тарихтан екі фактыны екшеп айтамын:

1. Аталмыш, алғашқы бәйге қорытындысы әдебиетіміз тарихындағы аса әділетті шешім болды. (Әйтпесе, 22 жасар студентке есе қайда!) Әділ қазылар алқасы төрағасы, "Жалын" альманағының редакторы Ш.Мұртазаевтың сөзімен: "...Сайлаубай Жұбатыров әдебиеттегі тың есім... "Алыстағы аралдар" - қат-қабат хикаялар кітабы... Қазақ әдебиетінде әлі дами қоймаған, кенжелеп келе жатқан, бірақ, әттең, өте қажет жанр..." Осыдан бастау алған кейінгі пікір жүлделері: 70-жылдары әдебиетімізге еркін ойлы, романтикалық тынысты жаңа ағым келді; сол жаңалықты лек (М.Қабанбаев, М.Рахманбердиев, Д.Әшімханов, Н.Мұратәлиев, Н.Ақышев т.б) бастауында С.Ж. келіп еді. Т.с.с. (Мерзімдік баспасөзден, мінбелерден терілген ойлар.)

2. 1984 жылғы 30 қараша, "Қазақ әдебиеті" газетінде жарияланған "Сұрауы бар су еді..." атты мақала. Бас хатшы К.Черненко тұсында Арал атын айтуды тиым еткен

құпия КОКП қаулысы азу білеп тұрған кезде, Сіз азаматтық батылдықпен, Арал мұңын жанамалай арқалаған сол "қатерлі" мақаланы жариялатып жібердіңіз. Сонда Сізді Қазақстан КП ОК-нен ескерту алды деген ұзынқұлақ шықты. Дәл осының анығын айта алмаймын.

Анығы сол, номердің летучкасында (сол кездегі "ҚӘ"-нің әдеби қызметкері М.Құлкеновтың сөзімен) Сіз жігіттерге, "проблемалық мақала жазсаңдар, осылай жазыңдар" деген кесімді сөз айтқан екенсіз. Мақала сол жылдың қорытындысы бойынша, Сырбай Мәуленов, Өзбекәлі Жәнібеков ағаларымыз қатарында жылдың үздік жарияланымы атанды. Сол тұстағы "100 саулықтан 120 қозы алу... Ауа райының қолайсыздығына қарамастан..." уәждерін бұза сөйлеген жаңа үлгілі көсемсөз деп бағаланды ол. Менің пайымдауымда, осы үрдісті М.Қабанбаев ініміз жақсы дамытып әкетіп, көсемсөздің биік үлгілеріне барды ғой. Кейінгі қазақ публицистикасы тіпті шарықтап кетті...

Қазақ журналистикасындағы бір құбылыс солай өмірге келген сыңайлы...

Ал бұл ініңіз сол, 80-жылдардан бастап "Арал майданына" біржолата кетті. Инженерлік, экологиялық тыңның 20 жылдай тасын қашаған сол тірлік көркем сөзге мойын бұрғызбады десе де болады. Мен үшін әдебиет думаны, мереке-марапат алыс бір жақтарда өтіп жатты. Мына дүниелік ("Абыржы") сол соқтықпалы жолдың бір логикалық иекартпа кезеңі...

Осындай бір тарих. Осынау кезеңдік оқиғалар жаңағы телесюжетке өзектер бола ма, идеяның арқауы, ойдың тірегі бола ма деген үміт бар. Өтініш: осынау екі факт сол сюжетте, Сіздің естелігіңізбен жаңғырса деген тілек еді. Тарих пен шындықтан бөлек еш нәрсе сұралып отырған жоқ. Жүгінеріміз солар... Атаулы, сілтемелі өтініш. Ал енді, саяқтау жүрген бір әріптес-ініңіз туралы басқа да ой-толғамдарды кеңірек қамтып айтамын десеңіз, менен не қарсылық болсын! Дуалы ауызда тірілген бір шындық - дәйегі аз көп сылдыр сөзден

қасиетті ғой.

Тарих таратуға Шардараның "ырықсыз авторларының" бірі, академик А. Тұрсынов ағамыз да шақырылып отыр.

Мен болсам, бүгін де сортап жағалауда, проблемалар ізінде жүрмін... Арал, Сыр бойында 40 жылдай ізденіс, "Кіші Арал" идеясы менің қатысуымсыз жүзеге асып жатыр...

Сәлем арқалаған өтініш осы еді. Мақұл десеңіз, алдағы уақыттардың бір сәтінде, алдын-ала хабарласып, кинооператор жібертемін. Байланыс жасап, үйлестіріп тұру - өзімнен. Сұраулы тілек сыртында, осынау бір бұйымтайға сенімім бар. Әйтпесе, бос әуре... Бейнеттеніп бақша егетін уақыт бар, сол бақшаның жемісін теретін кез бар. Тарихтағы жаңа актандақтар бүгін псевдоерлерді тым көбейтіп жіберді. Кей шындықтар әлі де босағадан сығалап жүр...

Сізге саушылық тілеймін!

Ізгі тілектермен және інілік сәлеммен,

Сайлаубай Жұбатырұлы

120016, Қызылорда қ-сы,

Шұғыла м-ауд.

6А-үй, 10-пәтер

Байланыс тел.: 8 324 2 246683

P.S. Кей қиындыларды қоса жолдап отырмын.



**Қазақстан Жазушылар
Одағының секретары
Ш.Мұртазаев жолдасқа
Талдықорған облысы,
Ақсу ауданы Ж.Сейітовтен**

Өтініш

Мен, Сейітов Жолдыбай, осы өтініш арқылы Сізге төмендегіше жағдайымды білдіремін.

Сізге белгілі, мен осыдан бірер жыл бұрын «Шаһнаманың» бір бөлімі «Баһрам-дастанды» он жылдан аса уақыттан бері толық тәржімалағанымды айтып, өтініш берген едім. Сол жерде көзбе-көз белгілі ақын Қуандық Шаңғытбаевқа тапсырып, жетекшілік көмек етуді белгілеген болатынсыз.

Содан кейінгі жай: жарты жылдай ақынды таба алмадым, қайда десем, командировкада, отпускіге шығып кетті - дегенмен, қатынас-хабар жасауым үзілді. Кейін де Қ.Шаңғытбаевқа хат жазып, жауап та алмай қойдым. Шынында осынша уақытта жетекші ақыл-зерде берген болса, дастаным екі-үш рет өңделуі тиіс еді.

Амал қанша, шарасыздан тосылған соң Сізге қайыра сәлем-хат жолдап, бұны түсінік етуіме тура келді. Осы халімді білдіре отырып, Сізден көп жыл сарыла еңбектенген аудармамды жарамды дүние етіп шығаруыма тиісті басшылық етіп, көмек берсеңіз екен деймін. Сонымен қатар, біз қызметтегі адамбыз ғой (орта мектептегі мұғаліммін) аудандық оқу бөлімі арқылы 5-10 күнге творчестволық командировка алуыма рұқсат етуіңізді сұраймын. Өйткені, машинкаға бастыру, өңделгенді қайта тапсыру секілді жұмыстар көп-ақ. Рұқсат берілсе, оның өзі еңбегімнің тиянақты орындалуында Сіздердің тарапыңыздан көрсетілген нақты шешім де болар еді.

Өтінішімді қанағаттандырады деп сізге сенемін.

Асыға жауап күтемін.

**Сізге ұзақ денсаулық тілеп, сәлем
жолдаушы Жолдыбай Сейітов**



Шерағаның шеруі



01.03.1973 г.

**ЧЛЕНУ ПОЛИТБЮРО ЦК КПСС,
ПЕРВОМУ СЕКРЕТАРЮ ЦК КП КАЗАХСТАНА
товарищу КУНАЕВУ Д.А.**

Дорогой Димаш Ахметович!

В связи с предстоящей V Конференцией писателей стран Азии и Африки в Алма-Ате, редакция журнала «Жулдыз» просит Вас ответить на следующие вопросы:

1. В беседе с писателем Н.Бирта в 1961 году Вы говорили, что за короткий срок в Центральном Казахстане появились такие промышленные центры, как Караганда, Балхаш, Жезказган, Шерубай-Нура, Темир-Тау и др.

С тех пор прошло более 10 лет. Какие изменения произошли в Центральном Казахстане и вообще на карте Казахстана?

2. В выступлении Л.И.Брежнева на XV съезда профсоюзов была поставлена задача – составление плана долгосрочного развития страны до 1990 года. В связи с этим хотелось бы узнать, каким Вы видите Казахстан в 1990 году?

3. Какие связи в области экономики и культуры имеет Советский Казахстан со странами Азии и Африки?

**С искренним уважением Ш.Муртазаев
главный редактор журнала «Жулдыз»**



27.12.1974 г.

Многоуважаемый МИХАИЛ НИКИТИЧ!

Мы считаем для нас большой честью, что Вы, крупнейший критик Союза, обратились к нам с предложением.

Мне очень трудно писать Вам о том, что подобный материал, правда, далеко не такого уровня как Ваша статья, нами в журнале был опубликован. Только лишь поэтому затрудняемся перепечатать.

Мы будем очень рады, если Вы пришлете для нашего журнала другую, новую статью, скажем, о взаимосвязи и взаимовлиянии литератур или же о новых течениях в литературе за рубежом.

Дорогой Михаил Никитич! Поздравляем Вас с Новым годом, желаем Вам доброго здоровья, успехов во всем и большого Счастья! Надеемся, что Вы будете активным и почетным автором «Жулдыз».

**С глубоким уважением Ш.МУРТАЗАЕВ,
главный редактор журнала «Жулдыз».**



Құрметті Евней Арыстанович!

Сіздің хатыңызды алып, қуанып отырмын. Уақыт бөліп, менің шағын кітабыма зер салып, ол жөнінде пікір білдіргеніңізге көп рахмет! Көлгірсігенім емес, мұндай әділ пікірді жақсысын да, кемістігін де дәл тауып айтқан пікірді өз басым профессионал сыншылардан да естігенім жоқ.

Мен бұл еңбекке кіріспес бұрын көп ойландым. Өзіңіз айтқандай, «Қараш-Қараш» бар ғой. Көп іздендім. Архивте талай күндерім өтті. Ұлы Мұхаңмен бой таластырайын деген қаперімде де болған жоқ.

Өзіңіз білесіз Тұрар қанша ірі тұлға болса да, жолы ауыр екен, жарықтық әлі күнге дейін оған үрке қарайтындар жоқ емес. Баяғы үрейдің салқыны ғой. Ол туралы, әкесі туралы бала күннен елден естіп, құлаққа сіңген әңгіме көп еді. Түлкібас, Жуалы деген қатар жатқан ел ғой. Мүмкін, содан да шығар, осыны жазбаса – болмайды деген ой мені мазалай берген.

Екінші кітапты жазып бітірген сияқтымын. Бұйырса, биыл «Жұлдыздың» 7,8 сандарында журналдық нұсқасы жарық көреді. Баспа 1-ші және 2-ші кітапты біріктіріп, 80-жылға жоспарлап отыр. Сол басылымның алдында Сіздің ұсыныс-ескертпелеріңізді тағы да ойланып көремін. Шамам жетсе, жөндеуге тырысамын.

Шығарма жазу – жалғыздың ісі. Бірақ орынды айтылған ақыл-кеңес әдебиетті өркендетуге себепкер. Біздің әдебиетте Сіздей шын жанашыр азаматтар көбейе берсе – көсегеміз көгерер еді. Тағы да көптен-көп рахмет!

Риза көңілмен сәлем жолдаушы
Шерхан



28.06.1977 ж.

**ЗАМЕСТИТЕЛЮ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ КОМИТЕТА
ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ПРИ СОВЕТЕ
МИНИСТРОВ КАЗАХСКОЙ ССР
товарищу ТЛЕУЛИЕВУ А.**

Уважаемый Абдиманап Тлеулиевич!

Я занимаюсь изучением жизни и деятельности видного государственного деятеля Турара Рыскулова с целью создания художественного произведения. Мною уже написана первая книга романа, которая публикуется в журнале «Жулдыз» (№6,7 текущего года).

Для дальнейшей работы над романом мне необходимо ознакомиться с архивными материалами о Тураре Рыскулове, находящимися в Вашем ведении. Прошу Вашего разрешения изучить архивные документы, касающиеся Турара Рыскулова.

**С уважением Шерхан Муртазаев
Член Союза писателей СССР, секретарь
Правления Союза писателей Казахстана**



04.03.1982 ж.

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Ренішіңізге де, қуанышыңызға да ортақтас екенімді білдіргім келеді. Бұл сезімді білдірмекші болып, өзіңізбен жолығуға бірнеше рет талпындым, сәті түспеді.

СССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайлануыңызбен шын ниеттен құттықтаймын! Мәртебеңіз биіктей берсін. Барлық тілектестеріңіздің, күллі елдің қуанышына абыройдан абыройға жете беріңіз! Хат арқылы тілек білдіргенімді айып көрмеңіз.

Еш риясыз көңілден сәлем жолдаушы
Шерхан Мұртазаев



«Қазақ әдебиеті»

05.05.1982 г.

**СЕКРЕТАРЮ ЦЕНТРАЛЬНОГО КОМИТЕТА
КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА
Товарищу КАЗЫБАЕВУ К.К.**

Уважаемый Какимжан Казыбаевич!

С аналогичной запиской редакция газеты «Қазақ әдебиеті» обратилась в ЦК Компартии Казахстана 24 декабря 1980 года. Но, к сожалению, записка осталась безответной. С наиболее важными вопросами обращаемся еще раз.

В настоящее время редакция газеты «Қазақ әдебиеті» испытывает ряд трудностей.

I Штатным расписанием предусмотрены всего 2 корректора на 16 полос газеты. Они не справляются с большим объемом работы, поэтому редакция вынуждена использовать в качестве корректоров творческих сотрудников.

II Штатное расписание предусматривает только 1 машинистку. Разовый объем газеты 200 листов машинописи. Одна машинистка не справляется с этой задачей, поэтому редакция вынуждена держать дополнительные единицы машинисток за счет творческих сотрудников, что опять-таки наносит невосполнимый ущерб делу.

III С 1 января 1980 года вдвое увеличился объем газеты, заработная плата творческих и технических

работников осталась почти прежней. Например, при меньшем объеме, главный редактор получал 220 рублей, ответственный секретарь 180 рублей; теперь при большем объеме соответственно: 225 рублей /5 руб. разницы/, 185 рублей /5 руб. разницы/ и т.д.

Из-за низкой, относительно с другими изданиями, оплаты в нашу газету трудно пригласить на работу компетентных специалистов.

IV На номер газеты выделяется гонорар в сумме 800 рублей. Если учесть, что в газете нет ни одной строчки неоплачиваемых материалов и что, в основном, печатаются художественные публицистические и критические произведения, по самым мизерным нормативам это очень малая сумма для вознаграждения авторов, что мешает для участия в газете наиболее квалифицированных авторов.

V Несмотря на то, что газета имеет небольшой тираж /65 тыс. экз. в 1982 году/ на ее подписку имеется ограничение.

Просим Вас помочь:

Утвердить новое штатное расписание, аналогичное «Литературной Украине», выходящей таким же объемом. Проект прилагается.

Увеличить гонорар одного номера до 1600 рублей.

Снять ограничение на подписку.

В целях улучшения коллегиального руководства деятельности газеты, просим утвердить предлагаемый состав редакционной коллегии.

Муртазаев Шерхан – главный редактор

Жамишев Абраш – заместитель главного редактора

Сарсекеев Когабай – ответственный секретарь

Жумабеков Сайлаубек – заведующий отделом критики

Муханбеткалиев Кажгалий – заведующий отделом прозы

Досымов Сейтхазы – заведующий отделом очерка и

публицистики

Бекхожин Калижан – поэт
Ергалиев Хамит – поэт
Исабеков Дулат – прозаик
Кабдулов Зейнолла – критик
Кирабаев Серик – критик
Мауленов Сырбай – поэт
Мухамеджанов Калтай – драматург
Тажибаев Абдильда – поэт
Турсункулов Калаубек – прозаик
Шаймерден Сафуан - прозаик

Шерхан Муртазаев,
главный редактор газеты «Қазақ әдебиеті»



18.02.1985ж

**Қазақстан Компартиясы
Орталық Комитетінің секретары
К. Қазыбаев жолдасқа**

Құрметті Кәкімжан Қазыбайұлы!

Осы хат арқылы Сізге төмендегі жайды баяндауды жөн көрдім.

«Қазақ әдебиеті» газетіне бас редактор болып бекітілгеніме алдағы сентябрьде бес жыл толады. Осы газетке бұрын бас редактор «құтаймағанын» еске алсақ, бұл әрине, шүкіршілік.

Осыншама уақыт шыдау үшін қаншама қиянат көргенімді айтып, шағынайын деген ниетім жоқ. Бірақ шыдамның да шегі бар.

Менің үстімнен жоғары орындарға топырлап түсіп жататын домалақ арыздар Сіздің Жазушылар Одағы басқармасының пленумында /1983ж./ аса бір әділеттікпен, аса бір принциптілікпен сөйлеген сөзіңізден кейін біршама толастаған. Мен Сіздің бұл сөзіңізді Орталық Комитеттің сөзі, баспасөзге, оның қызметкерлеріне деген әкелік қамқорлық деп қабылдадым да, өзіме тың күш-қуат пайда болғандай бақытты сезімге бөлендім. Сізге деген ризалығым ішімде, жүрек төрінде.

Ал енді газетте сыналдым екен деп, не материалым жарияланбады екен деп, Орталық Комитетке құлаш-құлаш арыз түсіріп, оның ішінде Шерхан Мұртазаевты жер-жебіріне жете балағаттап, неше алуан лас сөзбен ғайбаттаудың қандай қисыны бар? «Фашист», «надан», «пасық», «жершіл», «жікшіл», «мұрты едірейген», «Мұртазаевты құрту керек, бас редакторлыққа лайық емес» т.б. толып жатқан қорлық сөздер жазады.

Бөлімдегі жолдастар мені бұл арыздармен таныстырады, түсініктеме де талап етеді. Ақыры шындыққа көздері жетеді. Сырттан бір жақты тон пішпей шындыққа көз жеткізгендеріне дән ризамын.

Бірақ менің соншалықты жәбірленгенім өзімнен басқа кімнің жанына батады? Әрі-беріден соң, ресми жауапты қызметкер екенімді былай қойғанда, Совет азаматы емеспін бе? Совет азаматын жазықсыз қорлағаны үшін жауапқа тарту заңы бар емес пе?

Жарайды, заң жүзін қолданбай-ақ қойсын, бірақ әлгі жәбірлеушілерден әйтеуір бір сұрақ алынуға тиісті емес пе? Неге олар жазықсыз бас редакторды қорлап-қорлап, қайқайып қарап жүре береді? Судың да сұрауы бар ғой. Ау, мен бүкіл саналы өмірімді Советтік баспасөз үшін сарып етіп келе жатқан бейнетқор, Қазақстан баспасөзінің ыңқ етпес қойторысы емес пе едім?

Газетке әлдеқалай өкпелегендер ресми жиналыстарда тіпті менің жазушылығымға күмән келтіріп, «плагиат» дегенге дейін барып жатады. Ешкім олардан бұл үшін түсініктеме талап етпейді. Жалақорлар

жазаланбайтынына еті үйреніп алған соң есіре береді ғой.

Құрметті Кәке! Сіздің қымбат уақытыңызды алып, мұның бәрін жазбас та едім, жазбай көп шыдадым. Бірақ «ұра берсе, құдай да өледі», осының бәрі жүйкеге, жұмысқа, істеп отырған қиын да жауапты қызметке зиян.

**Шерхан Мұртазаев,
«Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы**



1985 ж.

**Қазақстан Компартиясы
Орталық Комитетінің секретары
К. Қазыбаев жолдасқа**

Құрметті Кәкімжан Қазыбайұлы!

«Қазақ әдебиеті» газеті ұлы ақын Абай Құнанбаевтың әдеби мұрасына аса сергектікпен қарап, мұқият пайдалану керектігі жайында бірнеше материал жариялаған еді. Айталық, үстіміздегі жылы ғана «Абайды танып біттік пе?» /1985ж. №13/, «Менің Абайым» /№15/, «Маржанды тозаң тұтпасын» /№25/, «Асылға абай болайық» /№19/, «Абайдың әлеуметтік позициясы» /№26/, «Гете мен Абай», «Абай сәулесі» /№28/, «Абайды дұрыс оқиық» /№36/, тағы да басқа келелі кеңеске шақырған мақалалар жарық көрген еді. Бұл мақалаларда көтерілген мәселелер негізінен мынадай ұсыныс-пікірді ортаға салады.

1. 1946 жылы, ұлы ақынның жүз жылдық юбилейінен кейін, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында ашылып, 1951 жылы жабылып

қалған Абайтану бөлімі қалпына келтірілсе;

Себебі:

а) Абайдың 125 жылдық және 140 жылдық мерекесі тұсындағы кейбір шалағайлықтар бұл саладағы зерттеу жұмысының тоқталуға айналғанын байқатты, сонымен қатар бұл салада тұрақты зерттеушілер де қазір азайған;

ә) қазірге дейін Абай шығармаларының қайнарлары /источниковедениесі/ анықталып, ғылыми сипаттамалары жазылып, текстологиясы зерттеліп, тұрақтанған /конондық/ нұсқасы болмай отыр;

б) Абайтанудың бір ғасырға созылған зерттеу тарихын танып білмейінше, қол жеткен жетістіктеріміз бен алға қойылар міндеттер де ғылыми тұрғыдан анықталып, екшелмейді;

в) Абай мұрасының рухани нәр алған қайнарлары мен дүниетанымын танып, білу жолындағы қоғамдық ғылымдар қосқан үлес те бүгінгі күннің талабына сай келмейді.

2. Абай мұрасын Одақ көлемінде, қала берді бүкіл әлемге таныту ісі өз дәрежесінде деп айта алмаймыз. Әсіресе, Абай мұрасының орыс тіліне аударылуы сапасына байланысты жұмысты жолға қоюдың уақыты жеткен сияқты.

3. Абай мұрасын терең танытуда жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде абайтанудың арнайы курсы мен семинарын оқытуды бір жүйеге түсіріп, сапалы оқулық, көмекші оқу құралын жасауды жолға қоюды кезек күттірмейтін мәселе деп ойлаймыз.

4. Жоғары оқу орындары мен педучилищелерде, мектептерде оқытылатын қазақ әдебиеті оқулығының Абайға арналған тараулары М.Әуезов танымының негізінде қайта жазылып, толықтырылса жақсы болар еді.

5. Абай шығармаларын балабақшадағы сәбилер мен мектеп оқушыларының санасына сіңіру, тәрбиелік мәнін ашып, терең ұғындыруды мұқият қолға алу керек секілді. Бұл тиісті министрліктер мен педагогика ғылыми-зерттеу институты, баспасөз, радио, теледидар жұмыла кірісетін

игі іс болса керек.

6. «Мектеп», «Жалын», «Өнер» баспалары Абай шығармаларынан суретті кітапшалар, альбомдар, әрқилы көрнекі факультативті оқу құралдарын осы бастан ойланып, жүйелі түрде жоспарларына ендіріп отыруды ұдайы назарларында ұстаса деген ұсынысымыз бар.

7. Абайдың 150 жылдық юбилейі жақындап келеді. Бұған қазірден бастап жан-жақты әзірленуіміз керек. Бұл үшін:

а) Абай күнін республика көлемінде жыл сайын өткізіп отыруды дәстүрге айналдыру;

ә) жоғары оқу орындары мен қоғамдық ғылымдар институтының көп жылға арналған өндірістік ғылыми жоспарларында (өзара келісе отырып) Абай мұрасының ең актуальды проблемаларын ендіріп отыру жөн сияқты;

б) бір томдық «Абай» энциклопедиясын шығаруды қолға алып, даярлық жұмысын жүргізуге осы бастан жұмылсақ дейміз;

в) Абайдың туған жері Жидебайды табиғи қалпына келтіру үшін қорық жасап, Абайға қатысы бар жерлерге белгі қоюды, Семейдегі, Абай қаласындағы және Жидебайдағы ақын музейлерін қайта жабдықтауды жолға қою да кезек күттірмейтін мәселе деп ойлаймыз.

8. Абай шығармаларынан бір жүйеге келтірілген, текстологиялық түсініктемесімен, қате жібермей толық жинағын қайтадан басып шығарып, оған республика бойынша жариялы жазылым ұйымдастырса. Сонымен қатар соңғы жылдары газет, журнал беттерінде жарық көрген, Абайтануға арналған мақалалардың басын біріктіріп, жеке жинақ ретінде басып шығарса деген ой бар.

«Қазақ әдебиеті» газеті қайта-қайта көтеріп келе жатқан рухани мәселеге орай тиісті орындар (әсіресе Қазақ ССР Ғылым академиясы, Қазақ ССР Мемлекеттік баспа-полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі комитеті) күні бүгінге дейін үнсіз отырғандықтан, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде арнайы

қаралар деген үмітпен осы хатты жолдап отырмыз.

Ш. Мұртазаев
«Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы



15.04.1986 ж.
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
ҮГІТ ЖӘНЕ НАСИХАТ БӨЛІМІНЕ

А.ТҰРБЕКОВТЫҢ хаты туралы

Автор өз хатында Қазақстан жазушыларының, оның ішінде Қ.Мырзалиев, О.Сүлейменов, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин шығармаларынан саяси-идеялық қателер тапқан болады. Қазақ әдебиетінің қазіргі бағыт-бағдарына күмән айтады.

Қысқаша тұжырымдағанда, бұл айыптардың бәрі негізсіз, жай байбалам. Осындай өтірік, жала байбаламның зардабын қазақ интеллигенциясы, оның ішінде қазақ жазушылары белгілі бір кезеңдерде басынан кешкен, орны толмас опатқа ұшыраған. Мынау дәл сол кезеңді көксейтін асыра сілтеушілер сарқыншағына ұқсайды.

Қазіргі қазақ әдебиеті кемшіліксіз емес, әрине. Қазақстан жазушыларының күні кеше өткен ІХ съезі табыстармен қатар, сол кемшіліктердің де бетін айқындады. Бірақ ТҰРБЕКОВ айтқандай саяси-идеялық ойсыраған олқылықтар бар деген жоқ. ТҰРБЕКОВ тапқан «кеселді», «идеологиялық қате» дүниелер бізде жоқ. Болса, көркемдік дәрежесі төмен шығармалар бар. Олар жөнінде әрдайым сын айтылып, күрес жүріп жатқаны белгілі.

Сондықтан А.ТҰРБЕКОВТЫҢ хаты негізсіз, тіпті көпе-көрнеу жала, деген түйіндіге келеміз.

Шерхан Мұртазаев



22.04.1986 г.

**Копия: Секретариату правления Союза писателей
Казахстана Секретарю ЦК Компартии Казахстана
товарищу КАМАЛИДЕНОВУ З.К.**

УВАЖАЕМЫЙ ЗАКАШ КАМАЛИДЕНОВИЧ!

В 1980 году 29 сентября Вы предложили мне ответственное дело, сказав: «Поставьте на ноги литературную газету».

С тех пор я отдал много сил и времени для исполнения этого партийного поручения.

Теперь я, тщательно взвесив все свои возможности, решил просить ЦК Компартии Казахстана и Секретариат правления Союза писателей республики об освобождении меня от должности главного редактора газеты «Казах адабиети».

К этому меня вынуждают мои личные творческие планы. Хочу заниматься своими писательскими делами, которые застопорились в силу моей загруженности тяжелой редакторской ношей.

Шерхан Муртазаев, писатель.



**СЕКРЕТАРИАТ ПРАВЛЕНИЯ СОЮЗА
ПИСАТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА**

ПАРТБЮРО СОЮЗА ПИСАТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА

**СОВЕТ СТАРЕЙШИХ СОЮЗА ПИСАТЕЛЕЙ
КАЗАХСТАНА**

**По поводу выступления Е. Зикибаева на партийном
собрании от 12 июня 1986 г.**

В своем докладе на этом собрании тов. Кекильбаев А.К. призывал писателей к консолидации сил, к честности и справедливости, за чистоту писательской атмосферы.

Как бы в ответ на этот разумный призыв тут же выступил Е.Зикибаев с очернительной речью против главного редактора газеты «Казах адебиети». Он обвинил Ш. Муртазаева, во-первых, в том, что-где главный редактор организовал материал, в котором покойный Т.Нуртазин назван хорошим критиком, но плохим писателем, посредственным переводчиком.

Это было сказано в содокладе бывшего секретаря правления СПК С.Кирабаева, с которым он выступил на IX съезде писателей. Газета напечатала отчет со съезда, никакой отсебятины тут нет.

Во-вторых, оратор обвинил Ш.Муртазаева в вероломстве: что-где он будучи главным редактором журнала «Жулдыз» отверг рукопись романа Т.Нуртазина о Тураре Рыскулове в силу соперничества. При Муртазаеве рукопись Т.Нуртазина в редакцию журнала не поступала, о чем могут свидетельствовать зам.главного редактора Г.Каирбеков, ответ.секретарь А.Жаксыбаев и бывший зав.отделом прозы журнала «Жулдыз» О.Бокеев.

Ш.Муртазаев был переведен на другую работу в 1975 году. С тех пор прошло более десяти лет. Кто же тогда воспрепятствовал появлению в свет романа

Т.Нуртазина?

Огульное обвинение Ш.Муртазаева в землячестве не ново. Оно было проверено не раз разной комиссией. Но ни одна из них не подтвердила эту напраслину.

Странно и парадоксально, что наши обвинители ищут земляческие болячки там, где их нет, но упорно не хотят видеть их там, где они есть. Например, журнал «Жулдыз». Посмотрите и убедитесь, из какого региона основной состав редакционного коллектива?

Беззастенчивая ложь, произносимая с высокой трибуны авторитетного партийного собрания, естественно, на первых порах воспринимаются несведущими впечатляюще, на что и рассчитывают Зикибаевы. Это и понятно.

Но непонятна позиция руководства Союза писателей и секретаря партбюро. Они в душе сознают, что это клевета, но вслух не говорят и тем самым сознательно или бессознательно любят со стороны, как творчески малосостоятельные, обиженные набрасываются на их же собственный орган. Там, где пахнет клеветой на газету, на ее работников, защищать их – святая обязанность руководства. Иначе где же справедливость?

Обиделся Е. Зикибаев на газету, на ее главного редактора потому, видите ли, что 50-летие Е.Зикибаева газета отметила скромно, поместив материалы о нем на десятой и одиннадцатой полосах снизу. /«Казах адабиети», 1986 г. 6 июня №23/

Но человек разумный и порядочный мог же себя поставить рядом с Олжасом Сулейменовым и сказать: «Слава богу, «Литературная газета» материалы о 50-летию такого знаменитого поэта тоже поместила в подвале и еще скромнее». /«ЛГ», 1986 г. 21 мая, №21/

На предыдущем партийном собрании я уже говорил о клеветниках. В частности, о диверсионных махинациях Хамзы Абдуллина. Но секретариат абсолютно ничего не предпринял. Даже не поговорили с Х. Абдуллиным.

После такого попустительства, злопыхатели

чувствуют себя вольготно и развязанно.

Об этом вкратце хотел поведать для ваших сведений.

С уважением Ш. Муртазаев,
главный редактор газеты
«Казах адабиети»



23.07.1986 ж.

ҚАЗАҚ ССР БАСПА, ПОЛИГРАФИЯ
ЖӘНЕ КІТАП САУДАСЫ ЖӨНІНДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТКЕ

Т. Беркімбаевтың хаты туралы

Т.Беркімбаевтың, өзі айтқандай, бірінші хатымен де таныспын. Мына екінші хаты да сол сарындас. Бұл азаматтың бойындағы бірмойын мінез осы хатта да байқалады. «Басқаның бәрі білімсіз, тек мен білемдік» бой көрсетеді. Әйтеуір өзгенің өңешін үзу үшін басқалардың бәрін қаралап өзеуреп бағады. Міне, оның осы әрекеті іске себім тисе деген ізгі ниетін мансұқтап кетеді. Әйтпесе өші қалғандай М.Мамажановтың соңына түсетін не жөні бар? Бірінші хатында да оны қаралап бағады. Біз білетін М.Мамажанов өзіне партия жүктеген міндетті жан-тәнімен атқаратын, бұрмалауға, бұлтаққа бармайтын, принципшіл, әділ де адал адам. Ал, К.Сағындықов болса отыз жыл шамасында баспа ісіне бар күш-жігерін бағыштап келе жатқан қызметкер.

Сондықтан бұлардың қалың жұмыс бабында жіберген кейбір кемшіліктерін дәл басып көрсету – азаматтық парыз; ал жер-жебіріне жетіп: «темір қалқан»,

«кісі өлтірерліктей», «көкауыздар», «жайларына отырсын» т.б. деп тіл тигізу тым жарасымсыз. Арыз жазу әркімнің өз арының ісі. Бірақ объектісіне тіл тигізген, қорлаған арыз иесінен де жауап талап еткен әділ болар еді.

Байыбына барсақ, аудармада кеткен қателерге Т.Беркімбаев та кінәлі. Бас редактордың орынбасары ортақ істен неге шеттеп қалған? Ал, өзін өзі шеттеткенін тексеру барысында байқағанбыз.

Сын жақсы. Тек әділ сын болсын. Әлдеқалай өш алу мақсатында сын қолшоқпар болмасын. Т.Беркімбаевта соңғысы басым.

Жұрттың бәрін білімсіз, тек өзін керемет етіп көрсететін Т.Беркімбаевта да кемшілік жетерліктей. Тек «смещение» мен «смешениені» ажырата алмауы, тіпті «щ» екенін білмей қалыппын дегенде де «смешение» – «былығы» болуы – сауатсыздық.

Ал, Т.Беркімбаев жазып отырған аударма кемшіліктеріне келетін болсақ, кейбір мысалдарының жаны бар, дәлелі дұрыс.

№ 2 мысал.

№ 3 мысал.

№ 4 мысал.

№ 6 мысал.

№ 9 мысал. т.б.

Т.Беркімбаевтың «В ходу» дегенді «дуылдап тұр» деуі де дәл емес, тек елес қана. Біздіңше, «есіріп тұр».

«Массив противоречий» – кітаптікі де, Беркімбаевтікі де, дәл жеткізе алмаған. «Қайшылықтар сілемі» де, «қайшылықтар түйіні» де емес, сірә, «қайшылықтар қатпары» болар.

«Повторствовать» – «қолпаштау» дұрыс емес, «қолдау» біршама жақын екені рас. «Потворствовать» – астыртын, жымысқы, үнсіз әрекет сияқты. Сондықтан «желеп-жебеуші» – десе де келіп қалады.

«Развернуто...» – «бейнеленді» де, «жайып салынды» да мағынаны жеткізе бере алмаған. Біздіңше,

«қанат жайды».

Қысқаша, істің жайы осылай. Т.Беркімбаевтың көрсеткен варианттарында дұрыс жері де, бұрыс жері де бар. Ал, түйіндей келгенде, асқынып, оқырманды адастырып, сана-сезімін теріс бұрып жіберетіндей сорақы қате жоқ сияқты.

Әрине, саяси мәнді әдебиет неғұрлым сапалы, оригиналдан ауытқымай, неғұрлым ұғынықты аударылғаны абзал.

Т.Беркімбаевтың аударма сапасына жауапкершілікті мейлінше арттыру керек деген талабы өте орынды, бірақ сол талапты айту тәсілі дөрекі, бәлеқорлық рай алып кететіні өкінішті.

**Шерхан Мұртазаев,
жазушы**



Здравствуй, Туфан-дос!

Видал теба в «Лит.России» красивым и умным, радовался, читая твои ответы и сам в чем-то обогатился. Молодец!

Работаю там же, работа трудная и неблагодарная. А с книгой – сплошные тернии. Говорят, пиши правду. Написал суровую правду – некоторые испугались, а другие быстро начали строчить крикливую клевету /время-то подходящее/.

Словом, как пишет ваша поэтесса Алсу:

Иң йомшак кунцелгә
Қадақлар қағылған.
Иң изге кешегә

Ғайбатлар тағылған.

Мин иң изге тугел, но все-таки не плохой.

Братский сәлем Нәжибе-ханум, Аязу Гилязеву, живущему в ХҮІІ веке и всем другим дорогим мне друзьям!

Шерхан



12.02.1987 г.

Уважаемый Виктор Михайлович!

Сегодня я получил долгожданный пакет с Вашим отзывом. Счастье - неуловимо. Если оно есть, то это как раз такие минуты, которые я испытываю сейчас. Вы сделали для меня то, что никто из самих близких мне людей не делал, это и есть настоящее проявление бескорыстия, добродетели в высоком смысле национального взаимоотношения, взаимопонимания. Всю жизнь, какая отпущена мне, я буду помнить Вашу доброту, справедливость и красивую человечность.

Если бы все ученые-историки были такими же честными и справедливыми, такими же высокоэрудированными и одаренными, то в мире порядка стало бы гораздо больше, и атмосфера стала бы гораздо чище.

Мое благодарение просто человеческое. Пусть Судьба Вас наградит за Ваше доброе деяние.

Писатель Шерхан Муртазаев



1988 г.

**Председателю Государственного комитета
Совета Министров Казахской
ССР по делам издательств, полиграфии
и книжной торговли
товарищу Закирьянову К.З.**

Уважаемый Калит Закирьянович!

Первые две книги моего романа «Огненная Стрела» /«Қызыл Жебе»/ на русском языке изданы издательством «Советский писатель» в 1982 г., в Москве, тиражом всего 30 тыс. экземпляров.

Третья книга под названием «Звездный мост» /«Жұлдыз көпір»/ на казахском языке вышла в 1984 году в изд. «Жазушы». Теперь она переведена на русский язык. Если издать ее отдельной книгой, то без первых двух она будет непонятна для читателей.

Прошу Вас помочь издать все три книги в одном томе, объемом 41 печ. лист по плану 1988 года издательства «Жазушы».

Все три книги романа «Огненная стрела» получили положительные отзывы в газетах «Правда», «Социалистик Казахстан», «Казахстанская правда», «Лениншил жас» и других.

Шерхан Муртазаев, писатель



08.09.1988 г.

**Директору института истории партии
при ЦК Компартии Казахстан
товарищу ТУЛЕПБАЕВУ Б.А**

Уважаемый Байдабек Ахметович!

В настоящее время работаю над пьесой под названием «Письмо пятерых». Это известное письмо Г.Мусрепова и других в Крайком КП Казахстана о перегибах в коллективизации и их последствиях.

Прошу Вас содействовать в ознакомлении с текстом этого письма в архиве Института истории партии.

Так же прошу дать возможности ознакомиться со стенограммой заседания бюро Крайкома от 15 июля 1932 года и Пленума Крайкома от 10-16 июля 1933 года.

**Шерхан Муртазаев,
Член Союза писателей СССР**



04.08.1989 ж.

**Қазақстан Компартиясы орталық
комитетінің секретары
Ө.ЖӘНІБЕКОВ жолдасқа**

Құрметті Өзбекәлі Жәнібекұлы!

Осы жылғы 2 февральде Сізге жолдаған хатта редакцияның кәзіргі хал-жағдайын айтып, көмек сұраған едік.

«...Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлақтан айрылған» екен. Сол сияқты, жақында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің газет-журнал баспасынан бізге: «Штат кестесі бойынша сіздерде 4 меншікті тілші облыстарда тұрып жұмыс істеуі керек. Алматыда тұрмасын» деген жарлық келді. Облыста тұрмаса айлық төлемейміз, дейді.

Штат кестесі бойынша солай екені рас. Бірақ 4 бірдей тілшіні облыста ұстау мүмкін емес. Онда редакция жабылады. Сол 4 тілшіні біз ұдайы командировкада ұстаймыз. Сол тиімді.

Өйткені небары 15 творчестволық қызметкердің 4-і облысқа кетсе, редакцияда, баспаханада кезекшілікте жұмыс істеуге адам жетпейді.

Облыстарда 4 тілші ұстау баспаға да тиімді емес: оларға үй керек, тілші пунктін, керек-жарағын өтеу керек. Оның бәрі қып-қызыл шығын.

Оның үстіне құла-дала Қазақстанның 4-ақ облысында тілші ұстап біз қай жыртығымызды жамаймыз?

Облыстан хабар-ошарды біз Қазақстан Жазушылар одағы облысаралық бөлімшелерінің әдеби кеңесшілерінен–ақ алып тұрамыз.

Сондықтан, қатып қалған заң жоқ, Москвада, Орталықта отырған жолдастар біздің жергілікті жағдайымызды білмей, біздің ықтиярымызсыз өздері бекіте салған штат бойынша қатып қалудың реті жоқ сияқты. Біз артық ақша жұмсап, жалақы фондын өсіріп жатқан жоқпыз. Ең бастысы - газет сапалы шықса болды емес пе? Небары 15 адам творчестволық қызметкер берген екен, ендеше оны қалай пайдалануды біздің өз еркімізге қолдануды өтінеміз.

**«Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы
Ш.МҰРТАЗАЕВ**



№51,18.06.1992ж

**Қазақстан Республикасының
Президенті Н.НАЗАРБАЕВҚА**

Аса биік мәртебелі Нұрсұлтан мырза!

Премьер-министр С.А.Терещенко өзінің 1992 жылғы 6 маусымдағы №134-е өкімімен «Егеменді Қазақстан» газетінің редакциясына ГАЗ–31029 «Волга» дейтін бір жеңіл мәшине бөлді. Мұнысына көп рахмет. Бірақ ол мәшиненің бағасы 1 млн. 400 мың сом екен. Бізде ондай ақша жоқ. Сондықтан Министрлер Кабинеті құрылтайшы ретінде бұл көлікті тегін бергені жөн болар еді.

1. «Егеменді Қазақстан» газеті бас редакторының «Кремлевка» дейтін телефоны болушы еді, оны алып қойды. Мүмкін болса, қайтарғанын қалар едім. Ол маған емес, газетке қажет.
2. Жаңадан шыққан «АТЮ» сериясына бас редактордың мәшинесін енгізбей тастады. Мұнысы мені емес, халық газетін кемсіткені деп есептеймін.
3. Бұрынғы Орталық Комитет Демалыс үйінде бір жаман дача болушы еді, оны да алып қойды.

Аса биік мәртебелі Нұрсұлтан мырза! Кәзір кәдімгідей лауазымды кісілер арасында «Егеменді Қазақстан» газетін биформал газеттерден кем көретін тоғышарлар табылды. Ал, «Егеменді Қазақстан» болатын болса Қазақстан халқына, өкіметіне, үкіметіне адалдықтан айныған емес.

Осы да әділеттік пе? Орынсыз айтылса, кешіріңіз.

Шерхан Мұртаза



04.05.1993 г.

**ЗАМЕСТИТЕЛЮ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН СУЛТАНОВУ К.С.**

**Копия: НАРОДНОМУ ДЕПУТАТУ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ГУЛЯЕВУ В.А.

В ответ на Вашу резолюцию № 5775 от 22 апреля 1993г. К письму Секретариата сессии ВС РК от 14.04.1993г. № 221 – 0/179, по поводу запроса народного депутата ГУЛЯЕВА В.А., сообщаем следующее:

В настоящее время, по сложившейся ситуации, Республиканское телевидение вещает на четырех языках, чего нет в практике ни одного государства не только в СНГ, но и всего мира. Однако, важнейшие информационные блоки Казахского телевидения программы «Шарайна» и «Новости» готовятся в одинаковом процентном соотношении на казахском и русском языках. Также, обязательно включены информационные сообщения на русском языке в утреннюю программу «Таңшолпан».

Все общественно-политические программы: «Президентский час», «Правительственный канал», «Депутатский канал», выступления Президента и Премьер-Министра идут преимущественно на русском языке. Наряду с этим, идут на русском языке программы «Все кроме политики», «7+7+7», «Му-Ви» и другие передачи аналогичной развлекательной тематики. Поэтому считаем, что оснований для упреков в ущемлении информационно-познавательных интересов русскоязычного населения нет.

В отношении программ ведущихся на казахском языке, следует отметить, что данный

перевес, в основном литературно-музыкальных, образовательных, этнографических программ, вызван вполне понятным желанием коренной нации сохранить и возродить самобытную и уникальную культуру казахского народа.

Гостелерадиокомпания «Казахстан» неоднократно обращалась к Правительству республики с предложением кардинально изменить ситуацию, сложившуюся в системе телевидения и радио Республики, за счет выхода на новый уровень технологии, а соответственно создать базу для увелечения общего объема вещания, что во многом помогло бы решить данную, острую проблему, но отсутствие должного понимания и средств отдаляют желаемую перспективу, а собственно слабая, морально устаревшая материально-техническая база не позволяет этого сделать.

Что касается языковых пропорций телевещания в Северо-Казахстанской области, то она соблюдена в равных объемах, причем следует учесть, что две независимые коммерческие телекомпании, функционирующие в г. Петропавловске, работают только на русском языке.

**С уважением Председатель
Гостелерадиовещательной
компании «Казахстан»**

Шерхан Муртаза



Об анонимном письме на имя товарища Г.В. Колбина

На конверте давно знакомый почерк, хотя анонимщик старается писать печатными буквами. Этим почерком было написано не одно письмо, порочившее имя писателя Шерхана Муртазаева.

На этот раз «Группа читателей» посягнула и на имя честного ленинца, революционера, партийного и государственного деятеля Турара Рыскулова, о котором я написал историко-революционный роман.

В письме речь идет о третьей книге этого романа под названием «Звездный мост», (А-Ата, «Жазушы», 1984 г.). О ней тепло отозвались писатель Габит Мусрепов («Социалистик Казахстан»...), критик Р.Бердибаев («Лениншил жас»...) и другие.

Я описал в этой части романа Туркестанский период деятельности Т.Рыскулова, т.е. самый трудный и сложный период (1919-1920 г.г.). В жесточайшей борьбе с левыми эсерами, с «максималистами» большевик Турар Рыскулов был признан лидером и избран председателем ЦИК Туркестанской АССР. Но в политической полемике с Турккомиссией допустил ошибки в национальном вопросе, разрешение которого получило в Политбюро ЦК РКП (б) под председательством В.И.Ленина.

Т.Рыскулов признал свои ошибки, и в дальнейшем ему было доверены очень ответственные и высокие посты в государственном и международном масштабе, где Т.Рыскулов с честью проявил себя.

Об этом периоде жизни и деятельности Т.Рыскулова я пишу в четвертой, последней книге романа «Огненная стрела».

О таких деятелях, как Т.Рыскулов, В.И.Ленин писал:
Умен не тот, кто не делает ошибок. Таких людей нет

и быть не может. Умен тот, кто делает ошибки не очень существенные, и кто умеет легко и быстро исправлять их.
(Ленин, 216, XXXI, 19).

«... без особой надобности неправильно вспоминать такие ошибки, которые вполне исправлены» (Ленин, 216, XXXI, 358).

А про таких, как «группа читателей», В.И.Ленин говорил:

У каждого насекомого свое оружие борьбы: есть насекомые, борющиеся выделением вонючей жидкости». (Ленин, 216, XX, 144).

Недоброжелатели Т.Рыскулова были при его жизни, они его и погубили. Они нет-нет дают знать о себе и сегодня.

Не про таких ли написал великий Данте:

«Их свергло небо, не терпя пятна;

И пропасть Ада их не принимает.

Иначе возгордилась бы вина.

Их память на земле невоскресима;

От них и суд и милость отошли!

Они не стоят слов:

взгляни – и мимо!».

Вот мой ответ «Группе читателей».

**Шерхан Муртазаев,
писатель**



**ПЕРВОМУ СЕКРЕТАРЮ ДЖАМБУЛСКОГО
РАЙКОМА КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА
Тов. ТУРЫСЖАНОВУ Б.Т.**

Уважаемый Бекболат Турысжанович!

Ныне исполняется 80 лет со дня рождения одному из соратников великого Джамбула, народному акыну, члену Союза писателей СССР с 1934 года Сариеву Абдигали.

Абдигали Сариев родился в 1900 году в с. Кара Кыстак Джамбулского района Алма-Атинской области. Умер в 1964 году.

Его первое стихотворение «Я чабан» опубликовано в Джетысуйского областной газете «Тилши» в 1924 году и с тех пор до конца своей жизни он не расставался со своим пером. С 1919 года начал участвовать в айтысах акынов. Он вышел победителем в состязаниях с такими известными акынами, как Сандибала, Кенен, Темиргали, Касымхан и др.

Избранные произведения акына изданы отдельными книгами в 1951 и 1976 годах.

В своих произведениях и айтысах акын неизменно воспевал величие нашей эпохи, Ленинской партии, героизм народа и советскую действительность.

Правление Союза писателей Казахстана просит Вас отметить 80-летний юбилей Абдигали Сариева в Джамбулском районе.

**Секретарь правления Союза писателей казахстана
Ш.Муртазаев**



03.05.2000 ж.

**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Қасымжомарт Тоқаевқа**

ХАТ

Ең алдымен маған өз кітабыңызды сыйлағаныңыз үшін шын көңілден рахмет айтамын. (Қасымжомарт Тоқаев. «Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации» АО «Сак» Алматы, 2000 г.)

Мен өзімнің бір пенделігімді, бәлкім кемшілігімді жасырмайын: бас қатыратын ғылыми стильді, шетелдік терминдерге толы саяси кітаптарды оқуға зауқым соға бермейді.

Бірақ Сіздің көлемді кітабыңызды бас көтермей оқыдым. Өйткені оның шыншылдығы, дипломатиялық қитұрқысыз, ашық, адал жазылғандығы мені баурап алды. Бұл қым-қуыт, қым-қиғаш дүниеде көп нәрсеге түсініксіздік жүретінім бар еді. Бұл кітаптан көп деректер, көп түсініктер, көп цифрлар таптым. Дипломат болу да үлкен өнер.

Сіздің жазуыңыз бойынша, мына бізді, жер бетіндегі тірі адамдарды алдымызда зор-зор проблемалар күтіп тұр екен. Күнбе-күнгі күйбіңмен біз ондай мәселелерге онша мән бере бермейміз.

Адам баласы алдағы күннен бір жақсылық күтумен өмір сүреді. Тағдыр екен, ХХІ ғасырдың табалдырығына кез келдік. Келер дәуір бізге ақ түйенің қарыны жарылып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтындай, ақжарылқап заман болардай көрінеді. Арман ғой. Адам арманы таусылғанда өмірі де таусылады.

Сөйтсек, болашақта жер бетінде адам саны көбейе түседі екен. Жылма-жыл геометриялық прогрессиямен өсетін Қытай мен Индияны айтсақ та жеткілікті.

Болашақта Жер-Анамыз адамдарды асырай ала ма?

Жер жарықтықтың үстін жарақаттап, астын үңгіп жатырмыз... Қазба байлықтың да шегі бар көрінеді. Сіз өз кітабыңызда осыны ескертесіз. Бұл имандылық.

Ал, Қазақстанға Алланың берген бір рисалаты - жер астындағы байлық қой. Бұл жағынан Жаратушы Құдыретке өкпе-наз айта алмаймыз. Сол мол байлықты қалай пайдаланып, қалай халық игілігіне айналдырып жатырмыз?

Бұл енді қиын сұрақ. Мысалы, мұнайдан қанша пайда түседі? Одан түскен қаржы халықтың қай қажетін өтеп жатыр? Жезқазғанның мысын корейлер аямай қазып, тіпті шахталардағы тіреуішіне дейін қағып алуда. Болашаққа деп сақталған тың кенішке де ауыз салатын сыңайлы көрінеді. Төлейтін салығынан басқа, біздің қазынамызға сол мол байлықтан не түседі?

Халық осыны білгісі келеді. Бұл салада құпиялық болмауға тиіс. Ашық әңгіме, шыншыл ақпар үкіметтің өзіне пайда. Жүзі жарқын болады.

Көпшіліктің ұғымында, қай салада болмасын, мыс болсын, мұнай болсын, темір болсын, көмір болсын серіктестер үлесі 50 де 50 пайыз болғаны әділеттік. Әйтпесе, құр жеңіл-желпі салықпен құтылып кете берсе, бұл өзі орыс ертегіндегі Шаруа пен Аюдың ортақтастығы сияқты біржақты пайдаға айналып кетеді.

Есіңізде ме, Шаруа мен Аю ортақтасып бидай егеді. Шаруа Аюға бидайдың масағын аласың ба, сабағын аласың ба? – дейді. Аю: - Сабағын дейді. Сабағы ұзын ғой. Алданды.

Келесі жылы картоп егеді. Шаруа Аюға: Жапырағын аласың ба, түйнегін аласың ба? – дейді. Аю жапырағын аламын, дейді: тағы алданды.

Сіз үкімет басына келгенге дейін, яғни, әсіресе, Терещенко, Қажегелдин үкіметтерінің тұсында көп кен орындары, стратегиялық мәні зор зауыттар, басқалай бағалы объектілер шетелдіктерге, басқалай байсымақтарға бес теңгелік мүлік бес тиынға сатылып

кетті. Арасындағы төрт теңге тоқсан бес тиынды қайдан іздейміз? Кәзір шетелдерге ағылып кетіп жатқан мұнай, мыс, темір, көмір т.б. тым құрыса асалған, алданған бағаның құнын өтей ала ма? Адал сауда болса, адамдар жалақы, зейнетақы, жәрдемақы деп зар жылар ма еді...

Құрметті Қасымжомарт мырза, Сізді айнала табиғаттың азып-тозып бара жатқаны толғантады. Үкімет басшысының мұны ойланып, уайымдауы жақсылықтың нышаны.

Қоғамды былай қойғанда, жеке адам өз басының ғана емес, бала-шағасының, ұрпағының қамын ойлайды. «Түстік өмірің болса, кештік мал жина», - дейді. Ал, Қоғам не ойлау керек? Ол да жеке адам сияқты болашағын ойламай ма? Келешек ұрпаққа біз не қалдырамыз? Біздің ата-бабаларымыз, мысалы, бізге ұлан-байтақ жер қалдырды. Жан беріп, қан төгіп, жаудан қорғап қалдырды. Ал, сол жерді олар жаралаған жоқ, аялады. Анасындай көрді.

Біздің ұрпақ Анасының көйлегін дал-далын шығарып, жыртты. Абыройын ашып, арын төкті. Адам психологиясы кісі шошынарлық. Таяуда ғана парламентте Хан-Тәңірі шыңының ұшынан үш мемлекет Қазақстан, Қытай, Қырғызстан шекара сызығын белгілеу үшін кәдімгідей талас, айтыс болды. Сол Хан-Тәңірі шыңын мен де көргенмін. Қытай жағы қалың жыныс орман. Ал дәл сондай біздің жақ таздың басындай таптақыр. Орманын тонаған.

Ел аралап, машинамен жүріп көрсеңіз, жол бойы күні кеше жайнап тұрған ағаштар бүгін жайрап жатыр.

Сіздің кітабыңызда Арал азабы, проблемасы көп айтылды. Иә, ол көз алдымызда тартылды ғой. Өз қолымызбен құртып алып, енді қайтіп қалпына келтіреміз деп, анаған да, мынаған да алақан жайып, абырой төгеміз. Біріншіден, түркімендер Әмударияны бұрып алып, құр босқа құмның астын борсытып жатыр. Екіншіден, өзбектер Сырдарияны тоқсан тоғыз жерден буып алып, қылқындырып отыр. Оу, бұған халықаралық төрелік сот

болмай ма екен?!

Үшіншіден, Байқоңыр космодромы Сыр бойындағы Қазалы, Қармақшы аудандарының жерасты суларын сорып алып, мыңғырған мал жайылған Қызылқұмды құрғатты. Байқоңырда әрбір ракетаны ұшыруға кішігірім бір көлдің суы бұға айналуы керек. Әрбір ракета ұшқан сайын ауа, атмосфера өртеніп, құрғап, ауа да шөлдейді. Сөйтіп айнала жердегі ылғалдың бәрін тартып алады. Бұл тонау үшін ақы төлене ме?

Ал біз Арал тартылып қалды деп сықсыңдаймыз. Бәрін қолдан жасап отырмыз.

Баяғыда өтіп кеткен ата-баба даңқының шуағына шомылып, күмпілдеп мақтанамыз. Ата-баба өз парызын адал атқарып кетті. Біз, кәзір тірі жүрген пенделер солардың аспан тіреген даңқына татимыз ба? Келер ұрпақ біздің тіршілігімізбен мақтана ала ма? Әлде бізді қарғай ма? Осыны кім ойлайды?

Қасымжомарт мырза, Сіз бұл кітапта Экономика деген күдіретті ерекше айтасыз. Кәзіргі заманда экономика – идеологияға, саясатқа айналды, дейсіз. Экономика бәрін шешеді екен.

Ол рас. Бұл ала-құла дүниеде байлықтан басы айналып, итіне дейін алтыннан тіс салдырғандар бар. Амалсыз күнкөріс қамымен жап-жас қызын жүз долларға сатқан да бар.

Бір байқағанымды айтайын. Балконға бір уыс тары шашып тастадым. Әуелі бір шымшық келіп көрді де, шырылдап басқаларын шақыра бастады. Жыпырлап, құнжыңдасып, ұйымдасып жемді жеді.

Ал, адамдар ше?

Өзіңіз айтқандай, ат төбеліндей байлар бар жер беті ыңыршағы айналған кедей-кепшіктерге толы, әсіресе, аштықтан бала-шаға өлімі көп.

Жай жазушының арманы ғой: әлемде адамгершілік, қайырымдылық, мейірімділік салтанат құрса, шіркін...

Экономика Қазақстанда қалай? Қазақстан бай. Экономикалық қор жеткілікті. Кешіріңіз, бірақ соның сіз

айтқан «идеологиясы мен саясаты», яғни ұйытқысы жетіспейді-ау деймін. Мәйегі нашар болса экономика іріп кетеді. Амал не, алғашқыда ірітіп алдық.

Сіз өз кітабыңызда әлем саясатын, оған Қазақстан қатынасын қаз-қалпында, соқыр адамға таяқ ұстатқандай түсінікті жазасыз. Біздің экономиканың өзегіне жұлын құрт түсті. Қатты ағаштың өзін жұмсақ құрт құлатады. Оның аты – коррупция. Жемқорлық, ұрлық-қарлық, парақорлық. Жалғыз Президенттің жарлық шығаруымен бұл дерттен жазылмадық. Ұйымдасқан коррупцияны ұйымдаса күреспесе ешкім жеңе алмайды. Ол үшін Президенттің көмекшілері, министрлері, әкімдері, уәзірлері Президентке пәруана берілген, жүрегі ақ, алақаны таза болуы керек. Сондай адалдар аз ба деп қорқамын. Бұл – бір. Екіншіден, әркім өзінің ұңғыл-шұңғылын барынша меңгерген білімпаз, болжампаз аса сауатты адам болуы керек. Айталық, аз ғана жылдың ішінде ауылшаруашылығы министрі болып әлденеше адам ауысты. Арпаны бидайдан, саулықты қошқардан ажырата алмайтындар да бар арасында. Тіпті, «тренировка» мен «репетицияны» айыра білмейтін бір азамат Мәдениет министрлігін басқарды.

Сізге дейінгі бір Премьер-Министр реформаны желеу етіп, аузы-мұрнынан аққанша байып алып, шетелге қашып кетті. Ал, оның алдындағы кешірілмес қылмысын көре тұра, біле тұра Бас прокурор оны көпе-көрнеу босатып жіберді. Енді ол алыста тұрып алып, өз туған еліне, халқына, мемлекетіне тас лақтырғанын қоймайды. «Аяғы жаман төрді былғайды, Аузы жаман елді былғайды». Қажыгелдин солай болып тұр. Адал болса, ақ болса халықтың алдына келіп неге айтпайды бар шындықты? Жалдамалы газеттерін қаржыландырып, өз Отанына жала жапқаннан жағы талмайды. Жалдамалы газеттер шығаратындай қаржыны қайдан тапты? Бас прокурор осыны да білмейді ме?

Кеудеме қайғы толған соң,

Кәусар жырмен жуынам, - деп баяғыда Дулат

ақын айтқандай, осының бәрі көз алдында өтіп жатқан сұмдық болған соң ақ қағаз арқылы Сізге риясыз айтып жатқан сырым ғой. Әйтпесе Сізге қояр кінәм да, дауым да жоқ.

Осы сұрқиялық тиылмай экономика түзеле қояр ма екен. Экономика мемлекеттің дінгегі, бас тіреуі екенінде күмән жоқ. Бірақ мен айтар едім: пиғыл, ниет түзелмей экономика адасып, алжасып жүріп алады. Жеке адам ниеті арқылы мемлекет, қоғам ниеті ақ жолға түскенде ғана өз несібеміз өзімізге бұйырады. Әйтпесе, орыстар айтқандай: «Все было, да по усам потекло, и в рот не попало» деп әндете береміз. Бұл қайғылы ән.

Пиғыл түзелуі үшін Рух пен Намыс салтанаты биік тұрса игі. Рух пен Намыс. Өлермен жемқорлық, парақорлық намысы жоқтан жаралады. Ондайлар ұлт намысын, ел-жұрт намысын, тәуелсіз мемлекет намысын ойламайды. Қазақстанды коррупция жайлап кетіпті деген жақсы атақ па? Басқа елдер сонда бізге не деп қарайды? Мұның сыртқы саясат ісіне әбден қатысы бар.

Коррупция кімде жоқ, басқа елдерде де табылады деп уәж айтуға болады. Бір байыса Нигерия баюы керек еді. Мұнайы көп. Бірақ тырыли кедей. Неге? Коррупция – коррозияға айналды. Бүкіл елді ірітіп жіберді. Ал, енді бірақ басқа елдерде, демократиясы әлденген елдерде коррупциямен күрес басқаша. Ол күрес адамның бет-жүзіне, лауазымына қарамайды. Олар Заңға жүгінеді. Заң алдында, Конституция алдында хан да қара да бірдей. Ал, бізде Заңды ең алдымен сол Заңды күзетушілер бұзып жатыр ғой Құдай қарғанғанда. Өзі тудырған Заңды Парламент те қорғай алмайды. Парламентке ондай құқық берілмеген. Біздің Заң инкубатордың балапаны сияқты. Ата-анасынан айырылып қалған. Қорғансыз.

Құрметті Премьер-Министр, Сіз өз кітабыңызда Қазақстанда қырық жыл бойына өткен ядролық сынақтар қасіретін шыншылдықпен, өте бір өкінішпен, өз жеріңізге, өз еліңізге деген нағыз перзенттік жанашырлықпен жазасыз. Қырық жыл ішінде 459 сынақ

өткізіліпті. Оның 113-і атмосферада жарылыпты. Жарты миллион адам уланыпты. Қалғаны жер астында.

Жерастындағы жарылыс қауіпсіз деген желеу бар. Бәрі бекер. Мен бұл саланың білгір маманы болмасам да, жай түйсігім айтады: диюды құмыраға қанша мықтап байлап қойсаң да ол әйтеуір бір шығады. Адамның денесіндегі көзге көрінбес капилляр сияқты, Жердің де ауа жұтар тесігі бар. Сол арқылы шықпай ма екен дию уы. Ол жер көктемей ме екен. Оны мал жемей ме екен. Малдың етін адам жемей ме екен, сүтін ішпей ме екен. Жерасты суы болады. У суға сіңбей ме екен. Ол су жер бетіне шығады. Оны адам, мал, жан-жануар ішпей ме екен.

Сондықтан жерасты жарылысы зиянсыз деген далбаса сөз. Бұл ұзақ жылдарға созылатын зұлмат.

Қош. Полигон жабылды. Президент Нұрсұлтан Назарбаев, қоғам қайраткерлері Олжас Омарұлы, т.б. азаматтар адамзат ұмытпас орасан жақсылық жасады. Бұл істе табандылық танытты. Біріге, жұмыла жұмыс істесек, алынбайтын қамал жоқ екенін дәлелдеді.

Ал, енді кәзір Парламенттің портфелінде үкімет ұсынған тұтас бір пакет заң жобалары жатыр. Талқылап, қабылдауға, заңдастыруға ұсынылған жобалар. Ол жобалар бойынша, Ресей өтінішімен Қазақстан Сары-Шаған полигонын қайта ашуы керек екен. № 1 Орталық полигон деген ашылуы керек екен. № 929 ұшу-сынақ орталығы, Ембі полигоны жандануы керек екен. Осының бәрін Парламент Заңға айналдыруы керек екен.

Бұл қалай?

Сонда бұл тәуелсіз мемлекет ішіндегі мемлекет емес пе? Мемлекет ішіндегі мемлекет екені рас болса, оның әскері, қару-жарағы, тіпті белгілі дәрежеде халқы болады. Мысалы, Байқоңыр солай ғой. Байқоңырдан ұшқан диюлардың екеуі көз алдымызда Қазақстан жеріне құлады. Одан бұрын қаншауы құлағаны бізге құпия.

Таяуда мен Атырауда жүргенде, сол арадан жақын жерге Ресейдің тағы бір ракетасы құлады. Ол жөнінде

біздің Сыртқы істер министрлігі әлі ләм деген жоқ.

Сонда бұл қай Атымтай жомарттық екеніне мен пенденің түсінігім жетпеді. Соны Сізден сұрайын деп едім.

Енді Байқоңырдың үстіне Сары-Шаған, Ембі, тағы басқалары заңдастырылмақ. Сары-Арқа, Бетпақ-Дала өңірлері бұған дейін де сынақ полигондары болып келгені белгілі. Тәуелсіздіктен кейін сәл-пәл тыныстаған сияқты көрінген. Енді қайта басталмақ.

Менің білгім келетіні: осы өңірлерде бұрын жылдар бойы жүргізіліп келген сынақтардың нәтижесі Қазақстан үшін қандай болды? Пайдасы не, зияны қанша?

Ал, менің жабайы түсінігім бойынша, Бетпақты мекендеген мыңдаған ақбөкендер, басқа тіршілік иелері түгелге жуық қырылды. Арқада мың-мыңдап, табын-табын болып жосылып жататын киіктер қайда көзір? Оларға басқа жақтан індет келген жоқ. Келсе Ресей ракеталарынан келді. Сонан соң Қытай ақшасына жалданған қарақшылардың мылтығынан қырылды. Киіктің мүйізіне бола еркек кіндігі қалмады. Сол себепті биыл көктемде киік балалаған жоқ деген сөз тарады. Анық-қанығын үкімет, оның арнайы мекемелері білетін шығар.

Табиғатта бір-бірінен оқшау тұрған ештеңе жоқ. Бәрі бір-бірімен кіндіктес. Киіктер қырылғанда адам да сау қала қоймас.

Тоқ етерін айтқанда, осы Ресей полигондары тұрғанда Қазақстан Дамокл қанжарының астында қалады. «Мәңгі достық» туралы келісім-шарт, түрлі ант-су ішісу – бәрі жақсы. Лайым да достығымыз баянды болсын. Бірақ көпе-көрнеу зиянды көрмеу – тәуелсіз мемлекеттің көзін ақ шел қаптағаны.

Құрметті Премьер-Министр мырза, Сіз бұл бағалы кітабыңызда жеке-дара мемлекет өзінше томаға-тұйық өмір сүре алмайды дейсіз. Тіпті байлықтан асып-тасып отырған Америка Құрама Штаттарының өзі де дейсіз.

Өте орынды сөз. Әсіресе Қазақстан сияқты енді-енді

егемен болған жас мемлекет өзгелерден өзегін үзіп тастап күн көруі қиын-ақ. Бұл дәлелді қажет етпейтін ақиқат.

«Шекаранды таспен қоршама, доспен қорша», - депті дана бабаларымыз. Қайда кәзір сондай дос? Дос қана емес, туысқан деп жүрген, «өз ағам» деп жүрген көршіміздің өзі біздің жерімізге көз алартады. Тышқаншылап, біздің жерімізге қарай жорғалап, шегара деп қада қағады. Бұл әрекет майда-шүйде көрінер. Үлкен өрт иненің жасуындай шоқтан басталады. Сарыағашқа қарай жылжи-жылжи қада қаққан өзекеңдерді де түсінуге болады. Олар үшін тоқымдай жер қажет. Халқы жылдан-жылға көбейіп барады. Ол жақтағы келіндеріміз біз жақтағы келіндердей емес, құдай берген баланы көп көрмейді. Халқын көбейту бұл – мемлекеттің ең басты ұлттық саясаты. Ал, бізде демографияға мән беріп жатқан Үкіметті де, Парламентті де бақамадық. Сонда болашақта кең байтақ абадан қазақ жеріне кім ие болмақ? Кім қорғамақ?

Өзекеңдердің бай жеріңнен бізге бермедің деп өкпелейтін жөні жоқ. Таупихқа келсе, қазақтар өзбектерге жер беруден кенде емес. Бостандық қайда? Жиделі-Байсын, Мырзашөл қайда? Бізден гөрі мұсылманшыл қауым ынсап дегенді жақсы білсе керек. Тәуба-тәуба десе керек.

Біз газдан қысып, жолдан қысып, барыс-келіске тоқсан тоғыз тосқауыл қойып, қысастық жасайтын жөні де жоқ. Егер Қазақстан әуе жолы, автомобиль жолы, темір жолы болмаса, өзекеңдер қайда шыға алады? Ағайындылар келте ойламау керек қой. Екі жолбарыс төбелесіп жатса, маймыл ағаш басына шығып алып, ұятты жерін шапаттап, секіре-секіре күліп отыратын көрінеді. Соның кері келмесін.

Асылында, ағайындар, тағдыр солай орналастырған соң, тату-тәтті тұрғаны абзал да. Ежелден туысқан елдер тұтас болса, қорқақ қояндай, қит еткеннен үркектемес едік. Тіпті ұлылардың өзі де жорғасынан жаңылады екен. Баяғыда Ақсақ Темір Найзағай Баязитті тұтқындап,

қорлап өлтіріп; Алтын Орданы шауып, Тоқтамысты қиратпағанда, кәзіргі Орталық Азияның картасын әлемнің қақ ортасында әлеуетті болып тұрар ма еді, кім біледі.

Өткеннен сабақ алып, Орталық Азия мемлекеттері ынтымағы жарасса, жан-жақтан жау түртпектей қоймас еді. Тәуелсіздік алған Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары о басында осындай ынтымаққа анттасып-ақ еді, енді араз-құраздық аңғарылады. Сөйте-сөйте жат болып, даудан жауға айналудың алдын алу керек.

Өзбекстанда бір миллионнан астам қазақтар тұрады. Ол жаққа олар бір жақтан ауып бара жатқан жоқ, ежелгі ата-баба қоныстарында отыр. Оларды «өзбектендіріп», қысым жасаудың қисыны жоқ. Қазақстанда өзбектер де тұрады. Оларды «қазақтандыруға» талпынған бір адам жоқ. Адамгершілік, ағайынгершілік екі жақтан бірдей болғаны әділет.

Ендеше, «елдестірмек елшіден», Қазақстан сыртқы саясаты бұл мәселенің түйінін жібек жіптің түйінін тартқандай шешуге қабілетті болуы керек.

Құрметті Қасымжомарт мырза, Сіз осы кітапта Қазақстанның дүниежүзі мемлекеттерімен қарым-қатынас ахуалын тайға таңба басқандай жазасыз. Бұл бай мағлұмат.

Солардың ішінде Қытаймен көрші отырудың орны бөлек. Бұл ұлы мемлекетпен риясыз тату болу – үлкен сый. Оны мойындамау жеңілтектік. Сіздің жазуыңыз бойынша, Қытай сонау Ақтөбеден, Өзеннен шығысқа қарай өз еліне дейін 2,5 мың километр мұнай-газ құбырын тартады екен. Бұл үшін 9,5 млрд. доллар қаржы шығады, дейсіз. Қытай осыншама ұзақ жолға, қыруар шығынға неге бел байлайды? Экономикалық тұрғыдан жай көзбен қарағанда да тиімсіз сияқты. Сонда Қытай бұл қиын жолға неге күштар болды? Бұл жұмысқа өз адамдарын қаптатып жіберсе қайтеміз? Келісім-шартта осы жағдай ескерілген бе?

Көршіге сенген жақсы. Бірақ бір көршіге бір көршінің тауығы қаздай, кемпірі қыздай көрінер... Осыған

қалай қарайсыз?

Мен дипломатиядан алыс адаммын. Бірақ өз елімнің отансүйер бір перзенті ретінде осының бәрін егжей-тегжейлі түсінгім келеді. Мұны айып көрмеңіз. – Білгеніңді білмегенге қасақана айтпау – күнә, - дейді Мұхеммед Пайғамбар хадисі.

Кітапта Сіз келтіргендей, кезінде Дэн Сяопин есімді дана шал: «Қытайлық қытайлықты жәбірлемеу керек», - депті. Осы қағидаға жүгінсек, қазақ қазақты, қазақстандық қазақстандықты жәбірлемеу керек қой. Ал, кәзір бізде жәбір көріп жүрген жұмыссыздар көп. Әлгі күннің батысынан күннің шығысына дейін созылатын құбырды осы қазақстандық жұмыссыздар-ақ салар еді ғой. Сонда үкіметке де, министр Радостовецке де жеңіл болар еді. Өз сөзіңізбен айтсам, әлемде озық елдер қол жеткізген табыстар пәрменді, күшті үкіметтер арқасында келіпті. Сіз басқарып отырған біздің кәзіргі үкіметтің сондай болуын тілеймін.

Құрметті Премьер-Министр, бұл кітаптан түйгенім: Сіз мемлекеттік қайраткер ретінде экономиканы да, саясатты да жете меңгерген адамсыз. Қазақстан сияқты бай елдің алтын сандық үстінде отырып, кедей болғанына қынжыласыз. Тек шикізат сатып күн көргенімізге күйінесіз. Мысалы, астықты, етті, майды, сүтті, көптеген өндірістік тауарларды шеттен сатып алардай не күн туды басымызға?! Керісінше солардың бәрін келістіре өзіміз өндіріп, шетке неге сатпаймыз? Мұнай бізді қашанғы асырайды, егер асырап жатқаны рас болса...

Кешіріңіз, мұның бәрін көзін тауып, Отанға пәруана беріле, ақылмен, керек болса, айламен үйлестіретін көмекшілер Сізде аз. Сіз, бәлкім, кешегі Қажыгелдиннің мүдделестерімен амалсыз жұмыс істеуге мәжбүрсіз. Олардың арасында жемқорлар, парақорлар жүрсе – екі есе қорлық. Әйтпесе, Ақтөбедегі Дөң хромы неге екі есе, үш есе арзан бағамен сатылып жатыр? Арасындағы ақша кімдердің қалтасына түсіп жатыр? Бұл бір ғана мысал.

Сіздің өз басыңыздың періштедей таза екеніне

күмәнім жоқ. Айналаңызға абай болыңыз. Кезінде Трактабель дегенде бағасы зор байлықты көк тиынға сатып алған. Айырмашылықты кіммен бөліскені болашақта анықталар. Әрине, Прокуратура, ҰХК, ІІМ, Сот шыншыл болса.

Ал, әзір сол Трактабельді Сіз жеңіп шықтыңыз. Алдағы уақытта да осы бағытыңыздан таймаңыз. Премьер-Министр таңдауда осы ретте Президенттің жолы болған сияқты. Сенімін ақтаңыз.

Кітабыңыз үшін тағы да рахмет.

Сізге халықтан алтын алма, алғыс ал, қала көрме қарғысына деп тілеуші **ШЕРХАН МҰРТАЗА**



**Секретарю Джамбулского
обкома партии
т.Бибатыровой Г.А.**

Уважаемая Гайникен Айдархановна!

Писателю, члену Союза писателей СССР Иманалиеву Оспаналы исполнилось 50 лет со дня рождения. О.Иманалиев автор 10-ти поэтических и 4-х прозаических сборников. В своем творчестве писатель отражает нашу советскую действительность, создает образы наших современников, воспеваает торжество ленинских идей.

Секретариат правления Союза писателей просит Вашего содействия в проведении читательских встреч с писателем О.Иманалиевым на его родине – в Таласском районе Джамбульской области.

**Ш.Муртазаев,
Секретарь правления
Союза писателей Казахстана.**



**Первому секретарю Бостандыкского
РК Компартии Узбекистана
тов. ХАЙДУРОВУ В.А.**

Уважаемый Виктор Александрович!

Один из видных прозаиков Казахстана, член Союза писателей СССР, коммунист, участник Великой Отечественной войны, награжденный боевыми орденами и медалями, ныне покойный Рахметулла Раимкулов родился в колхозе им. Жданова Бостандыкского района Узбекской ССР.

Р.Раимкулов в своем творчестве большое внимание уделял истории установления Советской власти на его родине, судьбам ее людей, их делам, планам, героическим подвигам в Великой Отечественной войне. Книги о земляках выходили на казахском и русском языках, в частности, «Туели адам» («Человек на верблюде»), «Болаттың сынығы» («Осколок стали»), «Бұрылыстар» («Повороты»), «Жасыл белес» («Зеленый заслон») и другие. Запланировано издание некоторых книг и на узбекском языке. В 1981 году выйдет еще одна книга о земляках «Суретши».

Покойный писатель до последних дней своей жизни был тесно связан со своими земляками, гордился их делами; он Почетный гражданин своего родного колхоза.

В целях увековечения памяти Р.Раимкулова, Секретариат правления Союза писателей Казахстан просит Вас рассмотреть вопрос о присвоении имени писателя одной из школ Бостандыкского района, улице в райцентре и колхозе им. Жданова, и, если будут

возможность, оказать посильную материальную помощь семье и близким Р.Раимкулова для установления памятника на могиле покойного.

**С уважением Ш.Муртазаев
Секретарь правления
Союза писателей Казахстан**

Мазмұны

1. Алғы сөз.....	3
2. Достық дәнекері – әдебиет	7
3. Шалғайдан сәлем жолдаймын.....	48
4. Шерағаның шеруі.....	131

ҚАЗАҚТЫҢ ШЕРАҒАСЫ

(Бес томдық шығармалар жинағы)

3-том

Баспа директоры
Корректоры
Әрлеуші
Техникалық редактор

Ғани Байлыбеков
Жадыра Байсақалова
Сапаш Әлімжан
Қырықбаев Бауыржан

Шартты б.т. 11,1
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 500 дана
Тапсырыс №143

ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі,
080000, Тараз қ., Рысбек батыр көшесі, 136 үй
E-mail: tigu.kz.